

FTAMP 14.35.07

Ерментаева А.Р.¹

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия Ұлттық Университеті,
Астана қ., Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІ СУБЪЕКТ БАҒДАРЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДАУДЫҢ МӘНДІК СИПАТТАМАСЫ

Аңдатпа

Мақалада студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау анықталады. ЖОО-дағы психологиялық дайындаудың негізгі мақсаты мен нәтижелері ретінде студенттердің психологиялық даярлығын арттыру және олардың субъектілігін дамыту талданады; оның мәндік сипаттамасы қарастырылған. Студенттердің психологиялық даярлығы мен субъектілігі күрделі, ықпалдасқан, динамикалық тұлғалық құрылым ретінде сипатталған. Олардың танылу және даму процесіндегі өзара байланысы мен өзара шарттастығы көрсетілген. Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың ішкі және сыртқы педагогикалық, психологиялық фактор ретіндегі маңызды аспектілері нақтыланған. ЖОО-да студенттерді дәстүрлі психологиялық дайындау мен субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың арасындағы айырмашылықтар ажыратылып, мазмұндалған. Субъект-бағдарлы психологиялық дайындау жүйесіндегі студенттердің мотивациялық даму процесінің алгоритмі тұжырымдалған.

Түйін сөздер: психологиялық дайындау, психологиялық даярлық, студент, субъект, субъектілік.

Ерментаева А.Р.¹

¹Евразийский Национальный Университет им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Казахстан

СУЩНОСТНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА СУБЪЕКТНО-ОРИЕНТИРОВАННОЙ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ СТУДЕНТОВ

Аннотация

В статье определена субъектно-ориентированная психологическая подготовка студентов. Анализируются повышение психологической готовности и развитие субъектности как основные цели и результаты психологической подготовки студентов в высших учебных заведениях; рассматривается сущностная характеристика психологической подготовки. Психологическая готовность и субъектность студентов описываются как сложные, динамичные, интегральные, личностные образования. Показаны их взаимосвязь и взаимообусловленность в процессе реализации и развития. Конкретизированы внутренние и внешние педагогические, психологические факторы как важнейшие аспекты субъектно-ориентированной психологической подготовки студентов. Рассматриваются содержательные различия традиционной психологической подготовки и субъектно-ориентированной психологической подготовки студентов в вузе. Сформулирован алгоритм мотивационного развития студентов в системе субъектно-ориентированной психологической подготовки.

Ключевые слова: психологическая готовность, психологическая подготовка, студент, субъект, субъектность.

Yermentayeva A.R.¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan

ESSENTIAL CHARACTERISTICS OF THE SUBJECT-ORIENTED PSYCHOLOGICAL TRAINING OF STUDENTS

Annotation

The article defines the subject-oriented psychological preparation of students. The increase of psychological readiness and the development of subjectivity are analyzed as the main goals and results of psychological

preparation of students in higher educational institutions; the essential characteristic of psychological preparation is considered. Psychological readiness and subjectivity of students are described as complex, dynamic, integral, personal education. Their interrelation and interdependence in the process of realization and development are shown. The internal and external pedagogical, psychological factors as the most important aspects of subject-oriented psychological preparation of students are specified. Considerable differences in traditional psychological training and subject-oriented psychological preparation of students in the university are considered. The algorithm for developing students' motivation in the system of subject-oriented psychological preparation is formulated.

Key words: psychological readiness, psychological preparation, student, subject, subjectivity.

Жоғары мектепте кәсіби білім берудің маңызды бір құраушысы болып табылатын психологиялық дайындау студенттердің тұлға және маман ретінде дамуында аса маңызды орын алады. Әрі өткен ғасырдың басында жаппай сауатсыздықты жою міндеті тұрса, осы ғасырдың бас кезінде әлеумет үшін жаппай психологиялық мәдениетті игеру аса өзекті мәселе. Себебі қазіргі кезде кездесе беретін жастардың девиантты мінез-құлқы, енжарлығы, жауапсыздығы, ұрыншақтығы, қатігездігі көбінесе психологиялық сауатсыздықтың салдары деуге болады. Осы контексте іс-әрекеттің, қарым-қатынастың және өзіндік дамудың нәтижелі, игілікті орындалуын қамтамасыз ететін психологиялық дайындау студенттердің өзіндік әрекетіне – өзін-өзі өзгертуге, өзін-өзі дамытуға ішкі ахуалының өзекті болуына байланысты жүзеге асырылуы тиіс. Сондықтан психологиялық дайындауды студенттердің субъект ретінде танылуымен, дамуымен үйлестіру қазіргі кәсіби білім беру жүйесінде аса көкейтесті мәселе болып табылады.

Осыған орай жоғары мектеп студенттерінің субъектілік дамуындағы тірек-негіздерді, психологиялық механизмдерді, ерекшеліктерді, деңгейлерді ықпалдастыра зерттеу мен осы субъектілік дамудың психологиялық-педагогикалық ахуалын жасау қажеттігі шығады.

Психологиялық дайындаудың мақсаты студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетті, қарым-қатынасты, өзіндік даму процесін жетілдіруі үшін аса маңызды болатын күрделі құрылымды – *психологиялық даярлықты* дамыту болып табылады.

Ал, оқу-кәсіби іс-әрекетті, қарым-қатынасты, өзіндік даму процесін жетілдіру үшін қажетті психологиялық даярлық деңгейлерін студенттердің *субъектілік* ұстанымы анықтайды. Нақтыласақ, психологиялық даярлықтың дамуына студенттердің психологиялық дайындау іс-әрекетіне субъект ретіндегі қатынасы басты шарт болып табылады.

Оған қоса психологиялық жолмен оқу-кәсіби іс-әрекетті, қарым-қатынасты жетілдіру және өзіндік дамудың өзекті болуын қамтамасыз ету *біртұтас жүйе* ретінде іске асырыла алады. Мұндағы жүйеұйыстырушы құрылым студенттердің субъектілік қасиеті деп санаймыз. Алайда, көптеген зерттеулер, жоғары мектептегі іс-тәжірибе болашақ мамандардың субъект ретінде танылуының өзі мәселе екенін көрсетеді.

Сондықтан *студенттердің психологиялық даярлығын олардың субъектілік ұстанымын дамытумен байланысты қарастыру керек.*

Субъектілік студенттердің психология бойынша білім меңгеру, жалпы оқу-кәсіби іс-әрекетін, қарым-қатынасты, өзіндік даму процесін жетілдіруге қажетті психологиялық даярлықты дамытуға әлеуетті негіз болады. Біздің зерттеуде психологиялық дайындау арқылы дамитын субъектілік студенттердің өзіне және басқаларға құнды қатынасы арқылы анықталады.

Сонда арнайы ұйымдастырылатын психологиялық дайындау студенттердің психологиялық даярлығы мен субъектілігі бір-бірімен тығыз байланысты құрылымдар ретінде дамуына ахуал ретінде қарастырылады. Осыған орай өз зерттеуімізде студенттерді психологиялық дайындауды субъект-бағдарлы негізде болу керек деп, «*субъект-бағдарлы психологиялық дайындау*» терминін қолданамыз.

Әрине, субъект-бағдарлы психологиялық дайындау мақсат-бағдарлы түрде ұйымдастырылады. Сондықтан ол психологиялық және педагогикалық ғылым жетістіктеріне; студенттердің маман және тұлға ретінде дамуына қойылатын талаптарға; арқау ретінде алынған әдіснамалық қағидаларға; олардың жеке-дара және ұлттық психологиялық ерекшеліктерін ескеруге негізделі отырып іске асырылады.

Кез-келген дамыту процесі сияқты, психологиялық даяр болуды мақсат-бағдарлы түрде дамыту оның субъектілері арасындағы *өзара әрекеттестік* процесі арқылы анықталады. Тіпті өзіндік даму нәтижесі – психологиялық дайындау процесіне қатысушылардың сыйысымды ынтымақтастығының жемісі. Егер оқытушы студенттердің жағдайларын, проблемаларын дер кезінде аңғара алса, олардың сеніміне, абыройға, беделге ие болып, субъект-бағдарлы психологиялық дайындау мақсат-міндеттерінің орындалуына субъект ретінде мүдделі болса, онда өзара әрекеттестік екі жаққа да тиімді болары сөзсіз.

Сонда студенттер де *реципроктілік* құбылыс бойынша психологиялық дайындықтың қажеттілігін түсініп, осы бағытта өз тараптарынан белсенділік пен ынталылық танытулары тиіс. Осы субъект-бағдарлы психологиялық дайындау процесін ұйымдастырушы әрі бағыттаушы рөл психология пәні оқытушысының күзіреттілігіне артылады.

Субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың ерекшеліктері оны студенттерге *кәсіби білім беру процесінің толымды, нақты бір жағы, құрамдас бөлігі* ретінде қарастыруға шынайы түрде мүмкіндік береді. Әлбетте кәсіби дайындаудың жалпы процесінен оның өзгеше жақтарын – оқытуды, тәрбиелеуді, дамытуды және психологиялық дайындауды – бөліп алу шартты сипатта: олар бір-бірімен өзара тығыз байланысты, бір-бірін өзара толықтырады және өзара тәуелді болады.

Психологиялық дайындау арқасында студенттердің тұлға, маман ретінде дамуы ерекше текті – *өзіндік дамуға, өзіндік жетілуге* айналуы мүмкін болады. Л.С. Выготский мен С.Л. Рубинштейн ұстанымдары бойынша да дамудың басты детерминанты тұлғаның шығармашылық өзіндік іс-әрекеті мен дербестігі болып табылады. Осы орайда С.Л. Рубинштейн «... субъект шығармашылық өзіндік іс-әрекеті бойынша, өз істері мен актілері арқылы тек танылып қана қоймайды – ол осылар арқылы жасампаз болады және анықталады. Сондықтан әрекеттері арқылы оның қандай екендігін анықтауға болады; іс-әрекетінің бағыты арқылы оның өзін-өзі анықтауы және өзін-өзі қалыптастыруы мүмкін болады», - деп жазған-ды [1].

Субъект-бағдарлы психологиялық дайындау процесін жүзеге асыруда студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттің субъектілері болуына және оқу-кәсіби іс-әрекетте, қарым-қатынаста мәнді болатын психологиялық білімді, дағдылар мен біліктілікті жетілдіруге, өзіндік дамуға бағыт-бағдар жасалады. Сонда психологиялық дайындау процесінде оқыту ғана емес, тәрбиелік және дамытушы мәні бар технологиялар қолданылады. Ал өз кезегінде психологиялық дайындау оқыту, тәрбиелеу және дамыту процестерінің тиімділігін арттыруға ықпал етпей қоймайды.

Сонда, психологиялық дайындау студенттердің субъектілігінің негізінде және кез-келген жағдайда рухани-адамгершілік сипаттағы субъектілік таныту үшін маңызы орасан болатын күрделі де тұрақты құрылым – психологиялық даяр болу – міндеттеріне сәйкес іске асырылады.

Олай болса, субъект-бағдарлы психологиялық дайындауды студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетті, қарым-қатынасты, өзіндік даму процесін өзіне және басқаларға құнды қатынас ретіндегі субъектілікпен жетілдіруге қажетті психологиялық даярлықты қамтамасыз ету ахуалы деп түсіну керек.

Осы орайда субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың нәтижесі анықталады. Ол ерекше біртұтас құрылым – *студенттердің субъектілігі мен психологиялық даярлығы* болып табылады. Ол студенттердің психологиялық білімдері, дағдылары мен біліктіліктерінің, қабілеттерінің, рухани-адамгершілік қатынаспен анықталатын субъектілік қасиеттерінің тұтас жүйесі болады. Бұл студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетті, қарым-қатынасты, өзіндік даму процесін жетілдіруі, өзін-өзі танытуы эгоцентрлік, басқаларға зардап-залалды емес, тек рухани-адамгершілік негізде дегенді білдіреді. Тек сонда ғана тұлғаның өз қылықтарына, шешімдеріне, сөздеріне, одан соң өз тағдыр-тіршілігіне ғана емес, басқа адамдардың, мемлекеттің, бүкіл қоғам мен әлемнің тағдырына жауапкершілікпен қарауына жағдай жасалады [2].

Әдебиеттерден алынған ақпараттар іс-әрекетке, қарым-қатынасқа, өзіндік дамуға дәлме-дәл психологиялық даярлықтың болуының ең басты шарты – оның тұлға үшін мәнділігі, мақсаттылығы және осыған сәйкес өзекті болуы екенін көрсетеді.

Әрине, субъектілік пен психологиялық даярлықты дамытуға студенттер үшін мағыналық бағдар болуы қажет. Тек сонда ғана оқу-кәсіби іс-әрекет, басқа адамдармен қарым-қатынас және өзіндік даму процестерін студенттер тұрақты да нақты түрде жетілдіре алады.

Әрекеттің болжамдалған нәтижесінің бейнесі болатын мақсатқа жетуге әзірлік *мақсаттық бағдар* ретінде анықталады [3]. Мақсаттық бағдар іс-әрекеттің саналы түрде аңғарылған нәтижесінің, яғни мақсаттың орындалуын жоғары ықтималдықпен және тиімділікпен қамтамасыз ететін нақты жағдайлар мен тәсілдердің толық ашылмаған бейнесі арқылы өзекті болады. Болашақ мақсаттың бейнесі әрекеттерге жалпы бағыт береді. Сондықтан іс-әрекеттің көптеген сипаттамалары мақсаттық әзірліктен тәуелді болады. Осыған орай А.Г. Асмолов мақсаттық әзірліктің мағыналық пен операциялық бағдарларды ықпалдастыратын рөлін көрсетеді [3]. Шынында да студенттердің нәтиже бейнесін мақсат түрінде аңғара алуы іс-әрекет мағынасын мәнді немесе мәнсіз етеді. Осыған байланысты операциялық бағдар да өзгереді. Демек, студенттердің субъектілік пен психологиялық даярлық тұрғысынан дамуға, жетілуге деген мақсаттық бағдарлануы олардың осы психологиялық дайындау іс-әрекетіне, тіпті, жалпы оқу-кәсіби іс-әрекетке, қарым-қатынас саласына, өзіндік дамуына қатынасын өзгертеді, оларды жүзеге асыру мен жетілдіру әдіс-тәсілдерін, құралдарын белсенді іздестіруге түрткі болады. Олай болса, мақсаттық

бағдар деңгейі ғана студенттердің психологиялық дайындауға қатысты іс-әрекеттерінің бағытын анықтап, субъектілік пен психологиялық даярлықты қамтамасыз етеді, жетілдіреді.

Сонымен қатар, субъектілік пен психологиялық даярлықтың мақсатқа сай пайда болуы, дамуы үшін А.Г. Асмолов атап көрсеткендей *операциялық бағдар* өзекті болады. Оның анықтауы бойынша, операциялық бағдар – жағдайдың ерекшеліктерін және осыған ұқсас жағдайлардағы мінез-құлық тәжірибесін ескеру арқылы мәселені шешу кезінде әрекеттің белгілі бір тәсілін орындауға қатысты пайда болады [3, 84 б.]. Мұнда операциялық бағдар іс-әрекетті нақты жағдайға байланысты саналы түрде бақылаумен, реттеумен, жетілдірумен шартты болады. Олай болса, операциялық бағдар студенттердің субъектілік пен психологиялық даярлықты жетілдіру бағытындағы іс-әрекетінің нақты жүзеге асырылуы мен одан әрі жетілуін қамтамасыз етеді.

Сонымен, субъектілік пен психологиялық даярлықты мағыналық, мақсаттық және операциялық бағдарлар деңгейінде қарастыру студенттерді психологиялық дайындау іс-әрекетін тиімді етеді. Бұл көзқарас *іс-әрекет құрылымы* [4; 5], *функциональді жүйе* [6], іс-әрекетті жүзеге асыру *алдындағы* және *барысындағы мүмкіндік* ретіндегі психикалық жағдай [7] туралы түсініктерге сәйкес келеді.

Осыған орай субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекеті және оның жеке аспектілері *тұлғалық мағынаға* ие болады. Теориялық-әдіснамалық негіздемеге тірктеле отырып, субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекетіне деген студенттерде *мотивтердің саналы аңғарылуы* мен оның *құрылымының қалыптасу* қисынын алгоритмдік қадаммен көрсетелік: 1) студенттер субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекетіне қамтылады; 2) субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекетіне қатысты студенттердің мотиві пайда болады; 3) студенттер үшін субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекеті тұлғалық мағынаға ие болады; 4) субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекеті жетіледі; 5) субъект-бағдарлы психологиялық дайындау іс-әрекетінің сапалы және нәтижелі болуына қажеттілік артады; 6) қажеттіліктердің қанағаттандырылуы үшін студенттер субъектілік танытады; 7) студенттер субъектілік пен психологиялық даярлықты дамытуға мүдделі болады.

Субъект-бағдарлы психологиялық дайындау барысында жеке студенттердің *мотивтерінің ықпалдасуы*, олардың өзара «қосылуы», «қабаттасуы», *сәйкес келуі* маңызды болады. Ол студенттердің психологиялық дайындау іс-әрекетінде ұжым, топ болып белсенділік, қызығушылық танытуын көрсетеді. Соның нәтижесінде *бірыңғай мағыналық өріске* себеп болатын тұлғалық мағыналар басты мақсаттың жалпыға бірдей жүзеге асуына мүмкіндік жасайды.

Мағыналық бағдар тұжырымдамасы бойынша іс-әрекетке әзірлік деңгейлерінің мазмұндары мен функциялары *саралық сипатқа* ие. Салыстырмалы түрде қарастырғанда әрбір деңгейге *дербестік* тән болады. Мәселен, студенттің психологиялық білімді меңгеруге деген мотивтері әлдеқайда дамыған болса да, ол білімге қойылатын талаптарды, өзінің қабілетін, мүмкіндіктерін дұрыс бағаламауы мүмкін. Демек, мағыналық бағдар операциялық бағдармен аутентті болмай қалуы да ықтимал. Сондай-ақ, студенттің мотивациялық сферасының дамуы бойынша мағыналық әзірлігі жетілсе де, оның психологиялық дайындау іс-әрекет мақсатын айқын аңғара алмауы, түсінбеуі де орын алады. Сонда, аталмыш деңгейлер өзара үйлесімді жетілмесе, оның салдарынан студенттердің психологиялық даярлықты тиімді жүзеге асыруы мен дамуын қамтамасыз етуі аса күрделі мәселе болады. Бұл студенттердің әлеуетті мүмкіндіктерінің мотивациялық, мақсаттық және операциялық деңгей талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге бағытталатын субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың көкейтестігін көрсетеді.

Субъектілік пен психологиялық даярлық – *орнықты, тұрақты және динамикалық құрылым*. Оның негізінде қажет сәтте студенттердің әрекет етуге әрқашан әзір тұру күйі – психологиялық жолмен өзін-өзі жұмылдыру, өзін-өзі реттеу, өзіне-өзі бағдар беру пайда болады. Бұл үшін студенттердің іс-әрекетті, қарым-қатынасты, өзіндік даму процесін жетілдіруге деген түрткі, ниеті болуы; қойылған міндеттің шарты мен оны шешу тәсілдерін саналы аңғаруы; міндетті орындап шығатынына өзі сенімді болуы және өзін-өзі таныта алуы керек.

Жоғары оқу орындарындағы студенттерді дәстүрлі психологиялық дайындаудан субъект-бағдарлы психологиялық дайындауға өту кәсіби дайындауға қатысты ғылыми зерттеу мен тәжірибе үшін бірқатар маңызды жағдайларды айқындайды:

-субъект-бағдарлы психологиялық дайындау психикалық жәйттерді, механизмдер мен заңдылықтарды абстрактілі құбылыс ретінде меңгеру емес, оларды нақты студенттің оқу-кәсіби іс-әрекетін, қарым-қатынасын жетілдіруіне, тұлға, маман ретінде өзіндік дамуына ғылыми негіз болып табылатын «жанды» білім беруге оңтайлы жағдай жасайды;

-субъект-бағдарлы психологиялық дайындау мазмұны психология пәні бойынша ғылыми білімдерді, шынайы өмірлік және кәсіби мәнді психологиялық проблемалық жағдаяттарды қамтиды;

-субъект-бағдарлы психологиялық дайындау құралдары, тәсілдері мен жағдайлары студенттердің субъектілік пен психологиялық даярлық тұрғысынан өзін-өзі тануын, өзін-өзі реттеуін, өзін-өзі дамытуын өзекті етеді;

-субъект-бағдарлы психологиялық дайындау студенттердің субъектілік негізде іс-әрекетті, қарым-қатынасты жетілдіруге және өзіндік даму процесін өзекті етуге қажетті психологиялық даярлықты дамытуын басты мақсат ретінде қояды;

-субъект-бағдарлы психологиялық дайындау студенттердің психологиялық жолмен іс-әрекетті, қарым-қатынасты жетілдіруге, тұлға, маман ретінде өзіндік дамуға мүмкіндік беретін субъектілікті дамытуға ахуал болады;

-субъект-бағдарлы психологиялық дайындау студенттердің іс-әрекетін, қарым-қатынасын жетілдіруі, тұлға, маман ретінде өзіндік дамуы олардың бойындағы жеке бір қасиеттің арқасында емес, психологиялық түрлі қасиеттердің жүйе түріндегі тығыз байланысы ғана мүмкіндік беретінін және субъектілік пен психологиялық даярлықты осы орайдағы жүйе ұйыстырушы ретінде негізге алады;

-субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың нәтижесі – студенттердің субъектілігі мен психологиялық даярлығы жүйе ұйыстырушы, көпөлшемді, көпдеңгейлі, әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан біртұтас дамытын күрделі құрылым ретінде анықталады;

-субъект-бағдарлы психологиялық дайындау психологияның өз ішіндегі материалдар арасындағы өзара байланысты, психология салаларының өзара байланысын және жалпы пәнаралық байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды.

Олай болса, ЖОО-да ұйымдастырылып, жүзеге асырылатын субъект-бағдарлы психологиялық дайындау сыртқы және ішкі әсер ретінде қарастырылады. Ішкі, яғни, *психологиялық әсер* студенттердің психологиялық даярлығы мен субъектілігінің өзара шарттастықта даму бағытын, барысын, мазмұнын айқындап, көрсетеді. Ал, сыртқы фактор, яғни *педагогикалық әсер* ретінде субъект-бағдарлы психологиялық дайындау жүйесіндегі әдіс-тәсілдер, құралдар мен формалар болады. Бұл педагогикалық фактор студенттердің психологиялық даярлығы мен субъектілігінің дамуындағы ұйымдастырушылық, әдістемелік, ақпараттық шарттармен анықталады.

Сонымен, біздің зерттеулерде жоғары мектептегі психологиялық дайындаудың субъектілік тұрғысы студенттерді психологиялық дайындау парадигмасын мәселеге орай іс-әрекет, қарым-қатынас аясындағы зерттеулермен және субъект психологиясымен ықпалдастыру арқылы жасалды [8-10]. Мұндағы студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау қарапайым қосынды емес, бұл зерттеу мақсат-міндеттеріне, қисынына қатысты үйлесіммен ұйысқан тұтастық болып табылады. Аталмыш салалардағы жетістіктерге арқалана отырып субъект-бағдарлы психологиялық дайындау студенттерге психология бойынша білім беру теориясы мен тәжірибесіне қатысты жаңа, тың мәселеге – субъектілік пен психологиялық даярлықты жүйелі дамытуға екпін қояды. Жоғары мектепте студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау нәтижесінің құрылым бөлшектері болатын психологиялық даярлық пен субъектілік арасындағы өзара тәуелділік, шарттастық орын алады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии – СПб.: Питер.Ком. – 1999. – 720 с.
- 2.Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя. – М., 1998. – 200 с.
- 3.Асмолов А.Г. Психология личности. – М.: МГУ. – 1990. – 367 с.
- 4.Леонтьев А.Н. Проблемы деятельности в психологии // Вопросы философии. – 1972 - №9 - С.95-109.
- 5.Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат. – 1975. – 304 с.
- 6.Анохин П.К. Узловые вопросы теории функциональной системы. – М.: Наука, 1980.
- 7.Забродин Ю.М. Методологические проблемы исследования и моделирования функциональных состояний человека-оператора // Вопросы кибернетики. Психические состояния и эффективность деятельности. – М., 1983.
- 8.Самарин Ю.А. Психология студенческого возраста и становление специалиста // Вестник высшей школы. – 1969. – №8. – С.16-21.
- 9.Ерментаева А.Р. Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау: методология, теория, практика. – Алматы, 2008. – 410 б.
- 10.Ерментаева А.Р. Субъектілікті дамыту психологиясы. - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2010.-218 б.
- 11.Ерментаева А.Р. Психологиялық даярлықты жетілдіру. - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012.-190 б.

Ерментаева А.Р.¹

¹Л.Н. Гумилев ат. Еуразия Ұлттық Университеті,
Астана қ., Қазақстан

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КОНСУЛЬТАЦИЯНЫҢ ДАМУЫНА РЕТРОСПЕКТИВТІ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада психология салаларының даму тарихын зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығы қарастырылған. Психология теориялары мен тәжірибесінің осы шақтағы жетістіктері мен келер шақтағы даму бағытының өткен шақтағы психологиялық жайттарға, психологиялық заңдар мен заңдылықтарға, психологиялық механизмдерге негізделуі, байланысы, тәуелділігі және сабақтастығы айқындалған.

Психологиялық консультацияның ғылыми-тәжірибелік даму тарихын ескермеуге байланысты мәселелер нақтыланған. Психологиялық консультацияның ғылыми сала ретінде нақты пайда болғаннан бастап, осы жүзжылдыққа дейінгі кезеңдегі генезисіне ретроспективті талдау жасалған. Ретроспективті талдау аясында психологиялық консультацияның категориялары, теориялары, тәжірибесі бойынша әртүрлі ғылыми жетістіктер, бағыттар келтірілген. Психологиялық консультацияның дамуын талдау мазмұнына маңызды ғылыми және тәжірибелік үлес қосқан танымал және ұмытылып қалған психолог-теоретиктер мен психолог-консультанттар қамтылған. Психологиялық консультацияға қатысты алғаш жарияланған кітап пен басылым көрген арнайы журнал, консультациялық орталық, консультанттарды дайындау және оларға қойылатын талаптар сияқты көптеген іргелі іс-шаралар анықталып, мазмұндалған.

Түйін сөздер: консультативті психология, психолог-консультант, психологиялық консультация беру, психологиялық тәжірибе, психологиялық теория.

Ерментаева А.Р.¹

¹Евразийский Национальный Университет им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Казахстан

РЕТРОСПЕКТИВНЫЙ АНАЛИЗ РАЗВИТИЯ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО КОНСУЛЬТИРОВАНИЯ

Аннотация

В статье рассматривается актуальность и значимость изучения истории развития психологической науки. Подчеркивается связь, зависимость, преемственность современных, исторических и перспективных психологических фактов, психологических законов и закономерностей, психологических механизмов; достижений в теории и практике психологии.

Были конкретизированы проблемы, связанные с игнорированием истории научно-практического развития психологического консультирования. Сделан ретроспективный анализ генезиса психологического консультирования от фактического появления как научной области до настоящего столетия. В контексте ретроспективного анализа представлены различные категории, теории и практический опыт как научные достижения и тенденции в генезисе психологического консультирования. В содержание анализа с необходимостью упоминаются известные и забытые психологи-теоретики и психологи-консультанты, которые в свое время внесли существенные научные и практические вклады в развитие психологического консультирования. Были указаны ряд фундаментальных мероприятий – издание первой книги, первого специального журнала, открытие первого консультационного центра, начало и развитие профессиональной подготовки психологов-консультантов, и др.

Ключевые слова: консультативная психология, психолог-консультант, психологическое консультирование, психологическая практика, психологическая теория.

Yermentayeva A.R.¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan,

RETROSPECTIVE ANALYSIS OF THE DEVELOPMENT OF PSYCHOLOGICAL COUNSELING

Annotation

The article considers the relevance and significance of studying the history of the development of psychological science. The connection, dependence, continuity of modern, historical and perspective psychological facts, psychological laws and regularities, psychological mechanisms are underlined; achievements in the theory and practice of psychology.

The problems connected with ignoring the history of scientific and practical development of psychological counselling were specified. A retrospective analysis of the genesis of psychological counselling from the actual appearance of both the scientific field and the present century is made. In the context of the retrospective analysis, various categories, theories and practical experience are presented as scientific achievements and trends in the genesis of psychological counselling. In the content of the analysis, it is necessary to mention well-known and forgotten psychologists-theoreticians and psychological consultants who at one time made significant scientific and practical contributions to the development of psychological counselling. A number of fundamental events were mentioned: the publication of the first book, the first special magazine, the opening of the first consultation centre, the beginning and development of the professional training of counsellor psychologists, and others.

Key words: counseling psychology, counsellor psychologist, psychological counselling, psychological practice, psychological theory.

Ғылыми зерттеулер аясында ғылым саласының пайда болуы, дамуы, яғни тарихы маңызды орын алады. Психология салаларының даму тарихы туралы мәліметтер теориялық зерттеу нәтижесі ретінде танымдық, тәрбиелік, мотивациялық сияқты әржақты маңызға ие. Кез келген мәліметтің ғылыми статусы философиялық, психологиялық, тарихи және қолданбалы жағынан құнды болады. Психологияның әр саласының даму тарихы – психологиялық жайттардың, психологиялық заңдар мен заңдылықтардың, психологиялық механизмдердің сарқылмас көзі. Тек тарихи негіздер нәтижесінде психологиялық білімдердің біртұтас жүйесін құру мүмкін болады; психологиялық зерттеулер мен тәжірибенің теориялық-әдіснамалық негіздері нақтыланады. Осыған орай қазіргі кездегі және келешектегі психология ғылымдары мен тәжірибесінің үздіксіз жетілуі қамтамасыз етіледі.

Ал, қазіргі кезде шетелдік авторлардың қазақ тілінде болмаса да, орыс тіліне аударылған кітаптары да қолжетімді бола бастады. Психологиялық мәселелер бойынша көптеген танымал классик еңбектер мен қазіргі кезде құндылығы анықталған теорияларды, концепцияларды біліп-қолдану аясы кеңейді. Алыс-жақын шетелдік әріптестердің іс-тәжірибесімен, идеясымен танысуға мүмкіндік ұлғайды. Сонда, бұлардың барлығында дерлік тарихи шолулар жасалып, мәліметтер келтіріледі. Бұдан психолог-ғалымдар үшін өз жұмысында ғылымның өткен шағына назар аударудың; теориялар мен концепциялардың даму логикасын бағамдап, қарастырудың; қандай да бір мәселелерді шешудегі кешіліктерді, қателіктерді және қарама-қайшылықтарды сыни тұрғыдан талдаудың қажеттігі аңғарылады. Себебі, тек ғылым саласының өткен тарихи жолын біліп, аңғара алудан оның осы және келер шақтардағы даму бағытын анықтау, болжау тәуелді болады.

Алайда, психологиялық консультация саласы бойынша ғылыми-тарихи еңбектер кездесе бермейді. Біздің ойымызша, бұл – кәсіби сауатсыздық; ақпаратпен жұмыс істеудегі құзіреттіліктің болмауы; авторлық ұстанымның сыңаржақтығы. Себебі, ғылым мен тәжірибенің тарихына мән бермеуден бірнеше түйткілді мәселе бой көтереді:

-психологиялық консультация теориясы мен тәжірибесіндегі өткен шақта жіберілген кемшіліктер мен қателіктер қайталануы ықтимал;

-психологиялық консультация теориясы мен тәжірибесі іргетасы қаланбаған ғимараттай әдіснамалық негізсіз, яғни, ғылыми дәйексіз қалады;

-осы шақтағы психологиялық консультация теориясы мен тәжірибесінің озықтығын, жетілгендігін бағалау мүмкін емес;

-келер шақтағы психологиялық консультация теориясы мен тәжірибесінің дамуы мен деңгейін болжауға негіз жоқ болады;

-психологиялық консультация теориясы мен тәжірибесінің дамып, жетілуіндегі сабақтастықты жүзеге асыруға мүмкіндік болмайды.

Сондықтан, бұл мақаламызда психологиялық консультацияның ғылыми-тәжірибелік даму тарихына, осы саланың дамуына ерен үлес қосқан танымал және еңбегі еленбей, ұмыт болған психологтердің заманындағы авангардтық істеріне аналитикалық шолу жасаймыз.

Психологиялық практика ретінде консультациялық жұмыс жүргізудің бастамасы АҚШ-та пайда болған. Басқаша айтқанда, консультацияның алғашқы тәжірибесі де, теориясы да америкалық педагогтердің, психиатрлардың, дәрігерлердің, әлеуметтік қызметкерлердің есімімен байланысты. Алайда, психологиялық консультацияны психотерапиялық іс-әрекет ретінде алдымен дәрігерлер қолданып, дамытты. XX ғасырдың бастапқы жылдарынан-ақ әлеуметтік салалардың қызметкерлері де психологиялық консультацияны ұйымдастырып, жүзеге асыра бастады.

Білім беру теорияларының жетілуі мен Бірінші дүниежүзілік соғыс ардагерлерімен психологиялық жұмыс жүргізудің өзектілігі 1911 жылы Гарвард университетінде алғаш рет консультанттарға арналған курстың ашылуына ықпал етті.

1920 жылдардың ортасына таман Бостон мен Нью-Йорктегі мамандар консультациялық жұмыстарға рұқсаттама ретінде сертификат ала бастайды. Енді психологиялық консультация беру сертификаты бар психолог-мамандардың ғана міндеті болып, бұл талап осы уақытқа дейін психология ғылымы мен практикасы қарқынды дамыған мемлекеттерде қатаң сақталып келеді.

Психологтің, психолог-консультанттың тиімді және табысты іс-әрекеті үшін тек теориялық білім жеткіліксіз болады. Осыған байланысты психолог-маманның тәжірибе арқылы қарқынды түрде күзінеттілігін арттыруды супервизия қамтамасыз етеді. Жалпы, супервизия психологиялық консультация, психотерапия үшін міндетті және қажетті шарт болады. Супервизия – тәжірибесі жеткіліксіз консультанттың клиент қажеттілігін барынша қанағаттандыру үшін онымен жүргізген жұмысын тәжірибелі маманмен өзара әрекеттесу барысында құпиялық талапты сақтап, сипаттау, талдау мүмкіндігі.

Психологиялық консультациядағы супервизияның негізі З. Фрейдтен, оның психоаналитикалық практикасынан бастау алады. Ал, супервизорлық жұмыс мәселесі ресми түрде 1922 жылы психоаналитиктердің Берлиндегі конгресінде көтеріледі. 1924 жылы әрбір жас психоаналитиктің 6 айлық тағылымдамадан өтуі туралы шешім шығады. Сондай-ақ, тәжірибелі тәлімгер тарапынан жас психоаналитиктердің клиникалық жұмысын сүйемелдеуге ерекше назар аударылады. Мұнда, тәлімгер қадағалауында клиникалық практиканы жас психоаналитиктерге екі жыл бойы өту талабы қойылады. Сәйкесінше білім алған соң, психоаналитик өзіне супервизор іздеп, табуы тиіс болды. Супервизор қадағалауындағы жас маман «анализанд» деп аталды.

Сонымен қатар, 1929 ж. Нью-Йорк қаласында Абрахам мен Анна Стоун неке мен отбасы мәселесі бойынша алғашқы консультациялық орталықтың іргетасын қалады. Бұл жер-жерде ерлі-зайыптық және отбасылық консультация беру бағытының пайда болуындағы басты қадам еді.

АҚШ-тың психолог-консультанттары XX ғасырдың 30-шы жылдарында дүние жүзінде алғаш рет бірігіп, ассоциация құрады. Осыған орай 1937 жылы, 7-наурызда осы ассоциацияның «Консультациялық психология журналы» атты тұңғыш журналының бірінші нөмері жарияланды. Мұндағы алдыңғы беташар мақаланы тестологияның негізін қалаушы Дж.М. Кеттел жазады.

1930 жылдары көмек берудің стратегиялары мен консультация әдістеріне назар аударыла бастайды. 1939 жылы Миннесот университетінде Э.Г. Уильямсон әріптестері Дж. Дарли мен Д. Патерсонмен бірлескен еңбегінің арқасында консультацияның алғашқы теориясы тұжырымдалады. Мұнда Ф. Парсонстың теориясы өзгертіліп, оқушыларға, студенттерге және жұмыссыздарға көмек беру көзделді. Бұл Э.Г. Уильямсонның ақыл айтуға бағдарланған, директивті теориясы Миннесоттық ұстаным немесе бітістік-факторлық (жеке-даралық сипаттар тобы) консультация беру деп аталады.

Э.Г. Уильямсонның бітістік-факторлық консультация беру теориясы мынадай қағидаларға негізделеді:

- консультацияның ғылыми негізділігі;
- консультацияның мәселе шешуге бағдарлануы;
- консультацияда әрбір клиентке жеке дара бейімделген эмпирикалық әдістердің қолданылуы;
- консультацияның әрбір клиентті өнімсіз ойлаудан құтылуға бағытталуы;
- консультацияда әрбір клиенттің тиімді шешім қабылдауға үйренуі.

Қазіргі кезде «психологиялық консультация беру» ұғымын «counseling» деген ағылшын сөзінің аудармасы ретінде қарастырады.

«Counseling» ұғымының психологияда қолданылуы Екінші Дүниежүзілік соғыс алдында АҚШ-та протестанттық діни қызметкерлердің жаппай адамдарға көмек беру, кеңес беру, қолдау көрсету ұсыныстарының таралуынан бастау алды [1].

Психологиялық консультация мәселесі бойынша тұңғыш кітапты Карл Рэнсом Роджерс (1902-1987) жариялайды. Оның «Counseling and psychotherapy» (1942) атты кітабында психологиялық консультацияның мақсат-міндеттері, әдістері мен техникалары, консультантты кәсіби дайындау және таңдау мәселелері бойынша жаңаша приоритеттер тағайындаумен ерекшеленді. Әрі, мұнда клиент тұлғасының маңызын, психологиялық консультацияның директивті емес жолмен жүзеге асырылу тұрғысын тұжырымдалады. К. Роджерс құрған психологиялық консультацияның клиент бағдарлы тұрғысы бойынша адамның өз мәселелерін шешуде, қиындықтан шығуда, таңдау жасауда және өзінің дамуы үшін өз жауапкершілігін негізге алады. Осыған байланысты К. Роджерс клиенттің вербальді және эмоциялық көріністерін психолог-консультант айна сияқты бейнелеуіне мән берген. Оның ойынша, тек сонда ғана клиент өзін маманның риясыз қабылдап, тыңдайтынына сенімді болады; өзін еркін сезіне алады және өзін өзі түсуге қабілетті келеді [2].

XX ғасырдың ортасында психологиялық консультацияға жүгінген адамды «пациент» емес, «клиент» деп атау тағайындалды.

1949 жылы БҰҰ-да «Адам құқығының Декларациясының» қабылдануына байланысты адам баласының туғаннан ерікті және тең құқықтылық жағдайы және Екінші дүниежүзілік соғыстың адамзатқа тигізген зардабы психикалық, тұлғалық дамып, жетілудің жаңа құралдары мен тәсілдерін қажет етті. Осыған байланысты алдымен АҚШ-тағы, одан кейін Еуропаның бірқатар мемлекеттеріндегі университеттерде, семинарияларда, колледждерде арнайы маманданған факультеттер пайда бола бастайды. Осы отбасылық психотерапия, философия және теология, психология және әлеуметтану факультеттерінде психологиялық консультация және әлеуметтік жұмыс бөлімдері болды. Факультеттердің психологиялық консультация және әлеуметтік жұмыс бөлімдерін бітірген мамандар психологиялық және практикалық көмек беруге байланысты диплом мен құқық беріледі.

Психологиялық консультацияда маман мен клиент арасындағы қарым-қатынастың дұрыс құрылуы көзделген мақсатқа жетудің бір кепілі болады. Осыған орай, қазіргі кезде консультант-клиент қатынасын жетілдіруде балинттік топтардың ықпалы айтарлықтай болатыны дәлелденген. Балинттік топ – семинар түрінде өтетін дискуссиялық және зерттеушілік топтық әдіс, оқытудың белсенді технологиясы. Бұл әдісті 1949 жылы дәрігерлер мен психиатрларды жинап, Лондонтағы Тэвисток клиникасында дәрігер-психоаналитик, психология магистры, зерттеуші Микаэл Балинт (1896-1970) алғаш рет қолданады. Содан 1972 жылға дейін М. Балинт пен оның әйелі Алиса (Энид) дәрігер мен пациент арасындағы өзара әрекеттесу мен өзара қатынастың психологиялық, әлеуметтік, психосоматикалық мәселелермен байланысын талдауға арналған семинарлар сериясын өткізеді. Сондай-ақ, кейіннен балинттік топтық технология тек дәрігерлерге ғана емес, Еуропада, АҚШ-та және Ресейде психолог-мамандарды клиенттердің мәселелерін шешуде, олардың қиын жағдайларына талдауда белсенді түрде қолданыла бастады [3, 4].

Қазіргі кезде шұғыл жағдайларда телефон байланысы арқылы психологиялық консультация көрсетудің теориясы мен тәжірибесі белгілі. Мұндай психологиялық консультация Еуропада 1948 жылы психиатрлар Х. Хоф пен Е. Рингельдің «Өмір сүруден қажыған адамдарға дәрігерлік көмек» атты орталық құруынан басталады. Олар бұл орталықта қиын жағдайдағы адамдарға телефон арқылы және тікелей кездесу барысында көмек беруді ұйымдастырады. Одан кейін 1953 жылы Лондонда ағылшындық дін қызметкері Чад Вара өзіне өзі қол жұмсауды ойластырған немесе қиындыққа душар болған адамдарға телефон арқылы еріктілерден топ құрып, «самаритяндық» көмек ұйымдастырады. Ал, Нью-Йоркте 1960 жылы құрылған «Өмірді сақтаңдар» лигасы психологиялық көмек беретін телефон қызметі болды. Мұнда телефон арқылы адамдарға психологиялық және моральдық көмек берілген. Қазіргі кезде психологиялық көмек беретін телефон қызметтері бүкіл дүние жүзінде дерлік жұмыс істейді. Қазақстанда XX ғасырдың соңғы онжылдығында зорлық-зомбылықтан немесе қатыгездіктен зардап шеккен және қиын жағдайда қалған, психологиялық дағдарысқа ұшыраған балалар, ересектер үшін жедел көмек беретін «Сенім телефоны» жаппай ұйымдастырыла бастады.

1950 жылға дейін консультанттардың практикалық іс-әрекетіне 1) З. Фрейд пен оның ізбасарларының психоаналитикалық теориясы (1895; 1910; 1930; т.б.); 2) К.Г. Юнгтың аналитикалық психологиясы мен арт-терапиялық тұрғысы (1928; 1940; 1953; т.б.); 3) М. Эриксонның түпсанаға гипнозбен әсер ету идеясы (1936); 4) белгілі бір дәрежеде Б.Ф. Скиннердің оперантты үйренуді түсіндіретін бихевиористік теориясы (1931, 1938); 5) Э.Г. Уильямсонның бітістік-факторлық немесе директивті формада консультация беру

теориясы (1939); 6) Я.Л. Мореноның психодрама бойынша теориясы (1940); 7) К. Роджерстің гуманистік немесе клиент бағдарлы психологиялық консультация теориясы (1942); 8) В. Франклдің логотерапиялық немесе экзистенциалды теориясы (1946); 9) К. Левиннің қарым-қатынас жасауға қабілеттілікті тренингтік топ арқылы дамыту идеясы (1946); т.б. негіз болды.

Жалпы, психологиялық консультацияның қалыптасып, дамуы 1950-шы жылдарда ерекше қарқындылықпен сипатталады.

1951 жылы АҚШ-ғы Солтүстік-батыс конференциясы іргелі және қолданбалы аспектілері бар «консультациялық психология» атты жеке ғылыми саланы ажырату туралы шешім шығарады. Содан консультациялық психология бөлімін ресми түрде 1952 жылы Америкалық Психология Ассоциациясы (АПА) бекітеді. Сондай-ақ, АПА-ның 1952 жылы консультация жүргізетін психологтің міндеттері мен позицияларын тағайындауы консультациялық психологияның кең таралып, дамуына ықпал етті. Осыдан барып, дүниежүзілік ғылым мен тәжірибеде психолог-консультант кәсіби маман ретінде бекіді [5, 6, 7].

Консультациялық психология ғылыми қолданбалы сала ретінде көмек көрсету процесін жүйелеп, нақтылайды. Мұнда, психолог пен көмек сұраған адам арасындағы арнайы ұйымдастырылатын қарым-қатынас пәрменді және аса маңызды психологиялық әсер ету әдісі әрі құралы ретінде сипатталып, анықталады.

Психологиялық консультация барысындағы қарым-қатынаста көмек сұраған адамның психологиялық мүмкіндігін, күш-қуаты мен қабілетін өзектендіру міндеті көзделеді. Тек сонда ғана, яғни, клиенттің өз әлеуеті өзектенсе ғана күрделі, қиын жағдайлардан шығудың жаңа жолдары, мінез-құлықтың әр түрлі нұсқалары пайда болады.

Консультация барысында 1) адам өміріндегі оның өзі «қиын», «мәселе» деп қарайтын жағдайларға; 2) оның жеке басының мүмкіндіктері мен күш-қуатына; 3) оның өзбетінше әрекет етіп, мәселені шеше алуына басты назар аударылады. Адамның психикалық науқасқа шалдығуын және ондағы психикалық ауытқуды анықтауға бағытталатын, денсаулық мәселесіне қатысты көмек беретін дәстүрлі психотерапиядан психологиялық консультацияның өзгешелігі де осында. Сондықтан, Сьюпер Дональд (1955) денсаулығы «қалыпты» дейтін адамдардың психологиялық дамуы мен мінез-құлқына қатысты консультациялық психология мен клиникалық психологияны ажыратып қарастырған.

1950-ші жылдардың соңына таман алдымен АҚШ-та, Францияда, кейіннен Шығыс Еуропа елдерінің бірқатарында, 1960-шы жылдардың соңында Кеңестер Одағында білім беру саласындағы психологиялық қызмет көрсету және соның аясында психологиялық консультация ұйымдастыру мәселелері өзекті болды. Осыған байланысты көптеген мектептерде психологиялық консультацияны ұйымдастыру мектеп психологінің немесе педагогикалық психологтің міндеті ретінде қарастырылды. Сол жылдары тек АҚШ-та ғана «мектеп консультанты» атты консультациялық психология бойынша арнайы кәсіби дайындығы бар маман қызмет атқарған. Мысалы, 1965 жылы АҚШ-та мектеп психологінің саны 30000 адамға жеткен [2, 29 б.]. Мұндағы шешуін табатын мәселелер де белгілі: білім берудің тиімділігін арттыру; мектептегі өзара әрекеттесу мен өзара қатынасты оңтайландыру; оқушылар мен педагогтердің табыстылығын арттыру; т.с.с.

1950 жылдардан бастап психолог-консультанттардың практикалық іс-әрекетіне негіз болатын теориялар да көбейеді. Бұл уақытқа дейін консультант практикасына негіз болған теорияларға қосымша Фредерик Саломон Перлздің гештальттерапиясы (1951); Дональд Сьюпердің мансапты арттыру теориясы (1953); Джордж Александр Келлидің тұлғалық конструктілер теориясы (1955); Альберт Эллистің мінез-құлықтың рационалды-эмоциялық психотерапиясы (1955); Джозеф Вольпенің жүйелі десенсибилизация теориясы немесе реципроктілі тежелу арқылы психотерапиясы (1958); Эрик Берннің транзактілі талдауы (1961); Вирджиния Сатирдің отбасылық терапиясы (1964) сияқты жаңа бағыттар мен іс-тәжірибелер қосылады.

Сонымен қатар, 1960-шы жылдардың бас кезінде Абрахам Гарольд Маслоудың (1908-1970) гуманистік психологияның негізін салып, тұлғаның өзін өзі өзектендіре алу мүмкіндіктері туралы концепциясы психологиялық консультацияның әдіснамалық-теориялық бағдарына ықпалын тигізеді.

Тұлға, мінез-құлық, психикалық даму, психологиялық ерекшеліктер мәселелері бойынша теориялардың әр жақтылығы мен көбеюі психологиялық консультацияның әдіснамасын қордаландыра түсті. Сондай-ақ, бұл теориялар психика нормасы мен патологиясын анықтау, психикалық дамудағы өзгешеліктерге байланысты мәселелерді шешуге жағдай жасады. Осыған орай психологиялық консультацияның дербес сала ретінде қалыптасып, дамуына негіз қаланды.

Әдіснамалық-теориялық негізге байланысты практикалық іс-әрекеттегі жауапкершілігі мен міндеттері, заң аясындағы әрекеттері тұжырымдалып, 1961 жылы психолог-консультанттарға арналған алғашқы этикалық кодекс АҚШ-та жарияланды.

Сондай-ақ, 1960-шы жылдары психологиялық консультация беретін мамандардың түрлері өзара ажыратылып, соған сәйкес кәсіби стандарттар пайда бола бастады. Сол кездері психологиялық көмек беретін мамандардың түрлері мен оларға қойылатын талаптар мынадай болды:

- медициналық білімі бар және клиникада психологиялық көмек беруге кәсіби дайындалған психиатр;
- медициналық білімі бар және психологиялық көмек беруге кәсіби практикалық даярлығы бар психотерапевт;
- психоанализден қосымша білімі және медицина докторы ғылыми дәрежесі (M. D.) бар психиатр – психоаналитик;
- философия докторы ғылыми дәрежесі (Ph. D.) немесе психология ғылыми дәрежесі бар (Psy. D.) бар клиникалық (медициналық) психолог;
- магистр ғылыми дәрежесі бар әлеуметтік қызметкер.

Бұдан XX ғасырдың ортасынан бастап психологиялық көмекке психологиялық консультацияның және әлеуметтік көмекке маман тарапынан қолдап, сүйемелдеу кіріктірілгені аңғарылады. Басқаша айтқанда, сол кездерде индивидтің әлеуметтік-психологиялық және тұлғалық мәселелерінің шешімін табу өзекті болды.

«The Counseling Psychologist» атты психолог-консультанттардың алғашқы кәсіби журналы АПА негізінде 1969 жылдан жарыққа шыға бастайды.

XX ғасырдың соңына таман интернет арқылы психологиялық консультация көрсету қызметі пайда болды. 1976 жылы компьютер қолданысқа кіргеннен бастап-ақ, АҚШ-тағы еріктілер «интернет-консультация» тобын құрайды. Психологтер, психотерапевтер тұлғалық және тұлғааралық мәселелер бойынша онлайн психологиялық консультация көрсетеді.

Сондай-ақ, 1980-ші жылдардың соңында психолог-консультанттарға арналған әр мемлекет деңгейінде ғана емес, халықаралық е-оқыту, е-тағылымдама ұйымдастыру тәжірибесі тарала бастады.

1980-ші жылдардың бас кезінде Кеңес құрамындағы республикалардағы мектептерде оқушыларға психологиялық көмек көрсету мақсатында психологиялық қызмет қарқынды түрде қалыптаса бастайды. 1988 жылы статусын, құқықтары мен міндеттерін тағайындап, барлық мектептерге мектеп психологінің штаты ресми түрде енгізіледі. Бұл жағдай балалар мен жастарға психологиялық консультация берудің жаңа бағыттарын, түрлері мен техникаларын жетілдіруге негіз болды.

Жалпы, 1980-ші жылдардан бастап психолог-консультанттардың әр сала бойынша қатаң саралануы аңғарылды. Мектептегі оқыту-тәрбиелеу, үздіксіз тұлғалық және психикалық даму, неке және отбасылық, клиникалық, зорлық-зомбылық жайттары, мансапты арттыру, төтенше жағдайлар, бизнестегі, қарттар үйіндегі, гендерлік, мультимәдениет, оңалту, девиантты мінез-құлық, топтағы қарым-қатынас, саяси, геронтология, және басқа да салалар бойынша психолог-консультанттар болды. Осы жылдары алғаш рет АҚШ-та жоғары мектептерде психолог-консультанттар жұмысын бастаған.

Сондай-ақ, психикалық денсаулық мәселелерін шешуде тек психиатр, психотерапевт емес, психолог-консультанттың да ықпалына назар аударылды. Осыған байланысты 1988 жылы АҚШ-та психикалық денсаулық бойынша супервизор-консультанттарды оқыту басталады.

Ал, тұңғыш рет 1992 жылы психологиялық консультация ресми түрде денсаулықты сақтау ресурсының бірі ретінде АҚШ-та тіркелді.

XXI ғасырда психологиялық консультация жеке ғылыми сала және тәжірибе ретінде одан сайын дамып, жетіле түсуде. Қазіргі кезде психологиялық консультацияның әр бағыттағы теориялары, әртүрлі үлгілері, көптеген формалары мен саналуан техникалары белгілі [3-8].

Қазіргі кезде консультация мәселелерді шешуді қажет ететін қай салада болмасын психологиялық білім негізінде эсер етудің бір формасы ретінде қолданылады.

Консультациялық іс-әрекет кәсіби бағдар беру, ағарту, өндірістік, менеджменттік, әлеуметтік сан салаларда жүзеге асырылады. Бұл салалардың қайсысында да отбасы мен жеке бас мәселелері бойынша көмек қажет болғанда психологиялық консультация жүргізіледі.

Ал, психологиялық консультацияны біздің елде психиатр да, психотерапевт те, психолог та көрсете береді. Жалпы, теориялары мен техникалары бірдей болса да, психотерапия мен психопатологияны емдеуге бағытталған клиникалық психологиядан консультацияны ажыратып алу қажет. Бұл енді келер шақта талданатын мәселе болар.

Пайдаланган әдебиеттер тізімі

- 1.Гриншпун И.Б. История психотерапии. Лекция 1. Введение в историю психотерапии // Консультативная психология и психотерапия. – 2015. - № 2. – 175-176.
- 2.Глэддинг С. Психологическое консультирование. - СПб., 2002.
- 3.Ерментаева А.Р. Психологиялық консультация негіздері. – Өскемен, 2004.
- 4.Абрамова Г.С. Практическая психология. - М.: Академический проект, 2001.
- 5.Алешина Ю.Е. Индивидуальное и семейное психологическое консультирование. - М.: Независимая фирма «Класс», 2000.
- 6.Нельсон-Джоунс Р. Теория и практика консультирования. – СПб., 2001.
- 7.Роджерс К. Новейшие подходы в области практической работы. - М., 2008.
- 8.Лютובה-Робертс Е.К. Техники психологического консультирования в повседневной жизни. - СПб., 2010.

МРНТИ 15.41.59.

Сейтенова С.С.¹, Абил А.С.²

^{1,2}Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан

МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДА АУЫТҚУШЫЛЫҒЫ БАР ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Аннотация

Бұл мақалада мінез-құлқында ауытқушылығы бар жасөспірімдердің психологиясы қарастырылады. Қазіргі кезде қоғамда мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар жасөспірімдердің тұлғасының ерекшеліктері, қарым – қатынас психологиясы өзекті мәселе болып отыр. Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар балалардың психологиялық ерекшеліктерінің пайда болу себептері және факторлары қарастырылады.

Түйінсөздер: мінез - құлық, ауытқушылық, жасөспірім, психология, қоғам, ерекшеліктері, қарым - қатынас, факторлары, тұлға, себеп.

Сейтенова С.С.¹, Абил А.С.²

^{1,2}Актюбинский региональный государственный университет им К.Жубанова
г. Ақтобе, Казахстан

ПСИХОЛОГИЯ ПОДРОСТКОВ С ОТКЛОНЕНИЯМИ В ПОВЕДЕНИИ

Аннотация

В статье рассматривается психология подростков с отклонениями в поведении. Настоящее время актуальной проблемой общества являются личностные особенности подростков с отклонениями, психология их коммуникации. Также анализируются причины и факторы появления психологических отклонений у подростков.

Ключевые слова: поведенческий, беспорядок, подросток, психология, общество, особенности, отношения, факторы, личность, причина.

Seitenova S.S.¹, Abil A.S.²

^{1,2} Aktobe regional state University named After K. Zhubanov
Aktobe, Kazakhstan

PSYCHOLOGY OF TEENAGERS WITH DEVIATIONS IN BEHAVIOUR

Annotation

The article deals with the psychology of adolescents with deviations in behavior. Currently, the actual problem of society is the personal characteristics of adolescents with deviations, the psychology of their communication. Also, the causes and factors of the appearance of psychological abnormalities in adolescents are analyzed.

Keywords: behavioral, disorder, adolescent, psychology, society, features, relationships, factors, personality, cause.

2. Григорьева, Е.В. Идентичность личности как детерминанта смысло- ценностных ориентаций и проблемной сферы. / Е.В. Григорьева // Вестник интегративной психологии. Журнал для психологов. Выпуск 5. 2007. – С. 80-81.
3. Топанова Г.Т. Смысловая обусловленность идентичности личности (на примере русских и казахских студентов): автореф. дисс ... канд. психол. наук / Г.Т. Топанова. – Томск, 2015.
4. Локк Д Сочинения: В 3 т. - М., 1985.
5. Джемс У. Психология / Под ред. Л.А. Петровской. - М., 1991. –С.124-127.
6. Ericson, E.H. The problem of ego identity.// Identity and anxiety: survival of the person in mass society./ Ed. by M.R.Stein et al. Glencoe (111.); The Free press, 1960.– 658 p.
7. Петровский А.В., Ярошевский М.Г. Основы теоретической психологии. - М.: ИН-ФРА-М, 1998. – С. 272-275.
8. Шнейдер Л.Б. Профессиональная идентичность: Монография. - М.: МОСУ, 2001 г. - 272с

МРНТИ: 15.81.99

Оспанбаева М.П.¹

*¹«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы – Жамбыл облысы бойынша педагог
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,
Тараз қ., Қазақстан*

ҰСТАЗДАРДЫ ЭМОЦИЯЛЫҚ КҮЙЗЕЛІСТЕРДЕН САҚТАНДЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Түйіндеме

Мақалада ұстаздардың эмоциялық күйзелістерін зерттеу нәтижелері берілді. Мұғалімдердің кәсіби күйзеліс көріністерінің эмоциялық белгілері, мінез-құлықтық белгілері, интеллектуалдық белгілері және әлеуметтік белгілері сипатталды. Зерттеудің ғылыми-тәжірибелік маңызы – психологиялық иммунизацияны қамтамасыз ететін жеке ресурстарды белсендендіру арқылы кәсіби күйзелістің алдын алу тәсілдерінің жасалып, ұсынылуында. Сынақ жұмыстарына Жамбыл облысының педагогтары қамтылды. Мақсатты топ таңдаған өзін-өзі реттеу дағдылары – аффирмация, медитация, аутотренинг, ребефинг сынды психотехникаларды қолдану жоғары тиімділік көрсетті.

Мақалада жақсы әрі өнімді еңбек қабілетінің кепілі ретінде белсенді демалыс, саяхат, шығармашылық, жоғары саналылық және жанның алхимиялық өзгерістері талданды. Мұғалімнің еңбек жолында кездесетін кәсіби күйзелістің іс-тәжірибенің жаңа кезеңіне ауысу түрткісі немесе өсу баспалдағына итермелейтін мүмкіндік, сондай-ақ өзгерістер әлеміне жетелейтін сынама сәт екендігі негізделді.

Түйін сөздер: педагог, эмоция, күйзеліс, кәсіби, оқыту, ағза, жүйке, қажу, психика, денсаулық, өзін-өзі реттеу, тыныс алу, тынығу, медитация, аффирмация, аутотренинг.

Оспанбаева М.П.¹

¹Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» – Институт повышения квалификации педагогических работников по Жамбылской области, г.Тараз, Казахстан

СОВРЕМЕННЫЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ СТРАТЕГИИ ПРОФИЛАКТИКИ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ УЧИТЕЛЕЙ

Аннотация

В статье представлены результаты изучения эмоциональных стрессов учителей. Охарактеризованы интеллектуальные, поведенческие, эмоциональные и социальные симптомы выражения профессионального стресса педагогов. Научно-практическая значимость исследования – разработка методов профилактики профессионального выгорания, путем активации личностных ресурсов, которые обеспечивают психологическую иммунизацию. В эксперименте принимали участие педагоги Жамбылской области. Выбор целевой группы – использование навыков саморегуляции, таких как аффирмация, медитация, аутотренинг, ребефинг показало высокую эффективность.

В качестве гарантии хорошей и продуктивной деятельности учителей, представлены формы профилактических мер: активный отдых, путешествия, творчество, осознанность и алхимическое преобразование души. Обоснована предпосылка профессионального стресса успешного специалиста – потребность в смене деятельности, либо мотивация карьерного роста, а так же переход к новому качественному этапу жизни.

Ключевые слова: педагог, эмоция, стресс, профессиональный, обучение, организм, нервная система, переутомление, психика, здоровье, саморегуляция, ребефинг, отдых, медитация, аффирмация, аутотренинг.

Ospanbaeva M.P.¹

¹Institute «Orleu» of pedagogical personnel qualification in Zhambyl region
Taraz, Kazakhstan

MODERN PSYCHOLOGICAL STRATEGIES FOR PREVENTION OF EMOTIONAL BURNING OF TEACHERS

Annotation

The article presents the results of the study on teachers' mental stress. The intellectual, behavioural, emotional and social symptoms of teachers' professional stress expressions are described. The scientific and practical significance of the research is the development of prophylaxis method of teachers' professional burn-out through the activation of personal resources which provide psychological immunization. In the experiment participated teachers from Zhambyl region. Target audience's choice – the use of self-regulation skills such as affirmation, meditation, auto-training and rebirthing have demonstrated a high degree of effectiveness.

As a guarantee of teachers' successful and productive activity have been presented forms of prophylactic measures: active leisure, travelling, creative activities, awareness and alchemical personal transformation. Furthermore substantiated that the successful specialist's professional stress is prerequisite for the need to change of pace or motivation for career development, as well as the shift to the new period of life.

Key words: teacher, emotion, stress, professional, education, body, nervous system, fatigue, psyche, health, self-regulation, rebirthing, rest, meditation, affirmation, auto-training.

Қоғамның қазіргі әлеуметтік-экономикалық салдарынан туындайтын «кеселдердің» бірі – кәсіби күйзеліс. Бұл дертке көп жағдайда адамдармен жұмыс жасайтын мамандық иелері шалдығады. Олардың бірі – мұғалімдер. Қоғамдағы орны, әлеуметтік мәртебесі, тұрақтылыққа кепілдіктің болмауы, еңбек құралдарының жылдам өзгермелілігі, объективті себептерге байланысты педагогикалық үрдісті толыққанды басқара алмаудан туындаған дәрменсіздік, ата-аналар талаптары мен балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алмау, яғни заманауи сұраныстар үдесінен шығу үшін алаңдау салдарынан пайда болған ішкі қақтығыстар, басқару ісіндегі субъективизм, ұжымның психологиялық ахуалы – осылардың барлығы мұғалімнің кәсіби күйзелісінің себептері болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында саламатты өмір салтын насихаттай отырып, қоғамдық денсаулықты басқару ісін күшейту керектігі атап көрсетілді [1].

Қай қоғамның болмасын, болашағы – жастар, ал өскелең ұрпақ тәрбиесіне жауапты – ұстаздар. Сондықтан, балалардың саулығын қамтамасыз ете отырып, және осы үрдісті басқару барысында, ұстаздардың өздерінің денсаулығын сақтау маңызды. Осы ретте ұсынылып отырған зерттеудің мақсаты мұғалімдерді эмоциялық күйзелістерден сақтандырудың заманауи психологиялық тәсілдерін анықтау болып табылады.

Эмоциялық күйіну, грек тілінен аударғанда «жанып-біту» деген ұғым; ұзақ мерзімді өзіндік дәрменсіздік, қажу күйін білдіреді. Бұл терминді 1974ж. алғаш рет «Әлеуметтік көзқарастар журналында» американдық психиатр Дж.Х.Фрейденбергер жариялап, қолданысқа ендірді. Бұл – тұлғаның айналасындағы қарбаласқа бейімделе алмау және эмоциялық тұрақтылықты сақтай алмау салдарынан туындайтын кәсіби дерт. Ағзаның күш-қуатын қалпына келтіріп үлгермеуі жүйке жүйесінің әлсіреуі мен қажуына жеткізеді, ол психосоматикалық аурулардың пайда болу алғышарты [2].

1981ж. А.Морроу кәсіби күйіп кету алдындағы қызметкердің ішкі жағдайын бейнелейтін эмоциялық бейне ұсынды: «тұтанып, бықсып жатқан психологиялық өткізгіш иісі». Кәсіби күйеу жағымсыз эмоциялардың ішке жиналып қалуынан, оларды уақтылы босатпау салдарынан туындайды. Оның сыртқы көріністеріне шаршағыштық, жүдеп немесе толып кету, ұйқысы қашу, денсаулығының төмендеуі, тыныс алуының ауырлауы, демігу, жүрегі айну, құсқысы келу, басы айналу, тершендік, дірілдеп-қалшылдау, қан қысымының көтерілуі, созылмалы аурулардың асқынуы, жүйкенің сыр беруі жатады [3].

Ересек адам өзінің саналы өмірі мен өнімді уақытын еңбек қызметіне жұмсайды. Сүйікті ісімен сүйіспеншілікпен айналыса отырып, адам өзі де нұрланады, айналасына да шуақ шашады. Ал егер мамандық жүрек қалауынан тумаған болса, әрі шұғылданып жүрген ісінің қыр-сырына қанық емес болса, ол жасап жүрген жұмысынан рахаттанбайды. Өз ісіне көңілі толмау, ойындағыдай нәтижеге қол жеткізе алмау және басқалардың көңілінен шыға алмау – үміттің ақталмауын, сенімге селкем түсуін тудырады. Нәтижесінде уайымдау пайда болады. Ал үнемі уайымдау салдары тұлғаны күйзеліске ұшыратады. Жұмыс барысында кездесетін түрлі мәселелер мен қайшылықтар оны ушықтыра түседі. Ұзақ мерзімді кәсіби күйзеліс тұлға болмысының бұзылуына әкеліп соғады. Дәл осы жағдайды А.Коновальчук өз зерттеулерінде көрсетеді. Ол педагогтың кәсіби күйінің салдары ретінде немқұрайдылық, дәрменсіздік, мазасыздық сынды сипаттарды атай отырып, мұндай жағдайға ұшыраған мұғалімнің өзіне, мамандығына, қызмет ететін мекемесіне деген сенімі жоғалуын болжайды [4].

Ал, Е.Капитанец зерттеуінде ұстаздардың кәсіби күйеу синдромына шалдығу себептері ретінде мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке шамадан тыс берілуі, өте жоғары жауапкершілік және инновациялық үрдістерге бағдарлану арқылы жоғары нәтижелерге ұмтылыс аталады [5].

Ұстаздарды эмоциялық күйзелістерден сақтандырудың психологиялық тәсілдерін анықтау мақсатында жүргізілген эксперимент жұмыстарына Жамбыл облысының педагогтары – «Өрлеу» БАҰО (Біліктілікті арттыру ұлттық орталығында) біліктілігін жетілдірген 155 тыңдаушы қатысты. Олардың кәсіби құрамы: мектепке дейінгі ұйым әдіскерлері – 25, бала бақша тәрбиешілері – 50, білім беру ұйымдарының педагог-психологтары – 50 және орта мектеп мұғалімдері – 30. Жас және жыныстық құрамына тоқталар болсақ, сыналушылардың 8 пайызы (%) 24 – 43 жастағы ер азаматтар, 92 пайызы (%) 25 – 57 жас аралығындағы әйел адамдар; кәсіби тәжірибелері 02 – 35 жыл арасы. Эксперимент 2017ж. қазан айынан 2018ж. мамыр айы аралығында жүргізілді. Зерттеу құралы ретінде К.Маслачтың «Эмоциялық күйеу» сауалнамасы қолданылды [6; 7].

Зерттеу барысында кәсіби күйзеліс келесі *эмоциялық белгілер* арқылы көрінді: шын жүректен қуана алмау, пессимизм, жеке өмірінде де, жұмыста да ештеңеге қызықпау, жанның қасандануы, бейжайлық, шаршағыштық, кейде тіпті фрустрация жағдайы, дәрменсіздік, агрессия, мазасыздықтың артуы, ойдың шашыраңқылығы, депрессия, өзін кінәлі сезіну, жанұшыру, жүйкенің «жылауы», кәсіби перспективаның жоқтығы, үміттің өшуі, сенімсіздік, өзін де, өзгені де «байқамау», сүреңсіздік, жалғыздық сезімі. Кәсіби күйзелістің *мінез-құлықтық белгілері* жұмыс күні барысында шаршағыштық байқалып, үзіліс алғысы келу, демалуға құштарлық; тамақтануға немқұрайлылық, дәм талғамау; дене күшінің шектелуі; шылым, алкоголь, дәрі-дәрмекке үйір бола бастау; кездейсоқ келеңсіз оқиғалар (кұлау, жарақаттану, апатқа ұшырау); соқтықпалы мінез-құлық және т.б. факторлар арқылы көрініс берді. Экспериментке қатысқан сыналушылардың арасында кәсіби күйзеліске ұшырағандарды тану келесі *интеллектуалды белгілер* арқылы ажыратылды: жұмыс барысында жаңа ойлар мен идеяларға қызығушылықтың төмендеуі; мәселені шешуде баламалы тәсілдерге сүйенбеу; өмірге құштарлықтың азаюы, талғамның төмендеуі, сары уайымға салыну; шығармашылыққа қарағанда, стандартты шаблондарға ден қою; жаңалыққа немқұрайлылық; өзін дамытуға селқос қарау; жұмысты үстірт орындау. Ал, кәсіби күйзелістің *әлеуметтік белгілері* белсенділіктің бәсеңдеуі; қызығушылықтың азаюы; әлеуметтік қатынастардың

жұмыспен ғана шектелуі, яғни үйде де, қызметте де басқалармен қарым-қатынастың азаюы; оқшаулану түйсігі, айналасындағылардың өзін түсінбейтіндей көруі; отбасы, достары, әріптестері өзін қолдамайтындай сезіну белгілері арқылы көрініс берді. Кәсіби күйзелістің эмоциялық белгілері зерттеу құралындағы «көңіл-күйдің жадау тартуы» шкаласына; интеллектуалдық белгілері «кәсібиліктің төмендеуі» шкаласына; мінез-құлықтық белгілері және әлеуметтік белгілері «өзін жоғалту» шкаласына теңестірілді.

Зерттеуге қатысқан педагогтардың 18 пайызында «кәсібиліктің төмендеуі» шкаласы бойынша «дабыл қағу» деңгейі, 82 пайызында қалыпты деңгей анықталды. «Көңіл-күйдің жадау тартуы» шкаласы бойынша жоғары мазасыздық деңгейі сыналушылардың 12 пайызында, орташа деңгейі 64 пайызында және төмен деңгейі 24 пайызында көрініс берді. «Өзін жоғалту» шкаласы бойынша 8 пайыз жоғары, 69 пайыз орташа, 23 пайыз төмен деңгейді көрсетті. Алынған деректерді статистикалық өңдеу сыналушылардың 13 пайызының кәсіби күйзелістің жоғары шегінде екенін, 72 пайызы қалыпты деңгейде және 12 пайызының кәсіби күйзелістен ада екенін айқындады. Сынама мәліметтер кәсіби күйдің «эмоциялық кернеу», «қарсылық», «жадау тарту» деп аталатын үш кезеңімен (В.Бойко бойынша) салыстырыла зерттелді [8].

Нәтижесінде, сыналушылардың 23 пайызында «эмоциялық кернеудің» іс-әрекетке, жеке бас, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайға көңіл толмау белгілері байқалды; 19 пайызында «қарсылық» кезеңінің эмоциялық бейтараптық реакциялары көрініс берді; 04 пайызында «жадау тарту» синдромының эмоциялық шеттетілу және психосоматикалық бұзылыс белгілері анықталды. Демек, зерттеуге қатысқан 155 педагогтың 6-ы кәсіби күйдің жоғары фазасын, 29-ы орташа фазасын және 35-і төменгі фазасын кешу жағдайында.

Кәсіби күйзелістің алдын алу психологиялық иммунизацияны, яғни ішкі мәселелерге қарсы тұру тұрақтылығын қамтамасыз ететін жеке ресурстарды белсендендіруді талап етеді. «Эмоциялық күй» синдромын болдырмаудың алдын-алу жолдары:

- қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарды анықтау;
- психикалық және денсаулық жайлылығын қамтамасыз ету үшін бірауық үзіліс алу;
- өзін-өзі реттеу дағдыларын меңгеру (аффирмация, медитация, аутотренинг);
- кәсіби даму және өзін-өзі жетілдіру;
- қажетсіз бәсекеден бойын аулақ ұстау;
- жағымды эмоциялық қарым-қатынас орнату;
- дене бітіміне көңіл бөліп, оны шынықтырумен айналысу;
- дұрыс ұйықтау (тынығу мен денсаулық кепілі) [9].

Эксперимент барысында мақсатты топ таңдаған өзін-өзі реттеу дағдылары – аффирмация, медитация, аутотренинг, ребефинг сынды психотехникаларды қолдану жоғары тиімділік көрсетті. Осы аталған тыныштандыру технологияларының стрессті басқару үрдісіндегі жағымды әсері туралы қазақстанда бұған дейін де зерттелінген. Мәселен, жуырда ғана Г.К. Касымованың «Стрессті психологиялық-педагогикалық тұрғыдан басқару» еңбегінде тұлғаны тыныштандыру құралы ретінде медитация технологиясының маңызы психофизиологиялық тұрғыда талданды [10].

Жүйелі түрде жүргізілген заманауи-психологиялық стратегиялар сыналушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталды. Нәтижесінде, қорытынды бақылау барысында келесі көрсеткіштер алынды: кәсіби күйзелістің «жадау тарту» синдромы – 0; «қарсылық» белгісі – 07 пайыз; «эмоциялық кернеу» синдромы – 08 пайыз. Эксперимент нәтижесінен сыналушылардың эмоциялық күйзелістен арылу динамикасының қанағаттанарлық деңгейі және қолданылған психотехникалардың жоғары тиімділігі көрінді.

«Сау дененің рухы да сау!» демекші, нәрлі тағам, спортпен шұғылдану, күнделікті серуен және зиянды әдеттерден бас тарту күйзелісті болдырмаудың оңтайлы жолдары. Бұл ретте педагогтардың жылына бір рет алатын еңбек демалысын екі кезеңге бөліп (мысалы, қыс мезгілінде және жаз айларында) демалуды тәжірибеге ендіргені жөн. Ал демалыс саяхатпен үйлескенде бір мезет күнделікті үйреншікті тіршіліктен арылып, сергуіне жол ашады. Бұрын көрмеген жаңа жерлерге саяхат жасаудан адамның алары көп. Жаңа органы тану, беймәлім құбылыстарды тамашалау, басқа мәдениетпен қауышу, табиғатпен байланыс – осының барлығы адамның сана көкжиегін кеңейтіп, көзқарасын өзгертеді; түсінігін кеңейтіп, ойын көркемдейді; кемелдікке жол ашады. Тұлға бойындағы мұндай қасиеттер оқушыларды тәрбиелеу барысында таптырмас құрал. Мінез-құлық орнықты, тағатты, сабырлы мұғалім балалармен жұмыста жақсы нәтижелерге қол жеткізеді.

Жақсы әрі өнімді еңбек қабілетінің кепілі – белсенді демалыс, саяхат; шығармашылық, жоғары саналылық және махаббат субстанциясы, яғни жанның алхимиялық өзгеріс күйі. Сүйікті ісімен шұғылдану адамға айтарлықтай ләззат сыйлайды. Барлық адамдарда шығармашылық бастама негізі қаланған. Оны тек аша білу қажет. Шығармашылықты дәстүрлі сана қабылдауы бойынша музыкаға, спортқа, бейнелеу өнеріне немесе қолөнерге қабілеттілік деп түсу оның аясын тарылтады. Адам баласы жасай алатын, қолынан келетін іс-әрекеттердің қай-қайсысы болмасын, ерекше сезім, аялы қатынаспен орындалса, ол шығармашылық үрдіс болып табылады. Адам мұндай сәтте сырт дүниені ұмытып, өзінің тәңірлік болмысымен қауышады. Нәтижесінде айналадағы адамдарды тамсандырып, олардың игілігіне жұмсалатын керемет жауһар дүниеге келеді. Жұрттың сүйсінуі және таңырқауы, оны тұтынудан туған рахмет, алғыс сезімдері шығармашылық иесінің жан-дүниесін байытып, толқытады; рахатқа бөлейді. Бойында бар нышанды дамыту арқылы тұлға өзінің жаңа қырларын таниды. Бұл оның өз-өзіне көңілі толып, маркаюын, жеке басын қастерлеп, болмысын сыйлау сезімін тудырады.

Махаббат – мейірімділік субстанциясы. Жан-дүниенің мейірленуі, болмыстың жұмсаруы, мінез-құлықтың жағымды жақтары сынды жоғары адами қасиеттердің басым көрінісіне ықпал ететін факторлардың бірі әрі бірегейі – ғашықтық сезімі. Тұлға бойында алхимиялық құбылыстардың жүруіне жеткізетін орасан зор, алапат сезім – жақсы көру арқылы адам еңсесі көтеріліп, көңілі кірбеңнен арылады; жан-дүниесі «ән салады». Мұндай керемет күйді бастан кешу арқылы адам болмысы дамудың жоғары сатысына көтеріледі; өз қадыр-қасиетін нәзік сезініп, сенімі ұлғаяды; өзінің қайталанбас, даралығын толыққанды мойындап, тәңіріне алғысы, тағдырына ризалығы, өмірге құштарлығы артады. Ұсақ-түйек кемшіліктерді елемей, ағаттықтарға кешіріммен қарайтын болады. Мұндай нұрлы күйде жүрген адамның қуаты артып, жігерлене түседі; шабыты тасып, әділетті, адал, арлы болады. Айналасына шуағын шашқан махаббат иесі ажарлана түседі. Ол таратқан нұрмен қоршаған орта жылынады, қоғамның рухани әлеуеті артады [11].

Психиатр В.Макаровтың пікірінше «егер кәсіби қалыптасқан, біліктілігі жоғары жандар туралы айтар болсақ, олардың тұтану дағдарысын бір емес, бірнеше рет бастан өткергені мәлім. Кемеліне келген маманның еңбек жолында мұндай кезеңдерден өтуі – заңдылық» [12, 616].

Демек, «эмоциялық күй» синдромына ұшырауды сәтсіздік, финиш деп есептемеу керек. Әрбір әрекеттің салдары болатыны заңдылық. Ол бірде келеңсіздікпен айқындалса, енді бірде мүмкіндіктерге жол ашады. Педагогтарға «эмоциялық күйдің» себептерімен қатар, оң салдарларын да білген жөн: кәсіби күйзеліс – іс-тәжірибенің жаңа кезеңіне, өсу баспалдағына итермелейтін мүмкіндік және өзгерістер әлеміне жетелейтін сынама сәт. Олай болса, ұстаздарды эмоциялық күйзелістерден сақтандыру стратегияларының негізін құрайтын заманауи-психологиялық құралдар ретінде тұлғаның өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру техникаларын атауға болады, әрі оны қолданысқа ендіру белсенділігін арттырған жөн.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. *Қазақстан халқына жолдау: Тәртіпші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері.* – А., 2018.
2. Эмоционалды күйіну синдромы. <https://kk.wikipedia.org/wiki>, август 04, 2018.
3. Гаверюкина А.А., Аттаева Л.И. Влияние эмоционального выгорания на эффективность профессиональной деятельности педагога // *Электронное периодическое изд. «Преимственность в образовании».* – 2016. № 10(03). <http://journal.preemstvennost.ru>, август 04, 2018.
4. Коновальчук А.Н. Синдром эмоционального выгорания и его профилактика в профессиональной деятельности городских и сельских учителей. – Нижний Новгород, 2009. – 208с.
5. Капитанец Е. Г. Исследование формирования синдрома эмоционального выгорания педагогов // *Научно-методический электр. журнал «Концепт».* – 2015. № 2.– с.111–115.
6. Нури Барыш, Али Шахин. The Adaptation Study of Maslach Burnout Inventory-Educators Survey to Turkish // *Журнал измерения и оценки в образовании и психологии, Т. 6, выпуск 2*, 2015. – С. 385 – 399.
7. Водопьянова Н.Е., Старченкова Е.А. – СПб.: Питер, Синдром выгорания. – М., 2008. - 316с.
8. Бойко В.В. Психоэнергетика. – СПб.: Питер, 2008. – 416с.
9. Домырева Е.А. Психологическая защита как ресурсосберегающая стратегия деятельности педагога // *Ученые записки: электронный научный журнал Курского государственного университета.* 2012. № 1 (21) <http://scientific-notes.ru/>, август 06, 2018.
10. Касымова Г.К., Шахл Х. Психологиялық-педагогикалық тұрғыдан стрессті басқару // *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы: «Психология» сериясы, № 2(55).* – А., 2018. 26 – 31бб.

11.Оспанбаева М.П. Педагогтердің эмоциялық күйзелістерінің алдын алу шаралары: Ұстаздардың біліктілігін арттыру жүйесінде инклюзивті білім беру (оқу құралы). – Тараз., 2018. - 37 – 39 бб.

12.Макаров В.В. Синдром эмоционального выгорания у врачей различных специальностей // Психическое здоровье. – М., 2016. - № 3. - С. 60-67.

МРНТИ: 15.21.45

Оспанбаева М.П.¹, Кошербаева Ж.С.²
^{1,2}«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы – Жамбыл облысы бойынша педагог
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,
Тараз қ., Қазақстан

АДАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНА БАҒЫТТАЛҒАН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖАҢАРТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Аңдатпа

Мақалада жаһандық-диалектикалық құбылыстар аясында білім беру ұйымдарының педагог, психологтарына жүктелетін жаңа міндеттерге сипаттама жасалды: оқушылармен қатар, педагогикалық ұжымды да әлеуметтік ортаның тыныс-тіршілігімен үндес өмір сүруге бейімдеу, жаңаша ойлауға бағыттау. Сондай-ақ, жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу жағдайында психологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастыру және үйлестірудегі жаңа тәсілдерталданды: әлеуметтік-психологиялық мониторинг, әлеуметтік-психологиялық сараптама, әлеуметтік-психологиялық жобалау.

Зерттеу жұмысында жалпыадамзаттық құндылықтарды игеру және планетарлық ой-сананы қалыптастыру сынды заманауи парадигмалардың негізі – адам әлеуетін ашу схемасы қарастырылды. Айналадағы өзгерістердің әсері адам психологиясымен қатар, оны дамыту құралдарын да жаңғыртуға ықпал ететіні негізделді. Дәстүрлі жүйедегі психогимнастика, психодрама, психотренинг сынды белсенді психокоррекциялық құралдарды медитация, ребефинг, аутотренинг сынды техникалармен алмастыру тетіктері ұсынылды.

Түйін сөздер: психолог, психологиялық қызмет, адами капитал, ағза, жүйке, психика, денсаулық, өзін-өзі реттеу, тыныс алу, тынығу, медитация, аффирмация, аутотренинг, метафизика.

Оспанбаева М.П.¹, Кошербаева Ж.С.²
^{1,2}Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» – Институт повышения квалификации педагогических работников по
Жамбылской области, г.Тараз, Казахстан

НОВЫЕ СТРАТЕГИИ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ СЛУЖБЫ НАПРАВЛЕННЫЕ НА ЧЕЛОВЕЧЕСКИЕ ЦЕННОСТИ

Аннотация

В статье охарактеризованы новые задачи для педагогов-психологов организаций образования, в рамках глобальных диалектических явлений: направление учащихся, педагогических кадров к гармоничной жизни с окружающим миром и ориентация на новое мышление. Также были проанализированы новые подходы к организации и координации психологической службы в контексте внедрения обновленного контента: социально-психологический мониторинг, социально-психологическая экспертиза, социально-психологическое проектирование.

В исследовании рассматриваются основы современной парадигмы формирования планетарного мышления – развитие человеческого потенциала и общечеловеческих ценностей. Обоснованы новые инструментарии, как последствия изменений окружающей среды и человеческой психологии. Предложены механизмы замены традиционных психокоррекционных инструментов, таких как психогимнастика, психодрама, психотренинг на современные психотехники: медитация, ребефинг, аутотренинг.

Ключевые слова: психолог, психологическая служба, человеческий капитал, организм, нервная система, психика, здоровье, саморегуляция, дыхание, отдых, медитация, аффирмация, аутотренинг, метафизика.

NEW STRATEGIES OF PSYCHOLOGICAL SERVICE FOCUSED ON HUMAN VALUES

Annotation

The article presents new challenges for education psychologists of educational organization within the global dialectical phenomena: direction of students and teaching staff to balanced life with the world around us and focus on new thinking. Although new approaches to the organization and coordination of psychological service in the context of updated content's implementation were analysed: social-psychological monitoring, social-psychological expertise, social-psychological projecting.

In this research discussed basics of forming planetary thinking's contemporary paradigm – development of human capital and universal human values. New tools are justified as consequences of environmental and human psychology changes. Substitute for traditional psychocorrective tools such as psycho-gymnastics, psychodrama, psycho- training were suggested on modern psycho- technologies: meditation, rebirthing, auto-training.

Key words: psychologist, psychological service, human capital, body, nervous system, psyche, health, self-monitoring, breath, rest, meditation, affirmation, auto-training, metaphysics.

XXI ғасыр – жаһандық жаңалықтармен қатар, білімнің дәуірлеу ғасыры. ҚР Президенті Н.Назарбаев қазақстандықтардың әл-ауқатын арттырудың бірден-бір жолы білімділікке ұмтылыс болуы керектігін атап көрсетті[1]. «Өмір бойы білім алуға» негізделген қазіргі қазақстандық білім жүйесі ұлт болашағының іргетасын қалайтын қуатты ресурс болуымен қатар, қоғамды әлеуметтік жаңғырту әлеуеті де. Сондықтан, ақпаратқа толы заман мен үдемелі даму жолындағы қазіргі қазақстандық қоғам білім беру мазмұнын жаңарту үрдісін кешуде. Академиялық пәндердің мазмұны жаңа дәуірге сай инновациялар, әсіресе адам құдыреттілігін паш етіп, рухани жетілу жолдарын сілтейтін білімдермен толықтырылу үстінде. Тиісінше білім беру бағдарламаларының психологиялық компоненті күшейтіліп, оқушыны дамыту-тәрбиелеу стратегияларын меңгеру мұғалім біліктілігінің өлшемі ретінде бағалануда.

Жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу жағдайында психологиялық қызметті ұйымдастырудың жаңа бағыттары тәжірибеге ендірілуде. Оларды психологиялық диагностика, дамыту-түзету жұмыстары, кеңес беру психологиясы, алдын-алу немесе сақтандыру шаралары, психологиялық білім беру сынды психологиялық қызметті ұйымдастырудың дәстүрлі бағыттарымен қатар қолдану, жаңартылған білім мазмұны шеңберінде психологиялық көмек көрсету тиімділігін жоғарылатады.

Әлеуметтік-психологиялық мониторинг (ӘПМ) – білім беру сапасына және тәрбиеленушілердің тұлғалық өзгерістеріне оң ықпал ететін психологиялық-педагогикалық технологиялардың әсерін талдауды қамтамасыз ету; шынайы деректерге негізделген кадрлық, қаржылық, тағы басқа ресурстарды бөлу және әкімшілік шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу жүйесі. ӘПМ педагогикалық кеңес, психологиялық-педагогикалық консилиум отырыстарына міндетті ақпарат қызметін атқарады. Мысалы, сыныпқа (параллель) тоқсан бойы жүргізілген жүйке жүйесін тыныштандыруға арналған дамыту-түзету бағдарламасының әсерінен оқушылардың үлгерім нәтижесіндегі өзгерістер туралы ақпарат.

Әлеуметтік-психологиялық сараптама (ӘПС) – білім, тәрбие, әлеуметтік бағдарламалардың, оқу құралдарының, білім беру маршруттарының және басқа да білім кеңістігінің құрамдастарының белгіленген даму стратегияларына, сондай-ақ оқушылардың жас және даралық ерекшеліктеріне сәйкес келуін бағалау үрдісі. ӘПС психологтан кәсіби іскерліктің жоғары деңгейін талап етеді: себеп-салдарлық байланысты анықтау, жасаған тұжырымдарды дәлелдеу, баяндау барысында логикалық бірізділікті сақтау және арнайы терминологияны орнымен қолдану. Мысалы, оқушының мамандыққа кәсіби бейімділігін анықтау мақсатында ұсынылған диагностикалық құралдар топтамасына сараптама жасау;

Әлеуметтік-психологиялық жобалау – білім беру кеңістігінің субъектілерін оқыту, тәрбиелеу, дамыту міндеттерін шешу үшін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық іс-шаралар жүйесін жасау қызметі; мысалы, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім қажеттігі бар оқушының білім маршрутын жобалау үрдісі[2].

Заманауи өзгерістер ағымы адам психологиясының қарқынды дамуына оң ықпал етуде. Жаңа дәуір адамы адамзат тарихындағы бай тәжірибені бойына сіңіре отырып, өзі өмір сүріп отырған заман

ерекшеліктерімен бірге даму үстінде. Бұл – білім беру ұйымдарына да тән құбылыс. Қазіргі оқушылар жаңаны тез қабылдайтын зеректігімен, айтқанды бірден ұғатын алғырлығымен және айтпағынды емеурінінен ұғатын сезімталдығымен айрықшалаңады. Жаңа буын балаларының мұндай ерекшеліктері заманауи заңдылық екені қазіргі таңда баршаға аян. Білім беру саласына ендірілген жаңартылған бағдарлама, инновациялық әдістер, жаңа буын оқулықтары сынды өзгерістер соның айғағы. Осы жаһандық-диалектикалық құбылыстар білім беру ұйымдарының педагог, психологтарына жаңа міндеттер жүктейді: оқушылармен қатар, педагогикалық ұжымды да әлеуметтік ортаның тыныс-тіршілігімен үндес өмір сүруге бейімдеу, жаңаша ойлауға бағыттау. Жалпыадамзаттық құндылықтарды игеру және планетарлық ой-сананы қалыптастыру сынды заманауи парадигмалардың негізі – адам әлеуетін ашу, рухани кемелденуге жетелеу. Бұл жолда психолог катализатор рөлін атқарады, яғни тұлға болмысының ашылуына ықпал етуші маман. Психолог қаншалықты білікті болса да, жан-дүниедегі өзгерістерді реттейтін – субъект, яғни адамның өзі. Ұғынықты болу үшін мысал келтірейік. А.Маслоу бойынша, тұлғааралық қарым-қатынастарда туындайтын мәселелер, көп ретте, адамның ішкі дүниесіндегі байланыс кедергілерінің салдары. Тұлғаның басқалармен тіл табысуы олардың өзара ұқсастық деңгейімен шартталады. Адамның ғаламмен байланысы оның болмысына тәуелді; адам әлемнен өзінің танымына сай, түсінуіне лайық, яғни қабылдауға дайын ақпаратты алады. Егер осы постулатты кең көлемде қарастырар болсақ, адам ғаламнан өзінде жетіспейтінді алып, оған өзінің бөлшегін береді. Сондықтан да, адам болмысына барынша тереңірек үңілу, ортаға сәйкес келуі үшін, оның қандай болу керектігін түсінуде аса қажетті алғышарт болып табылады. Сонымен, тұлғаның айналасымен өзара қарым-қатынасы қай кезде жақсарады? Ол өзінің жан-дүниесін түсініп, ішкі әлемімен тіл табысқанда, яғни үндестікке түскенде; өз болмысының кей бөліктерімен «соғысуды» тоқтатқанда; шындықты нақты әрі дәлірек қабылдай бастағанда әлеммен қарым-қатынасы реттеледі[3]. Бұл ретте Ницше айтқан «түсіну үшін – көру керек» қағидасы әлі күнге өзекті [4]; әсіресе орта білім беру ұйымдарында.

Адами болмыс сана арқылы дамиды. Мектеп оқушылары мен педагогикалық ұжым қызметкерлерінің санасын жаңа сапаға көтеру үшін олардың зейінін, қабылдауын, сезімталдығын және жауапкершілігін дамыту керек. Жоғары саналылыққа қол жеткізу танымдық елгезектік, ой өрісі мен көңіл көкжиегінің кеңеюі және болмысты нәзік сезіну мен интуиитивтік тұрғыда қабылдауды қажетсінеді. Адам психикасымен жұмыс жасау тым күрделі; себебі психика әмбебап! Ал, ол бір емес, көптеген адамдардың психикалары болса ше?!

Қазіргі заман адамы өз іс-әрекетін сезінуге, оған жауапкершілікпен қарауға, әр қадамын (ой өрісін) саналы түрде басқаруға және күтілетін нәтижені алдын-ала болжап, жетістікке ұмтылуға барынша ынталы. Бұл – өзгермелі әлемдегі табыстылық шарты. Ал оған жетелейтін мүмкіндік – ішкі әрекет. Психология тілімен түсіндірер болсақ, экстериоризация – ойдың амалға ауысуы. Ал оның жолдары қандай? Сананың сәулеленуіне әкелер қарапайым жол – ниет тазалығы. Ниет жанмен бірге тазарады. Жанды тазартатын – өмірлік сынақтар. Адам жаны қиындықтардан сабақ алу арқылы кемелденеді. Бұл туралы адамзат ұстазы әл-Фараби былай деп тұжырымдайды: «Бақыт – барлық жамандық жойылған кезде және адам жаны мен тәні мәңгі әлемдік санамен біріккен кезде келеді. Адам о дүниеге аттанса да, тірі кезінде қол жеткізген бақыты, рухани әрі ұлы құбылыс бола тұрып, жойылмайды, адамнан кейін қалады»[5]. Санасы сәулеленген жан ниетті тазарту күшіне ие. Бұл – таяқтың екі ұшы сияқты жайт. Ниеті таза адам өз санасын сәулелендіре алады. Сәулелі сана иесі көптің ниетін тазарта алады. Ал бұл екеуінің де астарындағы негіз – тілек. Қалау болмаса, қара тас орнынан қозғалмас. Адам баласына бұйыртылған нығметтердің жүзеге асуы – тілектің күшімен: қарапайым қажеттіліктерден, алхимиялық өзгерістерге дейін...[6].

Айналадағы өзгерістердің әсері адам психологиясымен қатар, оны дамыту құралдарын да жаңғыртуда. Дәстүрлі жүйедегі психогимнастика, психодрама, психотренинг сынды белсенді психокоррекциялық құралдарды медитация, ребефинг, аутотренинг сынды техникалар ығыстыра бастады. Психотерапияда қолданылатын гипнотерапия қазіргі уақытта стресстік жағдайды түзетуші гипноздық сеанс ретінде психологияда кеңінен танылып келеді. Аталған құралдардың барлығы жүйкені тыныштандыру сипатына ие. Күйгелектік, ашу, ыз, агрессия сынды мінез-құлықтағы келеңсіздіктер, көңіл-күй ауаны, шаршау, өзара қарым-қатынас мәселелері, сәтсіздік салдары, тағы да басқа ушыққан психологиялық мәселелер бірінші орында жүйке жүйесін зақымдайды. Ал оның салдары ағзаның басқа органдарына тиеді. Ұзаққа созылған психологиялық жарақаттың соматикалық ауруға ұласатыны қазір баршаға аян. Сондықтан педагог, психологтар науқастың метафизикалық себебі туралы концепцияны (Л.Хей, В.Синельников, А.Свияш т.б.) негізге ала отырып, аффирмацияларды қолдану тәжірибесіне көшкені жөн. Ребефинг, яғни тыныс алу жаттығуларын психопрофилактикалық іс-шара ретінде барлық «қатер топтарында» жүйелі

түрде жүргізу айтарлықтай оң нәтиже береді. Аудиторияның ерекшелігіне орай мудра, мандала, тәспі қолдану ұсынылады.

Науқастардың дені жүйкенің әлсіреуінен десек, оған әсер ету арқылы сауығу жолдарын ұсыну да – заманауи психологияның құдыретті күші. Халық арасында «У-ды у қайтарады» деген нақыл сөзді осы жерде қолданған орынды болар. Тұжырым дәлелді болуы үшін белгілі физиолог И.Павловтың зерттеуіне назар аударыңыздар: «Жоғары жүйке әрекетін зерттеу барысында алынған ең маңызды, күшті әрі таңғаларлық әсер – оның керемет икемділігі, оның ғажайып мүмкіндіктері: ештеңе өзгеріссіз, сол күйінде қалмайды; бәрі де әрдайым қолжетімді; егер тиісті жағдайлар жасалса, барлығы жақсы жаққа өзгеруі мүмкін» [7]. Жүйкені тыныштандыру үшін күніне 2 рет медитация техникасын қолдану арқылы керемет нәтижелер мен жетістіктерге жетуге болады. Психолог youtube.com виртуалды бейнеканалына қосылып, өзін толғандырған мәселелердің шешіміне сай медитацияларды тандап алуына мүмкіндік бар. Ескертетін жайт – бейнефильмдердің барлығы орыс тілінде. Қазақ тілді аудиторияға релакс-музыка фильмдерін қолдану ұсынылады.

Адам тіршіліктің сан алуан нығметтерінің қайнар көзі нақ өзі екендігін сезінгенде санада тың өзгерістер мен сапалық сілкіністер пайда болады. Осылайша ояну құндылықтар басымдығына жаңаша қарап, өмір сүру тетіктерін қалауынша басқаруға және реттеуге мүмкіндік береді. Сана сергектігі жеке адам болмысының оң өзгерісін қамтамасыз ете отырып, айналасына да айтарлықтай жағымды ықпал етеді. Күн шуағымен тіршілік атаулыны нұрға бөлейтіні секілді, рухы еркін кемел адамның көкірек көзі көпке сәуле шашып, қараңғыны жарық етеді. Міне, осы сәттен бастап сананың жаңғыру үрдісі белең алады. Тоқтаусыз, қажырлы еңбек пен таза ниеттің арқасында оянған сана – сәулелі!

Қазақстандық мектептер білім беру мазмұнын жаңарту аясында пәндерді оқытуда базалық оқулықтармен бірге, көптеген қосымша ресурстарды пайдалануда. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы білім беруді цифрландыруды міндеттейді. Осы ретте мектеп психологтарын bilimland.kz/kk, kazbilim-edu.kz, bilimsite.kz, orleu-edu.kz, resurs.kz/ отандық білім порталдарымен жұмыс жасауға, оларды мемлекеттік тілдегі озық тәжірибе, инновациялық жоба т.б. ресурстармен толтыру қажет.

«Адам – ақпаратты-қуаттық құрылым» концепциясын ұстанған дәрігер С.Коновалов ақпарат – жер шарын былай қойғанда, тіпті о дүниемен де, ғарыш әлемі, тұтас кеңістікпен де байланыстыру құралы екенін және қазіргі кезде ол айғақтауды қажет етуден қалған өмір шындығы болғанын негіздейді [8]. Расында да, бүгінгі адами-ақпараттық болмысқа шолу жасасак түс көру, интуиция сезімталдық қабілеттері арқылы тұлғааралық байланыстарды байқаймыз. Осының барлығы адам баласының құдыреттілігінен хабар бермей ме? Әрбір жан әуел баста өз бойындағы табиғат сыйлаған мүмкіндіктерін қолдануға талпыну және оны үнемі жетілдіріп отыру арқылы санасы серпіліп, таңдаулылар қатарынан орын алу мәртебесіне ие...

Психологтың күнделікті қызметте қолданысқа ыңғайлы алдын алу жұмыстарының бір парасы – тұлғаның өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Өз пиғылыңа (ниет) өзгенің үн (тілек) қосуы тілек күшін еселейді. Тілек тілеу сауатын игеру нәтижесінде тұлғаның жауапкершілігі күшейіп, әрбір іс-әрекетін саналы түрде басқара алатын болады; өзіндік дамумен қатар, айналасына оң ықпал ету қабілеті артады. Әр жеке сананың сәулеленуі негізінде қоғамдық сана кемелденеді [9].

Әбу Наср Әл-Фараби «адам міндетті түрде адал ниетті болуы керек, өйткені жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады» дей отырып, жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқтығын, мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқатқа қолы жетпейтінін ескерткен [5].

Қазіргі уақытта психологтардың арсеналында психотехникалардың бай қоры бар. Бірақ психиканы дамыту, түзету, реттеу сынды күрделі әрі ұзақ мерзімді психологиялық сүйемелдеу әрекетінде жалаң психотехникаға сүйену жеткіліксіз. «Адам психикасының алыс шегі» еңбегінде А.Маслоу білім беру мәселелерін қозғайды. Ол би билеуді, өнерді үйрету немесе басқа да формаларды меңгерту – дәстүрлі білім берудің маңызды сәті деп санайды: дене және сезімге бағдарланған оқу пәндері оқушылардың белсенді қатысуын талап етеді. Маслоудың пікірінше, махаббат, құрмет, қауіпсіздік сезімі іргелі қажеттіліктер болып табылады, «бірақ, өкінішке орай, психология бойынша оқулықтардың басым көпшілігінде тіпті «махаббат» сөзі айтылмайды да» [3].

Махаббат – мейірімділік субстанциясы. Жан-дүниенің мейірленуі, болмыстың жұмсаруы, мінез-құлықтың жағымды жақтары сынды жоғары адами қасиеттердің басым көрінісіне ықпал ететін факторлардың бірі әрі бірегейі – ғашықтық сезімі. Тұлға бойында алхимиялық құбылыстардың жүруіне жеткізетін орасан зор, алапат сезім – жақсы көру арқылы адам еңсесі көтеріліп, көңілі кірбеңнен арылады; жан-дүниесі «ән салады». Мұндай керемет күйді бастан кешу арқылы адам болмысы дамудың жоғары

сатысына көтеріледі; өз қадыр-қасиетін нәзік сезініп, сенімі ұлғаяды; өзінің қайталанбас, даралығын толыққанды мойындап, тәңіріне алғысы, тағдырына ризалығы, өмірге құштарлығы артады. Ұсақ-түйек кемшіліктерді елемей, ағаттықтарға кешіріммен қарайтын болады. Мұндай нұрлы күйде жүрген адамның қуаты артып, жігерлене түседі; шабыты тасып, әділетті, адал, арлы бола түседі. Айналасына шуағын шашқан махаббат иесі ажарланып, жүзі нұрланады. Ол таратқан нұрмен қоршаған орта жылынады, қоғамның рухани әлеуеті артады. Педагогикалық ұжымда кең тараған заманауи індеттердің бірі мұғалімдердің эмоциялық күйзеліске түсуі. Көп ретте оның әлеуметтік салдарлары айтылады да, негізгі себебі ашылмайды: махаббатты сезінбеу салдарынан, жанның жадау тартуы [10]. Ал оқушылардың еркін дамып, жайқала жетілуі үшін ата-ана махаббаты мен аялы алақанын, ұстаздың қолдауын, сенімін күнделікті, әр сәт сайын сезіну аса маңызды.

Сүйікті ісімен шұғылдану адамға айтарлықтай ләззат сыйлайды. Барлық адамдарда шығармашылық бастама негізі қаланған. Оны тек аша білу қажет. Шығармашылықты дәстүрлі сана қабылдауы бойынша музыкаға, спортқа, бейнелеу өнеріне немесе қолөнерге қабілеттілік деп түсу оның аясын тарылтады. Адам баласы жасай алатын, қолынан келетін іс-әрекеттердің қай-қайсысы болмасын, ерекше сезім, аялы қатынаспен орындалса, ол шығармашылық үрдіс болып табылады. Адам мұндай сәтте сырт дүниені ұмытып, өзінің тәңірлік болмысымен қауышады. Нәтижесінде айналадағы адамдарды тамсандырып, олардың игілігіне жұмсалатын керемет жауһар дүниеге келеді. Жұрттың сүйсінуі және таңырқауы, оны тұтынудан туған рахмет, алғыс сезімдері шығармашылық иесінің жан-дүниесін байытып, толқытады; рахатқа бөлейді. Бойында бар нышанды дамыту арқылы тұлға өзінің жаңа қырларын таниды. Бұл оның өз-өзіне көңілі толып, марқаюын, жеке басын қастерлеп, болмысын сыйлау сезімін тудырады [11]. Қазақстанның болашағын рухы берік, дені сау, жүрегі жұмсақ жандардың жасауын қаласақ, білім беру ұйымдарындағы шығармашылық және өнер сабақтарының стандартқа сай, өз дәрежесінде өтуіне ден қою қажет.

Заманауи мектептердің психологиялық қызмет жүйесінде атап өтуге тұрарлық *оң өзгерістер*: психологиялық-педагогикалық консилиум және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі [12].

Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастыру үрдісінде *кемшіліктердің белен алу себептері*:

- кәсіби көмек көрсету стандарттарының болмауы;
- қолданыстағы диагностикалық құралдардағы ақаулар;
- дамыту-түзету бағдарламаларының аздығы.

Мектеп тәжірибесіндегі педагог-психологтың кәсіби кемшіліктері:

-нысананы өлшеу үрдісінде бір ғана диагностикалық құралды қолдану және соның салдарынан психологиялық мәселені дәл анықтай алмау;

-бірнеше диагностикалық құралдар қолданылған жағдайда нәтижелерді өңдеу, өзара үйлестіру тәжірибесінің жеткіліксіздігі;

-психологиялық мәселені анықтау іскерлігінің кемшіндігі;

-дамыту-түзету қызметінің тиімді заманауи тәсілдерін қолдана алмау [13].

Елімізде психология ғылымының дамуы әлі күнге дейін пәндік деңгейде. Оның ментальды қолданбалылығын арттыру және заманауи іргелі ғылыми нәтижелер алу үшін арнайы зертханалар мен ғылыми-зерттеу институттары қарастырылмаған. Біз өмір сүріп отырған инклюзивті қоғамда қолданбалы психология мен тәжірибелік психология стихиялық түрде даму үстінде; теориялық психология академиялық шеңбер құрсауында; ал іргелі психологияның негізі де қаланбаған. Классикалық психологияның дамуы жағынан батыс өркениетімен қатар тұрған көршілес Ресей Федерациясында 2017 жылдың желтоқсан айында «Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы» қабылданды [14].

Адами капиталды стратегиялық басымдық ретінде танып отырған мемлекетіміз жақын арада психологиялық қызмет бойынша үйлестіру кеңесін және ғылыми зерттеу орталығын құруы шарт. Білім беру ұйымдарында оқушыларға психологиялық көмек көрсету тиімділігін арттыру және педагогикалық ұжым сұранысын қанағаттандыру үшін психологиялық қызмет жұмысын жаңарту қажет. Төменде берілген өзгерістерді ендіру арқылы білім беру ұйымдарының субъектілеріне заманауи әрі сапалы психологиялық қызмет көрсетумен қатар, қоғамда психолог мәртебесінің артуы да қамтамасыз етіледі.

1. Мектеп психологының кәсіби қызмет көрсету стандарттарын жасау.

2. Компьютерлік (онлайн) диагностикаға көшу.

3. Мектеп контингентінің психологиялық мәселелеріне байланысты заманауи дамыту-түзету құралдарын жасау және ендіру.

4. Түрлі бағыттағы дамыту-түзету, түзету-бейімдеу, алдын-алу бағдарламаларын жасау және сынақтан өткізу;

5. Психологиялық қызметті ақпараттық қамтамасыз ету, яғни білім беру үрдісі қатысушыларына арналған веб-портал құру [15].

Сонымен, орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің ағымдағы жағдайына шолу жасалды; өзекті мәселелері қарастырылды; адам құндылықтарын дамытуға бағытталған жаңарту стратегиялары ұсынылды. Ниет тазалығы, жауапкершілікті сезіну, кәміл сенім, оң тілек сынды заманауи психологиялық құралдар және медитация, аутотренинг, ребефинг, аффирмация сынды өзін-өзі реттеу техникалары талданды. Білім беру ұйымының педагогикалық ұжымы, оқушылар және ата-аналардың бір-бірімен шынайы, тығыз байланысы әрі бір-біріне құрмет, жанашырлық, сыйластық сезімдерінің қалыптасуы тазалыққа, мейірімге, бақыт пен бақуаттылыққа жетелейтін кемел қасиеттер екені тұжырымдалды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру. 26.04.2017. <https://egemen.kz>
2. Шарапановская Е.В., Брылева О.А. Актуальные проблемы развития психологической службы в образовании. – Барнаул, 2010. – 236 с.
3. Маслоу А.Г. Дальние пределы человеческой психики. Пер. с англ. Татлыдаева А.М. – Спб.: Издат. группа «Евразия», 1997. – 430 с.
4. Ницше Ф. Сборник произведений: «По ту сторону добра и зла», «Казус Вагнер», «Антихрист», «Ессе Номо», «Человеческое, слишком человеческое», «Злая мудрость». – Минск: издательство «Харвест», 2005. – 847 с.
5. Оспанбаева М.П., Ускенбаева Ж.А., Култаева А.Ж. Психологические аспекты модернизации общественного сознания. // журнал «Вестник КазНПУ им. Абая», серия «Психология», №4(53), - А.: 2017 г. – С.133-136
6. Оспанбаева М. Жаңа дәуір адамын қалыптастырудың кешенді психологиялық стратегиялары. «Қытайдан Адриатқа» III Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Анталья., 2016. 196-202бб.
7. Мирошник И. М. Координационная парадигма развития и система психологической координации: пути эволюции способностей человека будущего // Мир психологии. – М., 2013. № 2. - С. 145-161.
8. Коновалов С.С. Человек и Вселенная. Информационно-энергетическое учение. С-Пб: АСТ. – 2015. ISBN: 978-5-17-090788-5. – 240с.
9. Оспанбаева М.П. Тілекте куш бар. «Ақ жол» Жамбыл облыстық қоғамдық-саяси газеті. – Тараз, 16 мар. 2017жс. www.akjolgazet.kz/
10. Оспанбаева М.П. Ұстаздардың біліктілігін арттыру жүйесінде инклюзивті білім беру. – Тараз, 2018. – 112б.
11. Шонабаева Қ. Адам – жер бетінің халифасы. – Тараз: «Сенім», 2011. – 75б.
12. Білім беруді жетілдірудің жаңа парадигмалары. <http://bilimsite.kz/ustaz/> Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қазғидасы. – Алматы, 2012. – 16 б.
13. И.В. Дубровина Психологическая служба образования: организация и управление // Психологическая служба, - М., № 1(10) январь—март 2007. - С. 56-63.
14. Концепция развития психологической службы в системе образования в Российской Федерации на период до 2025 года. – М., 2017. – 13 с.
15. Ямбург Е.А., Забрамная С.Д. Управление службой сопровождения детей в условиях образовательной организации. Практико-ориентированная монография. – Москва.: Бослен, 2013. – 238 с.

МРНТИ:15.31.31.

Момбиева Г.А.¹, Қазақбаева Г.И.²

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ЗАМАНАУИ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі қоғамдағы жасөспірімдердің психологиялық денсаулығы аясында мәселе қозғалған. Жасөспірімдердің негізгі ерекшеліктері мен даму фазалары көрсетілген. Әлеуметтік ортаның жасөспірімдерге деген ықпалы қарастырылған. Аталған мақалада ғұлама ғалымдардың көзқарастары мен ой-пікірлері егжей-тегжейлі талданған. Заманауи қоғамда жасөспірім тұлғасының жеке-дара дамуы мен қалыптасуы жан-жақты қарастырылған. Жасөспірімдік шақтағы өзіндік сана сезімнің қалыптасудың факторлары мен сатылары сипатталған.

Түйін сөздер: жасөспірім, психологиялық денсаулық, дағдарыс, тұлға, даму, жастық шақтағы максимализм.

Момбиева Г.А.¹, Казахбаева Г.И.²

^{1,2} Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ЗДОРОВЬЕ СОВРЕМЕННЫХ ПОДРОСТКОВ

Аннотация

Статья посвящена проблеме психологического здоровья подростков в современном обществе. В данной статье представлены основные особенности и фазы развития подросткового возраста. В статье также представлены влияние окружающей среды на подростков. В статье проанализированы научные взгляды ученых-психологов. В статье представлены индивидуальное развитие и формирование личности подростка в современном обществе. Раскрыты этапы и факторы формирования собственного сознания в подростковом возрасте.

Ключевые слова: подростки, психологическое здоровье, кризис, личность, развитие, юношеский максимализм.

Mombieva G.A.¹, Kazakhbayeva G.I.²

^{1,2} Abay Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL HEALTH OF MODERN ADOLESCENTS

Annotation

The article is devoted to the problem of psychological health of adolescents in modern society. This article presents the main features and phases of the development of adolescence. The article also presents the influence of the environment on adolescents. The article analyzes the scientific views of psychologists. In the school are presented the individual development and the formation of the personality of a teenager in modern society. The stages and factors of the formation of compounded consciousness in adolescence are revealed.

Key words: adolescents, psychological health, crisis, personality, development, youthful maximalism.

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі «Білім беруді дамыту» бағдарламасы: “экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру”, - деген алдына үлкен мақсат қойып отыр. Соның ішінде, бағдарламалық мақсатқа көз жүгіртсек: жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алуудағы қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту, - деп көрсетілген, яғни қазіргі

таңдағы білім берудің негізгі мақсаты - жүйеленген білімді, дағды мен білікті меңгеру, білім алушылардың ақыл-ойы мен сезімін дамыту, дүниеге көзқарасын және танымдық үрдістерін қалыптастыру[1].

Психологиялық денсаулық ұғымы «үйлесімділік» ұғымымен тікелей байланысты, яғни тұлғаның «Мен» жағдайының әртүрлі сезімдерімен өзара байланыста болуы (тұлғаның эмоционалды, интеллектуалды, коммуникативті, физиологиялық аспектілері). «Психологиялық денсаулық» кеселді психикалық құбылыстардың болмауымен және айналадағы барлық әрекеттерді реттеудің тепе-тең жағдайын қамсыздандыруымен сипатталатын жан дүниенің саламаттылығы ретінде қарастырылады. Көптеген ғылыми еңбектерде бұл термин психологиялық комфорт немесе психологиялық дискомфортты бастан кешірумен сәйкестендіріледі.

Психологиялық зерттеулерге сүйенетін болсақ, психологиялық денсаулық тікелей тұлғаның рухани байлығымен байланысты, бұл дегеніміз өзіндік өмірдің мәніне көз жеткізуге ұмтылу әрекеті. Тұлғаның рухани байлығы дегеніміз – біріншіден, бүкіл әлеммен, айналадағы ортамен үйлесімді өзара әрекет жасауға және оның өзіндік белсендірілуіне байланысты; екіншіден, өзін-өзі кемелдендіруге ұмтылып, өз-өзіне жағымды жағдай жасауы [2].

Бастауыш сынып оқушыларына өз деңгейінде зерттеу жұмыстарын жаздыру оқу үдерісінде дәстүрге айналып келе жатыр деуге болады. Олардың өзіндік даму ерекшеліктеріне сай тақырыптар беріп, іздендіру, ғылыми танымның алғашқы элементтерін қалыптастыру маңызды болып отыр. Соңғы жылдардың ішінде мектепте жаңа технологияларды кеңінен қолдану орын алып отыр. қазіргі оқыту үрдісінің мақсаты оқушыны жан жақты қалыптасқан, бәсекелестікке бейім жеке тұлға тәрбиелеу. Әрине сабақта әртүрлі жаңа технологиялар және олардың бөлшектері қолданылады. Жобалар әдісі соңғы жылдары оқыту процесінде кеңінен орын ала бастады. Бұл әдіске қызығушылықтың себебі оқыту процесі мен оның нәтижесіне жаңашыл көзқараспен қарау.

Жобалар әдісі қазіргі білім берудегі талаптарға сай әдіс. Бұны қолданғанда балалар тек қана өздерінің іс-әрекеттерінің жоспарлауды ғана қоймай, сол жоспарларын жүзеге асыру үшін жаңа тәсілдерді ойлап табады, бірнеше саладан алынған білімдерін бір міндетті шешуге қолданады, табылған нәтижелерді талдап, болжаммен салыстырады. Осы талдаудың нәтижесі арқылы жаңа міндет қояды. Жауапкершілікке тәрбиелейді, бастаған істі аяқтауға баулиды. Аталған әдістер бала жаратылысына тән: білуге құмарлық, байқау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізу сияқты бала әрекетіндегі жеке қасиеттерін ашуға жағдай жасайды. Бірақ төменгі сынып оқушыларын зерттеу тақырыбымен «қинауға» болмайды. Әрине жоғарыда айтқандай бала туа біткен зерттеуші емес, бірақ алғашқыда оған арнайы түрде үйретіледі: проблеманы қалай анықтауға болатыны болжамды қалай құру керек, эксперимент қалай жасалатыны т.с.с. айтып түсіндірілуі тиіс.

Негізінен жобалау әдісі бастауыш сыныпта қолдану тікелей мұғалімнің көмегімен жүзеге асырылады. Бұл жұмысқа ата-аналарды да қатыстыруға болады. Бұл технология әлемдік педагогикада жаңалық емес.

Ағылшын тілінен аударғанда «cooperative learning» – бірге үйрену деген мағынаны білдіреді. Түсіндірме сөздікте оған төмендегідей анықтама беріледі: Жобалау технологиясы – оқушылардың жоспарлау және күрделене беретін тапсырмаларды орындау арқылы меңгеретін білімі.

Жоба дегеніміз – алға, болашаққа талпыныс, ұмтылыс деген сөз. Басқаша айтқанда, бірнәрсені қалпына келтіру жоспары, ізденім арқылы іс-қимылдың нәтижесіне жетудегі әрекеттер жүйесін білдіреді.

Жобалай оқыту технологиясының өзектілігін мынадай факторлар анықтайды:

■Біріншіден, оқушылардың қазақша мәтінді өз бетімен оқып, оның негізінде қатысымға түсетіндей қабілетке ие болу, өз ойын тыңдаушысына түсінікті етіп жеткізе білу әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік жасайтындығымен;

■Екіншіден, берілген тапсырмаларды орындау мақсатында шығармашылық белсенділік танытуына, өздігінен ізденуіне, соның негізінде сөздік қорын дамытуға, молайтуға мүмкіндік жасайтындығымен;

■Үшіншіден, жобалай оқыту әдісін технологиялық жүйе ретінде кең тұрғыда қолдану мәселесін ғылыми және практикалық тұрғыдан зерттеу жалпы қазақ тілін жекелеген әдістердің жиынтығы түрінде емес, белгілі бір тұтас жүйе түрінде оқыту арқылы сапалы білім беру мүмкіншілігінің молдығымен ерекшеленеді.

Жобалау технологиясы – өнімді оқыту идеясын практикалық тұрғыдан жүзеге асыратын оқытудың бір бағыты, нұсқасы, әдісі, тәсілі. Оның басты ерекшелігі маманның біліктілік құзыреттілігі өзінің өнімді әрекетінің, тәжірибесінің ізденуінің негізінде қалыптасуы.

Ғылыми-ізденістік жобалар және оны іске асыру амал-тәсілдері. Ғылыми-ізденістік жобалардың түрлеріне зерттеу, шығармашылық, пәнаралық, т.б. жатады. Оларды аралас жоба типтеріне жатқызуға да болады. Өйткені жобаның бұл түрлерінде жалпы жобаға тән барлық элементтер қатар қамтылатындай мүмкіндік мол.

Жобаның қандай типімен жұмыс істелсе де, онда әр түрлі әдістер, әсіресе, зерттеушілік әдіс міндетті түрде қолданылып, негізгі орынды иемденеді. Бұл әдіс тілді меңгерту үрдісінде дербес те, жобалай оқыту технологиясының құрамында да қолданады. Өйткені зерттеушілік әдіс жалпы білім берудің басты міндеттерін орындауға қолайлы әдістің бірі және ол жалпығылыми әдіснамалық тұрғыдан қарастырылады. Жобалай оқыту технологиясының ауқымында алынатын ғылыми-ізденістік бағыттағы басты мәселелердің мәні:

- оқушының зерттеушілік әрекетінің мақсатын айқындаудан;
- зерттелетін проблеманы ұсынудан;
- проблеманы шешудің тиімді жолдарын көрсететін болжамдар жасаудан;
- ақпараттар жинауда оларды өңдеуде, проблеманы бөлуде, талдауда толық қатысып, жан-жақтылықта қамтылуда көрінеді.

Ғылыми-ізденіс жұмыстарында, негізінен, оқушылардың танымдық әуелетін көтеруге, олардың лингвоелтанымдық мәдениетін дамытуға теориялық тұжырымдар мен қағидаларды орынды қолдана алу дағдыларын дамыту.

Жобалау технологиясы ХІХғ. 2-ші жартысында АҚШ ауылшаруашылығы мектептерінде пайда болған. Оның негізін қалаған – Джон Дьюи атты психолог және педагог, философ Дьюидің ілімін жалғастырушы – Колумбия университетінің жанындағы мұғалімдер колледжінің профессоры Уильям Херд Килпатриктің ойынша, балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау – бұл технологияның негізі. «Өзіне көйлек тігіп киген бойжеткенді мысалға алайық. Егер ол кейін өзі киетін көйлегі үшін жанын аямай, ерінбей, аса қызығушылықпен көйлек үлгісін өзі ойлап тауып, өз бетімен өлшеп, пішіп, тігіп кесе - бұл мысал жобалау технологиясының нағыз типтік үлгісі» - деп келтіреді У.Х. Килпатрик [3].

XXғ басында жобалау технологиясы Ресей педагогтарының назарын өзіне аудара бастайды. Қазіргі заманғы әдістеме ғылымында жоба туралы әр түрлі түсінік бар. Атап айтқанда, зерттеушілердің айтуынша, бұл – жобалау арқылы белгілі бірі ойды жеткізу деп түсіндірілсе, екінші бір ғалымдар оны зерттеу жұмысының мәселелігін шешетін, нәтижесін түйіндеуге арналған ғылыми дәлеледеме ретінде бағалайды. Ал, үшінші бір бағыттағы зерттеулерде жоба ұзақ мерзімге арналған жоспарлы жұмыстың бір бөлігі деп саналады.

Жалпы алғанда, жобалау технологиясы – өнімді оқыту идеясын практикалық тұрғыдан жүзеге асыратын оқытудың бір бағыты, нұсқасы, әдісі, тәсілі. Оның басты ерекшелігі маманның біліктілік құзыреттілігі өзінің өнімді әрекетінің, тәжірибесінің ізденуінің негізінде қалыптасуы. Мысалы, ғылыми-ізденістік жобалардың түрлеріне зерттеу, шығармашылық, пәнаралық, т.б. жатады. Оларды аралас жоба типтеріне жатқызуға да болады. Өйткені жобаның бұл түрлерінде жалпы жобаға тән барлық элементтер қатар қамтылатындай мүмкіндік мол.

Жобалап оқыту технологиясы – проблемалық оқытудың идеясын дамыту, қарым – қатынас, сөйлеу барысында оқушылардың беленділігін арттыру, өз бетімен жұмыс ісеген кезде балалар ақпарат жинайды, әр түрлі ғылыми және әдеби зерттеулерден (хат, пресса, кітаптар) мәлімет қолданады. Жобаны қорғау кезінде фильм, слайд пайдаланылады. Жобалап оқыту жүйесінің негізіне оқушылардың өздігінен іздену

әрекеті барысында білімді шығармашылықпен игеруі жатады. Жобалаудың өнімі – баяндама, рефераттың, т.б. мәтіні ретіндегі оқу жобасы.

Жобалап оқытудың негізінде тұлғалық бағдарлы болып табылу маңызды, яғни бұл оқушыларға өзінің және өзгенің тәжірибесіне сүйене отырып оқуға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың танымдық қызығушылықтарын ынталандырады, өз еңбегінің нәтижесіне қанағаттану мүмкіндігін береді, оқудағы жетістігін сезіндіреді. Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Жоғарыда айтылғандай, жобалау әдісі мұхиттың арғы бетінде 20 ғасырдың басында басталғанымен, Қазақстанда білім беру салалары кредиттік жүйеге енгелі қазақ тілі әдістемесінде соңғы жылдары ғана қолданыла бастады.

Біздің жағдайымызда жобалау әдісі деп – сабақтың өткізілу түрі айтылады. Сонымен қатар жобалау әдісі – оқушы мен мұғалім бірігіп, белгілі бір мәселені шешуге және қорытынды жасауға негізделген оқу немесе басқа да әрекеттерін айтуға болады. Мектеп мұғалімдерінің арасында жобалау жұмыстарына байланысты жобалау сабақтары, жобалық апталықтар, жобалық жұмыстар т.б тіркестер қолданылып жүр. Жобалық жұмыстар орындалу мерзіміне қарай ұзақ, орташа және қысқа мерзімді болып бөлінеді. Қазір мектеп оқушылары мен мұғалімдері бірігіп ұзақ мерзімді ғылыми жобаларды орындап, қорытындысы бойынша қала, республика көлемінде белгілі ғалымдардың қатысуымен өткізілетін конференцияларда келелі мәселелердің шешілу жолдары туралы ойларын ортаға салып, көпшілікті мәселелерді шешу жөніндегі ұсыныстары таң қалдыруда. Бұл әдіс – оқушыларға әрекеттерін өз бетінше жоспарлауға, ұйымдастыруға және бақылауға мүмкіндік береді. Жобалау әдісі оқушыларға тақырып таңдауға, мәліметтердің дереккөздерін жинауда және презентация жасауда өз бетінше жұмыс істеуге жағдай жасайды.

Бұл әдіс - қарым-қатынастың жаңа түрін үлгілеуге арналған.

Жобалау әдісі – оқу үрдісін ерекше етіп тұратын кешенді оқыту тәсілдері жиынтығы.

Жобаның қандай типімен жұмыс істелсе де, онда әр түрлі әдістер, әсіресе, зерттеушілік әдіс міндетті түрде қолданылып, негізгі орынды иемденеді. Бұл әдіс тілді меңгерту үрдісінде дербес те, жобалай оқыту технологиясының құрамында да қолданады. Өйткені зерттеушілік әдіс жалпы білім берудің басты міндеттерін орындауға қолайлы әдістің бірі және ол жалпығылыми әдіснамалық тұрғыдан қарастырылады.

Жобалай оқыту технологиясының ауқымында алынатын ғылыми-ізденістік бағыттағы басты мәселелердің мәні:

- оқушының зерттеушілік әрекетінің мақсатын айқындаудан;
- зерттелетін проблеманы ұсынудан;
- проблеманы шешудің тиімді жолдарын көрсететін болжамдар жасаудан;
- ақпараттар жинауда оларды өңдеуде, проблеманы бөлуде, талдауда толық қатысып, жан-жақтылықта қамтылуда көрінеді.

Тағы бірін мысал ретінде ұсынсақ, рөлдік жоба және ойын жобаларын орындауға мынадай тақырыптар ұсынуға болады:

- «Қазақ тілінің сөз таптары әлемінде» тақырыбында мини-спектакль әзірлеу;
- «Қазақ тілі – әскери қызметте» тақырыбындағы ойын жобасы;
- «Менің болашақ оқушыларыммен қазақша сұхбат» тақырыбындағы рөлдік жоба;
- «Қазақ тіліндегі телехабарлар: сан мен сапа» тақырыбындағы ойын жобасы.

Жобалау жұмысы тіл үйренудің формалдық сипатын жоюға, тілді үйренудің тәжірибелік нәтиже беруіне ықпал етеді. Жоба оқытушы мен оқушының функционалдық міндеттерін өзгертеді. Оқушы қазақ тілін оқытудың нақты бір сабағының мазмұнын таңдауда, ұйымдастыруда, құрастыруда белсенді қатысса, оқытушы кеңесші, көмектесуші немесе ойынға қатысушы ретінде ғана көрінеді.

Ақпараттық жобалар туралы айтатын болсақ, бір нәрсе, бір құбылыс туралы ақпарат, мәлімет жинауға арналған. Жобаға қатысатын оқушыларға сол танылуы тиіс нәрсе немесе құбылыс туралы алдын ала белгілі бір дәрежеде мағлұмат беріледі.

Келесі кезекте сол мағлұматты терең тану арқылы, талдау мен фактілерді топтастыру арқылы дәрісхана алдында нәтижесін баян ету тапсырылады. Жобаның бұл түрі зерттеу жобасымен ұқсас болып келеді.

Осыған орай оны орындаудың тәртіптелген бір жүйесі, құрылымы оқытушы басшылығымен алдын ала белгіленеді. Сол себепті ақпараттық жобаның құрылымын мынадай етіп жүйемен беру ұсынылады:

- ақпараттық жобаның мақсатын белгілеу;
- ақпараттық жобаның өзектілігін айқындау;
- ақпарат көздерін анықтау;
- «ойға шабуыл» тренингін өткізу;

•алынған ақпараттарды өңдеу: талдау, топтастыру, белгілі фактілермен салыстыру, дәлелденген қорытындылар жасау;

•нәтижені рәсімдеу: реферат жазу, мақала жазу, баяндама жасау, видеофильм түсіру, фото-альбом жасау, т.б.

- жобаның тұсаукесері (презентациясы).

Бұл жоба түрін кейде ірі зерттеу жобаларының бір құрамдас модулі ретінде орындату мүмкіндіктері де бар.

Жаңа сабақты меңгеруде де жобалау технологиясының тиімділігі оқушыларды шығармашылық ізденіске, жауапкершілікке және өз белсенділігі арқылы жаңа сабақты тірек-сызба, көрнекіліктер, технологияның көмегі арқылы түсінуге мүмкіндік туғызады. Жаңа тақырыпты оқушылар зерттеушілік ізденіс үстінде өздігінен меңгерулері қажет. Жобалау кезінде оқушы өте белсенді болады, ол өзінің шығармашылықпен жұмыс істей алатынын көрсетеді. Жобамен жұмыс істеу барысында қазақша сөйлеу жағынан нашарлау және психологиялық жағынан белсенділігі төмендеу оқушының өзі де өзінің қиялдауына, белсенділігін және өз бетінше жұмыс істей алатынын көрсетуіне мүмкіндіктері өте мол.

Жобалау сабақтардың дәстүрлі сабақтардан едәуір өзгешеліктері бар. Оны дайындау, өткізу оқытушыдан да, оқушыдан да шығармашылық ізденісті, көп күш-жігер және уақыт талап етеді. Дегенмен, жеке көзқарасы бар, өз бетінше ойлай алатын және толерантты тұлға тәрбиелейміз десек, не ойлау емес, қалай ойлау керектігін меңгертеміз десек, жоба сабақтың берері мол. Себебі, бұл сабақта оқушы белсенді болады, мұғалім мен оқушы бірігіп жұмыс жасайды. Жобалау сабақтар әр түрлі кезеңдерден, қадамдардан тұрады:

Дайындық кезеңі: а) негізгі тақырыпты түсіндіру, талдау, өз ойларын айту;

ә) сабаққа қажетті жаңа сөздермен жұмыс істеу;

б) қосымша материалдар енгізу;

Тақырыптарды бөлу:

а) оқушыларды кіші топтарға бөлістіріп, әр топқа кіші тақырыптар табу;

ә) тақырыптарды талқылау;

Тақырыптарды нақтылау: а) сұрақтар құрастыру, жоспар құру, рөлдерді, тапсырмаларды бөлу, кім не істейді, қашан, қалай, немен;

Жобалау сабаққа дайындық кезеңінде жоспарды басшылыққа алған жөн, бірақ сабақ жоспарынан ауытқуға да болады, себебі бұл сабақ барысында шығармашылық еркіндік болуы қажет.

Мәліметтерді жинау: а) түпнұсқадағы кітап, газет-журнал т.б. мәліметтер;

ә) теле-радио хабарларындағы мәліметтер;

б) белгілі бір жерді зерттеуден алынған мәліметтер;

в) көшеде алынған сұқбат мәліметтері; г) фото суреттер т.б.

Жиналған мәліметтерді презентацияға дайындау:

а) реттеу, өңдеу, презентацияға лайықтап дайындау;

ә) плакаттар дайындау, карта жасау, газет шығару, көрме дайындау, брошюра жазу т.б.

Презентация:

а) әр кіші топ өз презентациясын басқа оқушылар алдында айтып түсіндіреді, көрсетеді; ә) жұмыстың нәтижесін көрме, брошюра, плакат, т.б. көмегімен ауызша айтып беру;

в) қысқаша жұмыс жоспарымен, іс барысымен таныстыру (не істеуді жоспарлады не істелді, жұмыс қалай жүрді, бұдан да жақсы істеуге болар ма еді т.б.); г) пікірталас, пікір сайыс т.б.

Жобалау сабақтарды барлық тақырыптар бойынша және әр түрлі етіп өткізуге болады. «Іскерлік хат» тақырыбында оқушыларға әр түрлі хат жазу. Алдымен кімге хат жазуға болатынын талқыланады: саясаткерлерге, өнер жұлдыздарына, спортшыларға, болашақ мамандықтарына қатысты орындарға, қоршаған ортаны қорғайтын мекемелерге, жастар ұйымдарына, клубтарға т.б.

Екінші кезекте оқушылар өз хаттарында қандай мәселелер жөнінде жазатындықтарын талқылады. Үшінші кезекте оқушылар хатты қалай бастау керек, қалай аяқтау керек сияқты сұрақтарды пысықтап, хат, пакеттер алмасу, аудио-видеокассеталармен алмасып қызықты ақпарат алмасуға болатыны туралы

кеңес берілді. Алынған жауаптар талқыланып, олардағы мәліметтерден презентация жасалды. Жобалау сабақты дайындау кезінде төмендегідей әдістерді пайдаландық: сұрау жүргізу, экскурсия жасау, сұхбат алу, кітапханадан, интернет желісінен мәліметтер іздеу, эксперимент жүргізу, мамандармен жұмыс жасау, объектілерді бақылау т.б. Жобалау сабақты тиімді ұйымдастыра білу – оқытудың белсенді әдісі болумен қатар бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлғаны қалыптастырады[4].

А. Айтбенованың «Оқытуда жобалық әдісті қолдану» тақырыбында жазылған мақаласында қазіргі уақытта жобалық әдістің кең түрде танымал болғанын ашып көрсете қарастырған[5].

Жобалық оқыту – оқытуда шығармашылық әдістерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жобалау – бұл көрсетілген әдістерді толық түрде қолданылатын бағыт. Оқу жобасы – бұл педагогпен бірге орындаған қорытынды, өзіндік жұмысы.

Қазіргі таңда жобалық әдісті практикалық тапсырмалар – жобаларды жоспарлау және орындау үрдісінде, білімі мен іскерлігін алу кезінде оқу жүйесі ретінде қарастырады.

Жобаларды орындаудың нәтижесінде оқушылар өздерінің дамуына жағдай жасайтын әр түрлі іскерліктерді қабылдайды: еңбекқорлығы, өзіндік шешім қабылдауға, жағдай жасауға, жауапкершілігін, ойлап тапқыштығын тәрбиелейді; баланың өзіндік анықталуы мен өзіндік жүзеге асыруына жағдай жасайтын қажеттіліктері мен қызығушылықтары қалыптасады. Негізінен жобаны орындау мынандай кезең тұрады:

I. Дайындық кезеңі:

- қатысушылардың жоба тақырыбын таңдау, оны орындау бойынша қызметінің дәлелін негіздеу және қалыптастыру;
- жобаны орындау үшін қатысушылардың білімінің, іскерлігі мен дағдысының қажетті көлемін анықтау;
- жобаны орындау бойынша қатысушылардың оқытушы мен бірге жұмыс жоспарын құру;
- қажетті материалдарды және қаржылық шығындарын, интеллектуальді күштерін бағалау;

II. Құрылымдық кезең:

- жобаны орындаудың мүмкін болатын бірнеше нұсқаларын қарастыру және ең тиімді нұсқасын таңдау;
- қажетті ақпаратты іздеу және өңдеу, қажетті әдебиеттерді, ақпарат көздерін үйрену;
- құрылымын өңдеу, еңбек объектісінің дайындық технологиясын үйрену;
- сәйкесінше техникo-технологиялық құжаттарын өңдеу, жобаны орындау үшін қажетті материалдарын, құрылғыларын, құралдарын дайындау;
- міндеттемелерді бөлу (ұжымдық және топтық жобалар үшін);

III. Технологиялық кезең:

- Жобаны технологиялық карта мен дизайн талаптары бойынша орындау; ағымды бақылау және қызметті түзету;
- Техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау;

IV. Қорытындылау кезеңі:

- орындалған жұмыстың сапасына бағалау (ойластырылған құрылым стандартына сәйкес, мемлекеттік стандартын бақылау, техника қауіпсіздігі ережелерін, экологиялық қауіпсіздікті сақтау);
- жобаны орындауға кеткен экономикалық шығындарын санау;
- ұжым барысында жобаны қорғау;
- комиссия алдында жобаны қорғау (қажетті құжатты көрсету).

Жобалық әдісті Т.И. Шамоновтың зерттеуі бойынша теориялық көзқарасы, ұлттық оқытудың оқу үрдісіндегі рөлі мен орнының айырмашылықтарын шығаруға мүмкіндік береді, оларды келесі түрде анықтауға болады[6]:

- оқу үрдісі оқу пәнінің логикасында емес, оқушы немесе студент үшін жеке мәні бар қызмет логикасында құрылады;
- оқу жобаларын өңдеудегі комплекстік жақындау, негізгі функцияларының дамуына, онымен қызметтің қажетті түрін меңгеруіне жағдай жасайды;
- базалық білімдерді терең, саналық түрде меңгеруі, түрлі жағдайларда оларды қолдануды қамтамасыздандырады;
- жобалық оқытудың гуманистік мәні оқушылардың потенциалды дамуынан құралады.

Ал Б. Иманбекованың «Білім беруді жобалау» тақырыбында жазылған жұмысында жобалар әдісін түрлі кырларынан көрсетуге тырысқан[7].

Жобалар әдісін мектепте пайдаланудың құндылығы сол – ол оқушының тек бір мәселені оқып қана қоймай, нақты білім беру өнімін жасауға бағыттайды. Оқушылар жеке немесе топпен белгілі бір уақыт аралығында танымдық, зерттеушілік, құрастырушылық немесе басқада жұмыстарды қатар орындайды. Олардың міндеті – ғылыми, техникалық немесе басқа мәселені шешу болып табылады. Білімділік жоба оған қатысушылардың белгілі бір уақыт аралығында білімдік өнімді алу үшін кешенді әрекет етуді талап етеді. Қазіргі таңда компьютерлік телекоммуникациялық құралдардың дамуымен қашықтан басқарылатын білімділік жобалар да кең өріс алуда. Мұндай жобаларға түрлі мектептердің, қалалардың, елдердің оқушылары қатыса алады. Қашықтан басқарылатын мектепаралық жобаларды орындауға болады. Жобалау – яғни жобаны құру, жасау, өңдеу. Білім беру жүйесінде «жобалау» терминін ойластыру, ойлап табу, модельдеу деп те түсіндіріледі. Ал жобалаушылық қызмет – белгілі бір жүйенің, жағдайының немесе объектінің прототипін құру бойынша жасалатын қызмет түрі.

Кесте 1. Жобалау технологиясының түрлері, принциптері, кезеңдері мен мазмұны

Жобалардың түрлері:	Бастауыш мектепте жобалауды қолданудың негізгі принциптері:	Іс-әрекеттің кезеңдері:	Іс-әрекет мазмұны:
- эксперимент бағдарламасы бойынша жобалар; инновациялық жоба; зерттеушілік жоба; элеуметтік жобалар; ғылыми-ізденістік жобалар; ақпараттық жобалар; азаматтық инициативалардың білім беру жобалары және т.с.с.	-нақты мақсатты іс-жүзінде жүзеге асыруға бағытталған бірлескен жұмыс атқару, жаңаны білу;	<i>Дайындық кезеңі</i> Жобаның тақырыбы мен мақсатын белгілеу	Оқушылар: тақырыпты таңдау, талдау, ақпарат жинақтау. Оқытушы: тақырыптың ойына бағыт беру, ынталандыру, тапсырманың дұрыс басталуына көмектесу.
	-әр балаға нақты тапсырма беру;	<i>Жоспарлау кезеңі</i> а) Ақпарат көздерін анықтау, табу жолдарын талдау және де нәтижені көрсету тәсілдерін анықтау. б) Үрдіс пен нәтижені бағалау өлшемдерін белгілеу.	Оқушылар: тапсырмаларды құрастырады және іс-әрекеттерін жоспарлайды. Оқытушы: қажет жерлерге түзетулер енгізеді, ой тастайды, ой бөліседі.
	-жеке тапсырманы орындау;	<i>Мәліметтерді жинақтау кезеңі</i> (бақылау, мәліметтермен жұмыс, әдебиеттермен жұмыс, сауалнама, сұхбат, бақылау және т.б.)	Оқушылар: ақпараттарды жинақтайды. Оқытушы: бақылайды, іс-әрекеттеріне жанама лап бағыт-бағдар сілтейді.
	-оқушының жауапкершілігі.	<i>Жобаны қорғау</i>	Оқушылар: нәтижелерін көрсетеді: баяндайды, пікір алмасады, жобаны безендіреді.

Ғалым Ж.А. Кәрменбаева Жобалау технологиясын бастауыш мектепте қолданудың имімділігін өз жұмысында жан-жақты талқылаған[8]. Жалпы жоба жұмысы – белгілі бір өтілген материалдың қорытындысы ғана болмай, танымдық әрекетінің әдістемелік жемісі, яғни, белгілі мақсатқа жетудің нәтижесі дегенге саяды. Жобалау әдісінің негізінде оқушының өз бетімен танымдық қабілеті дамиды, хабар кеңістігінде жаңалықты бағдарлай алу, алған жаңалықты сараптау, шығармашылық зерттеуге дағдыланады. Бала мұндай сабақтан жалығып, шаршамайды. Жобаны оқу жылының басында оқытушы жоспарланған бағдарламадағы тақырыптарға сай етіп алады. Жоба нәтижесі ең соңында коллаж, альбом, суреттер, әр түрлі мәтіндер өлең ережесі, көрме, қойылым түрінде болғаны дұрыс. Анығырақ айтқанда оқушы алдына нақты мақсат қойылады, тілді қарым-қатынас ретінде қолдана отырып жаңаны бірлесіп істеуге, білуге үйрету көзделеді.

Жалпы жұмыстың құндылығы сол – баланың бойында әлеуметтік біліктілігі дамиды, жауапкершілік қасиеті артады. Егер оқушылар жүйелі бағытпен жұмыс істесе білім тиімділігі жоғары болмақ. Сонымен бастауыш мектепте жобамен жұмыс технологиясын қолдану жеке тұлғаны дамыту бағытында оқушының өз бетімен хабарды жинауға, сараптау, тиімді де тиісті қорытынды жасау, өз ойын дәлелдеуге, сөздік қорын толтыруға, тілдік мәдениетке үйренуге, эстетикалық талғамын дамытуға үлкен үлес қосады. Жобаны жүргізу барысында оқушылардың арасында білінбей жүрген қабілеттері байқалып, ашылып, дамиды. Жеке тұлғаның қоғам алдында жауапкершілік міндеті артады, жұрт алдында шығып сөйлеуге үйренеді. Баланың мойнында мұндай қасиеттерді ерте кезінен бастап қалыптастыратын болсақ, жоғары сыныптардағы пәндерді меңгеруде қиындықтарға кездеспейді, өйткені бала бойында бастауыш сыныптарда қалыптасқан білім алуға қажетті жағдайлар көмектеспек.

Сонымен, жобалау жұмысы қазіргі оқытудың талабына сай жеке тұлғаға бағытталғанымен сипатталады. Жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде.

Қорыта келгенде, біздің мақсатымыз оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуда өздігінен жұмыс істеуге баулу, өзіндік ойтұжырымы мен пікірін айта білуге, ойқорытындылауға дағдыландыру болғандықтан сабақ барысында жобалау технологиясын жиі пайдалану тиімді нәтиже бермек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық. /Жетекшісі К.Ж. Қожахметова. - Алматы: «Таймас», 2011. 8-т. – Б. 247-251.
2. Жексенбаева У.Б. Зерттеушілік оқыту технологиясы бастауыш мектепте. - Астана, 2006. – Б. 59-61.
3. Килпатрик У.Х. Метод проектов. Применение целевой установки в педагогическом процессе. (1928) – цит. по «Педагогическая логика. 2003/04 учебный год. Метод проектов в школе» // Спец. прилож. к журналу «Лицейское и гимназическое образование», вып. четвертый, 2003 – С. 6-8.
4. «12 жылдық білім беру» республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журналы. 2007. - Б. 4-8.
5. Шамова Т.И. Активизация учения школьников. - М., 1982г. -215 с.
6. Айтбенова А. Оқытуда жобалық әдісті қолдану. // Информатика негіздері. 2009. № 2. – Б. 10-11.
7. Иманбекова Б. Білім беруді жобалау. // Мектеп директоры. №1, 2009. – Б. 9-13.
8. Кәрменбаева Ж.А. Жобалау технологиясын бастауыш мектепте қолдану. // Шетел тілін оқыту әдістемесі. №2, 2006. – Б. 45-47.

МРНТИ 15.34.01

Ахметов Н.А.¹

¹Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ. Қазақстан Республикасы

ЖАСТАРДЫҢ ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕРГЕ ДЕГЕН ЖАҒЫМСЫЗ КӨЗҚАРАСТАРЫН ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ РЕТТЕУ

Аңдатпа

Бұл мақалада жастардың бойында дене шынықтыру мен психореттеу тәсілдері арқылы зиянды әдеттерге теріс көзқарасын тәрбиелеудің жасалған моделінің тиімділігін тексеріп көру мақсатында екі факторлы педагогикалық тәжірибелік эксперимент жүргізілді. Авторлар жастардың зиянды әдеттерге деген жағымсыз көзқарастарын дене тәрбиесі құралдары арқылы психологиялық реттеу мәселесін қарастырған.

Аталған мақалада, салауатты өмір салты туралы, өмірдің мәні мен мақсаты туралы топтық және жеке дара сұхбаттар өткізілді, студенттердің өздері таңдаған спорт түрі бойынша дене жаттығулары сабақтары психикалық өзін-өзі реттеу әдісімен бірге сабақтаса отырып, студенттер денсаулығын нығайтуға, зиянды әдеттердің төмендеуіне, эмоциялық көңіл күйінің жақсаруы мен өзіндік тиімділігін қалыптастыруға (өзіне деген сенімділігі) арналған тәсілдер талданып ұсынылған.

Кілтті сөздер: жастар, психологиялық реттеу, зиянды әдеттер, денсаулық, салауатты өмір салты, эмоциялық көңіл-күй.

Ахметов Н.А.¹

¹Каспийский государственный университет технологий
и инжиниринга им. Ш.Есенова,
г.Ақтау, Республика Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ОТРИЦАТЕЛЬНЫХ ВЗГЛЯДОВ МОЛОДЕЖИ НА ВРЕДНЫЕ ПРИВЫЧКИ С ПОМОЩЬЮ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация

В данной статье представлены способы психологического регулирования отрицательных взглядов молодежи на вредные привычки с помощью физической культуры, а также проведен психолого-педагогический эксперимент с целью апробирования эффективности опытной двухфакторной модели. В статье авторами рассмотрены вопросы негативного отношения молодежи к вредным привычкам через средства физической культуры.

В статье анализируются подходы, о здоровом образе жизни, о групповых и индивидуальных интервью " цель и смысл жизни, выбранный ими вид спорта, занятия студентов физические упражнения по психической саморегуляции на укрепление здоровья, снижение вредных привычек, улучшение самочувствия (уверенность в себе) и формированию собственной эмоциональной эффективности.

Ключевые слова: молодежь, психологическое регулирование, отрицательные привычки, здоровье, здоровый образ жизни, эмоциональное настроение.

Akhmetov N.A.¹

¹Caspian State University of Technology and Engineering named after Sh. Yessenov.
Aktau c., Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL REGULATION OF NEGATIVE VIEWS OF YOUTH OF ADDICTIONS BY MEANS OF PHYSICAL CULTURE

Annotation

This article presents the methods of psychological regulation of negative attitudes of young people on bad habits with the help of physical physical culture, and also conducted a psychological and pedagogical experiment in order to test the effectiveness of an experimental two-factor model. In the article, the authors examined the issues of negative attitudes of young people to harmful habits through the means of physical culture.

The article analyzes the approaches, about a healthy lifestyle, about group and individual interviews "the purpose and purpose of life, the sport they chose, student exercises physical exercise on mental self-regulation to improve health, reduce bad habits, improve health (self-confidence) and the formation own emotional effectiveness.

Key words: youth, psychological regulation, negative habits, health, healthy lifestyle, emotional mood.

Жастардың бойында дене шынықтыру мен психореттеу тәсілдері арқылы зиянды әдеттерге теріс көзқарасын тәрбиелеудің жасалған моделінің тиімділігін тексеріп көру мақсатында екі факторлы педагогикалық тәжірибелік эксперимент жүргізілді. Ол үшін қарапайым да кездейсоқ іріктеу әдісімен бірінші курс студенттері арасынан 10 адамнан тұратын 6 тең дәрежелі топтар жасақталды. Эксперимент басталар алдында барлық студенттер ағзаларының аэробтық мүмкіндіктерін анықтау мақсатында тексеруден өтті. Тексеру қалыпты бағдарлама бойынша өткізілді. Әр сыналуды тыныш тұрған қалпында 1 минуттағы ЖСЖ және артериялық қан қысымы (систоликалық және диастоликалық) көрсеткіші анықталды. Сосын сыналуды екі дене жүктемесін 3 минуттық үзіліспен орындап отырды. Әр жүктеменің соңында электрокардиограф арқылы ЖСЖ тіркелді. ЖСЖ 170 мин/с. болғанда дене жұмысына қабілеттілігі есептелінді және спортшының 1кг. салмағына ОБҚ оқулықта бейнеленген әдіс бойынша есептелді [1].

Сонымен қатар барлық студенттер дене дамуын бақылау үшін тексеруден өтті. Студенттердің салмағы, бойы және өкпелерінің ауа сыйымдылығы өлшенді. Студенттердің дене дайындығын бағалау үшін тестілеу жүргізілді: 100м және 2400м жүгіру, бел омыртқасының алға қарай еңкею сәтіндегі иілгіштігі бойынша. Осындай тексеру эксперимент аяқталар тұста 3 айдан соң қайта өткізілді.

Зиянды әдеттерінің бар-жоқтығын анықтау үшін тәжірибе басында және аяғында жасырын сауалнама жүргізілді. Зиянды әдеттерге деген теріс көзқарастарын тәрбиелеу моделінің басты тиімділік критерийлері ретінде сыналушының 1 кг. салмағына ОБҚ мәнін есептеу бойынша бағаланатын денсаулық деңгейі және зиянды әдеттерінің бар-жоқтығына қарай бағаланатын студенттің бойындағы салауатты өмір салтының қалыптасуы саналды. Педагогикалық эксперимент жоспары 1 кестеде келтірілген.

Эксперимент жоспарында А факторы (сабақ мазмұны) екі деңгейден тұрды: біріншісі – қозғалыс белсенділігін таңдау арқылы зиянды әдеттерге теріс қатынасын тәрбиелеу моделін іске асыру. Екінші В факторы (қозғалыс белсенділігінің көлемі) 3 деңгейден тұрды: бірінші деңгей – аптасына 2 сабақ, екінші деңгей – аптасына 3 сабақ, үшінші – аптасына 4 сабақ.

Барлық алты топта эксперимент басталар алдында студенттер психо-диагностика жасауға қатысты, онда олар Спилбергер сауалнамасы бойынша жеке тұлғалық және жағдайлық мазасыздығын анықтады [2], оған қоса студенттер сегізтүсті М. Люшер әдістемесі бойынша [3]

Кесте 1 – Студенттер бойында зиянды әдеттерге деген теріс көзқарастарын тәрбиелеу моделінің тиімділігін анықтау үшін жүргізілген екі факторлы педагогикалық эксперимент жоспары тестілеуден өтті.

	А факторының деңгейлері	В факторы (қозғалыс белсенділігінің көлемі)		
		Аптасына 2 сабақ	Аптасына 3 сабақ	Аптасына 4 сабақ
А факторы (сабақ мазмұны)	Қозғалыс белсенділігін таңдау арқылы зиянды әдет-терге теріс қатынасын тәрбиелеу моделін іске асыру	1 топ Қозғалыс белсенділігін таңдау арқылы зиянды әдет-терге теріс қатынасын тәрбиелеу моделін іске асыру. Аптасына 2 сабақ	2топ Қозғалыс белсенділігін таңдау арқылы зиянды әдет-терге теріс қатынасын тәрбиелеу моделін іске асыру. Аптасына 3 сабақ	3топ Қозғалыс белсенділігін таңдау арқылы зиянды әдет-терге теріс қатынасын тәрбиелеу моделін іске асыру. Аптасына 4 сабақ
	ЖОО-ның типтік бағдарламасы бойынша дене тәрбиесі сабақтары	4 топ ЖОО-ның типтік бағдарламасы бойынша дене тәрбиесі сабақтары. Аптасына 2 сабақ	5 топ ЖОО-ның типтік бағдарламасы бойынша дене тәрбиесі сабақтары. Аптасына 3 сабақ	6 топ ЖОО-ның типтік бағдарламасы бойынша дене тәрбиесі сабақтары. Аптасына 4 сабақ

Мазасыздық деп –адам бойында жиі пайда болатын эмоциялық күйді атайды, ол қорқыныш, үрей, сақтану сияқты қызметпен байланысты жоғары эмоциялық ширығу түрінде байқалады. Мазасыздық – жеке бастың маңызды әрі тұрақты қасиеті болып саналады. Мазасыздықтың екі түрі бар – жеке тұлғалық және жағдайлық [2].

Жеке тұлғалық мазасыздық – адамның жеке тұлғалық Мен-іне қысым көрсететін, түрлі өмірлік жағдайларға деген теріс эмоциялық әсерлерге жақындығын көрсететін жеке дара сапасы.

Жағдайлық мазасыздық – белгілі бір жағдайларда (емтихан алдында, бөтен адамдармен қарым-қатынас жасау барысында және т.б.)пайда болатын уақытша мазасыздық күйі [2].

М. Люшердің сегіз түсті тесті бойынша сыналушыға ұнайтын 8 түсті орналастыру ұсынылады: 1– қою көк түс, 2– көгілдір жасыл түс, 3 – қызғылт сары түс, 4 – сары түс, 5 – күлгін түс, 6 – қоңыр түс, 7 – қара түс, 8 – сұр түс.

Сегіз түстің білдіретін мәндері:

- көк – тыныштық қажеттілігі;
- жасыл–өзін-өзі нығайту қажеттілігі;
- қызыл – мақсатты түрдегі белсенділік қажеттілігі;
- сары – аяқ астынан болған белсенділік қажеттілігі;
- күлгін – қызылдың жеңуі мен көктің жеңілуі;

- қоңыр – сезінудің сезімтал негіздері;
- қара – өмірдің бояулары мен болмыстың өзін теріске шығару;
- сұр – сыртқы әсерлерден жасырыну, міндеттерден сытылып еркіндікке шығу [4].

Сыналушы түстерді өзіне ұнаған ретіне қарай орналастыруы негізінде сегізтұғырдың білдіретін мәндері:

- 1-тұғыр – ең көп ұнайтын түс сыналушының алдында тұрған мақсаттарға жетудің негізгі тәсілін көрсетеді;
- 2-тұғыр – бұл тұғырда тұрған түс сыналушы талпынатын мақсатты білдіреді;
- 3 және 4-тұғыр – бұл тұғырда тұрған түстер әдетте шынайылықты, осы жағдайдан туындайтын кимыл бейнесін көрсетеді;
- 5 және 6-тұғыр – бұл тұғырда тұрған түстер іске қатысы жоқ, жасырын тұрған айрықша белгілерді көрсетеді;
- 7 және 8-тұғыр – бұл тұғырдағы түстер қысым көрген қажеттілікті, немесе пайда болған қажеттіліктің жағымсыз жайттарға әкелу мүмкіндігіне байланысты дамуына мүмкіндік бермеу қажеттілігін білдіреді [5].

Түстердің түрлі тұғырда жайғасуын белгілеу үшін мынадай белгілер пайдаланылады:

- нақты көңілі түсуі (+);
- түске көңілі түсуі (x);
- түске деген немқұрайдылық (=);
- антипатия (қабылдамау) (-)[5].

Осылайша, студенттердің алғашқы психодиагностикасы барлық экспериментке қатысқан шұғылданушылардың психологиялық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Алғашқы 3 топтағы (1-3) зерттеу нәтижелері бойынша, жеке дара сұхбаттасулар өткізілген болатын. Онда зерттеу нәтижелерін талқылаудан басқа зиянды әдеттері бар студенттерге салауатты өмір салты моделі бойынша мінез-құлықтарын өзгертуге ұсыныс берілді.

Шешімін табуы тиіс бірінші міндет – бірінші, екінші және үшінші топ студенттерінің бойында салауатты өмір салтының уәждемесін қалыптастыру болды. Онда қозғалыс белсенділігінің түрін таңдау арқылы зиянды әдеттерге деген теріс қатынасын тәрбиелеудің моделін іске асыру көзделді. Бұл студенттерді уәждендіру үшін жеке дара және топпен жүргізілген сұхбаттар, оқу топтарындағы пікірталастар, ата-аналардың, туыстардың кеңестері, беделді адамдармен кездесулер, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар пайдаланылды.

Онымен қоса, әрбір студентпен өмірдің мәні мен мақсаты, жақын болашақта көздеген мақсаты мен алда тұрған келешек жоспарларының орындалуы туралы сұхбаттар өткізілді. Мұндай сұхбаттарда біз өзара толық түсіністік тауып, сенімді раймен сұхбаттастық. Бұл жағдайда көбінесе психодиагностиканың пайдасы мол болды, ол әрбір студенттің психологиялық «портретін» жасауға, жеке тұлғалық ерекшеліктерін, қажеттіліктерін, қондырмалары мен эмоциялық көңіл-күйін анықтауға мүмкіндік берді.

Алғашқы үш топтағы сабақтарды өткізу барысында сыналушылар ләззат алатындай әдістер мен тәсілдерді пайдаландық, жаттығулар тапсырмалардың бірте-бірте күрделенуімен орындалды. Спорттық және қозғалмалы ойындар, эстафеталар қолданылды. Сабақтардың соңында 5-15 минуттай бірте-бірте жүктемені арттыру арқылы үздіксіз жүгірумен шұғылданды. Бірінші топ аптасына – 2 рет шұғылданды, екінші топ – 3 рет, ал үшінші топ – 4 рет шұғылданды. Бұл үш топтың студенттерін А.В. Алексеев жұмыстарында баяндалған әдістер бойынша өздерінің эмоциялық көңіл-күйлерін өзіндік психореттеу әдістеріне үйреттік. Төртінші, бесінші және алтыншы топтарда сабақтарды типтік бағдарлама мен оқу жоспары негізінде өткіздік. Төртінші топ аптасына – 2 рет, бесінші топ – 3 рет, ал алтыншы топ аптасына – 4 рет шұғылданды.

Тәжірибелік эксперименттің үш айы өткен соң барлық студенттер қатыстырылған қорытынды жұмыстарға психодиагностиканы, дене дамуын, дене дайындығын, студенттер ағзасының аэробты қабілетін және зиянды әдеттерінің бар, жоқтығын тексеру арқылы салауатты өмір салтының қалыптасуын анықтау үшін зерттеу жұмыстары өткізілді. Зиянды әдеттердің мүлде жоқтығын 10 балл (100% СӨС қалыптасуы) деп бағаладық. Бір балмен зиянды әдеттердің едәуір көп санын бағаладық. 2-9 балды СӨС қағидаларының бұзылу жиілігіне байланысты қойдық. Балы жоғары болған сайын сыналушының зиянды әдеттерінің аз болғаны.

Қорытынды бағалардың мәні (көрсеткіштері) мен келіп шыққан мәндер арасындағы айырма (тәжірибе кезіндегі көрсеткіштердің өсуі) келесі дисперсиялық талдаудың материалы ретінде қызмет етті (2 кесте).

Көрсеткіштерді жай көзбен қарап шыққанда ақ топтарда ОБҚ/кг мәнінде түрлі өзгерістердің болғанын және салауатты өмір салтының қалыптасуынан студенттердің зиянды әдеттерінің азая түскенін байқаймыз. Екі факторлы дисперсиялық талдау екі фактордың студенттер денсаулығына және салауатты өмір салтының қалыптасуына әсері жайлы қорытынды жасауға мүмкіндік береді (3 кесте)

Кестеден көрініп тұрғандай, А факторы бойынша 99% сенімді ықтималдылық жағдайында ($P < 0,01$) болғанда нанымды айырмашылықтар бар, олар зиянды әдеттерге теріс көзқарасты тәрбиелеудің моделі қозғалыс белсенділігі бойынша таңдаған спорт түрімен қоса және студенттер қызығушылығын есепке ала отырып, зиянды әдеттерді азайту арқылы олардың денсаулығы мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға жағымды әсер етеді.

Кесте 2 – Эксперимент кезінде ОБҚ көрсеткіштерінің өсуі (мл/мин/кг) және СӨС-тің қалыптасуы (балмен) ($n_1-6=10$)

1топ — $\bar{x}_{11}$ (ОБҚ)=1,2 — $\bar{x}_{21}$ (СӨС)=2,1	2топ — $\bar{x}_{12}$ (ОБҚ)=3,0 — $\bar{x}_{22}$ (СӨС)=4,2	3топ — $\bar{x}_{13}$ (ОБҚ)=4,2 — $\bar{x}_{32}$ (СӨС)=6,3
4топ — $\bar{x}_{31}$ (ОБҚ)=0,2 — $\bar{x}_{41}$ (СӨС)=0,1	5топ — $\bar{x}_{32}$ (ОБҚ)=1,4 — $\bar{x}_{42}$ (СӨС)=1,1	6топ — $\bar{x}_{33}$ (ОБҚ)=2,0 — $\bar{x}_{43}$ (СӨС)=3,3
Ескертулер — 1 $\bar{x}$ (ОБҚ) – ОБҚ/кг болғанда эксперимент кезіндегі топтағы орташа өсуі (мл/мин/кг); — 2 $\bar{x}$ (СӨС) – СӨС балдарының эксперимент кезінде топтағы орташа өсімі (балдар); — 3 $\bar{x}$ тегі бірінші сан қатардың номерін, ал екінші сан бағана номерін білдіреді		

Кесте 3 – Екі факторлы дисперсиялық талдау нәтижелері таңдаған қозғалыс белсенділігінің түріне және дене жүктемесі мөлшерінің денсаулық (ОБҚ/кг бойынша бағаланғанда) пен СӨС қалыптастыруға (зиянды әдеттерінің бар-жоқтығына қарай) тәрбиелеу моделінің әсері туралы

Нұсқалану көздері	Еркіндік дәрежесі	Көрсеткіштер	Орташа квадрат ms	F	P
А факторы	1	ОБҚ/кг	6,977	10,619	<0,01
	1	СӨС(балдар)	7,136	10,812	<0,01
В факторы	2	ОБҚ/кг	5,043	7,676	<0,01
	2	СӨС(балдар)	4,760	7,212	<0,01
АВ ның өзара әсері	2	ОБҚ/кг	3,016	4,590	<0,05
	2	СӨС(балдар)	3,172	4,806	<0,05
Топ ішінде	54	ОБҚ/кг	0,657		
	54	СӨС(балдар)	0,660		
Ескертулер — 1 ОБҚ/кг – 1кг салмаққа оттегіні барынша қолдану; — 2 СӨС (балдар) – салауатты өмір салтының зиянды дағдылар бар болған жағдайдағы балы.					

В факторы бойынша да ($P<0,01$) болғанда нанымды айырмашылықтар бар, яғни дене жүктемесінің мөлшері денсаулық деңгейі мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға әсер ететінін нығайта түседі. Көптеген салыстырулар әдісі бойынша – ОБҚ/кг болғанда орташа өсуі мен СӨС балдарының орташа өсімі (балдар) арасындағы салыстырулар аптасына екі рет немесе үш рет шұғылданғаннан да аптасына төрт рет шұғылданғанның нанымды түрде тиімді екенін көрсетті. Аптасына үш рет шұғылданған сабақтар да ОБҚ/кг болғандағы өсуі мен СӨС балдарының өсуі кезінде нанымды түрде үлкен тиімділік байқатады. Бұл жайында ОБҚ/кг болғандағы орташа өсуі мен СӨС балдарының орташа өсімі ($P<0,05$) (балдар) арасындағы айырмашылықтар сөзіміздің дәлелі бола алады.

Бұл деректер артық мөлшердегі дене жүктемелерінің зиянды әдеттермен қатар тұруы мүмкін еместігін түсіндіреді. Зерттеушілер мәліметіне сәйкес, дене жүктемесі кезінде немесе одан кейін студент қанында эндорфин гормонының артуына байланысты «бұлшық ет қуанышын» басынан өткереміз [6, 7]. Ал салауатты өмір салтын сақтау студенттерге орасан зор мөлшердегі дене жүктемелерін орындауға мүмкіндік бергендіктен, денсаулыққа жағымды әсер ету арқылы олардың аэробты мүмкіндіктерінің деңгейін арттырады.

Жеке тұлғалық мазасыздығы, дене дамуы мен дене дайындығы көрсеткіштерінің динамикасын талдау барысы салауатты өмір салтын қалыптастырудың жасалған әдістемесі бойынша аптасына 3 және 4 рет шұғылданған екінші және үшінші топтардың көрсеткіштеріндегі жағымды өзгерістер жайлы хабар береді. Аптасына 2 рет шұғылданған бірінші және төртінші топ студенттерінің көрсеткіштерінде нанымды, жағымды өзгерістер байқала қоймайды, яғни дене жаттығуларымен аптасына 2 рет шұғылдану денсаулықты нығайта алмайды және дене дамуы деңгейін арттыруға мүмкіндік бермейтіндігі туралы басқа зерттеушілер де мәлімет береді [8, 9]. Зерттеушілер ересек адамның аэробтық мүмкіндіктерінің өсуі бұл көрсеткіштің бастапқы деңгейі ең төмен кезде – жасалған операциядан немесе аурудан кейін ғана болуы мүмкін деп санайды.

Студенттерді психореттеу әдістеріне үйрету салауатты өмір салтын қалыптастыруға көмектеседі, себебі әрбір жеке дара тұлға өзінің эмоциялық күйін санасына салады және оқу процесі мен өзін-өзі жетілдіру барысында өмірдің қандай жағдайында болсын эмоциялық көңіл күйді басқаруға болады деген сенімділік пайда болады. Адам бойындағы психикалық күйді өзін-өзі реттеу әдістері арқылы менгеруі барысында бірте-бірте мазасыздық күйі жоғалады, өзіне деген сенімділік, өз жетістіктеріне деген қанағаттану, әсіресе, зиянды әдеттерді жеңіп шыққан кезде пайда болады.

Л.Э. Унесталь атап өткендей, «...психикалық денсаулықты нығайтуға бағытталған дене жаттығуларының сауықтыру тиімділігі дене және психикалық тренингтерді бірыңғай әдістер жүйесіне біріктіру есебінен едәуір күшейе түсуі мүмкін» [10].

Сонымен, қорытындылай келе, салауатты өмір салты туралы, өмірдің мәні мен мақсаты туралы топтық және жеке дара сұхбаттар өткізу, студенттердің өздері таңдаған спорт түрі бойынша дене жаттығулары сабақтары психикалық өзін-өзі реттеу әдісімен бірге сабақтаса отырып, студенттер денсаулығын нығайтуға, зиянды әдеттердің төмендеуіне, эмоциялық көңіл күйінің жақсаруы мен өзіндік тиімділігін қалыптастыруға (өзіне деген сенімділігі) ықпал ететінін көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Спортивная медицина: Учебн.для ИФК // Под ред. .Карпмана.–М.: ФиС, 1980.– С.117-131.
2. Немов Р.С. Психология: Учебн.для вузов, в 3 книгах.–4-е изд.–М.:ВЛАДОС, 2001.–Кн.3: Психодиагностика.– С. 353-357.
3. Шевандрин Н.И. Психодиагностика, коррекция и развитие личности: Учебн. для вузов.– 2-е изд.– М.:ВЛАДОС, 2001. – С. 335-379.
4. Авдеев В.В. Психология решения проблемных ситуаций.–М., 1994. – 108 с.
5. Собчак Л.Н. Диагностика межличностных отношений: модифицированный вариант интерперсональной диагностики Т.Лири.–М.: Прогресс, 1990. – 48 с.
6. Купер К. Аэробика для хорошего самочувствия.–М.: ФиС, 1989.– С. 14-15.
7. Васильев В.Н. Здоровье и стресс. – М.:Знание, 1991. – 160 с.
8. Количество и содержание физических упражнений для развития и поддержания физического состояния//Теор.и практ. физ.культ. – 1989. – №2.–С.58-60.
9. Ажицкий К. Ю. АИСМ: «Тренировочные занятия с частотой два раза в неделю на величину МПК не влияют» Так ли это?//Теор.и практ. физ.культ. – 1989. – №8. – С.54-57.
10. Унесталь Л.Э. Психические навыки для спорта и жизни //Спорт и здоровье (сб.науч.трудов).– СПб.,1994. – С.124-127.

Беленко О.Г.¹, Оралканова И.А.²

^{1,2} Государственный университет имени Шакарима города Семей,
Семей, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ СОВРЕМЕННЫХ ПОДРОСТКОВ

Аннотация

Статья посвящена проблеме формирования ценностных ориентаций у подростков. Авторы раскрывают основные подходы к определению содержания ценностных ориентаций подростков, представлены результаты исследования ценностных ориентаций современных подростков; рассмотрены компоненты, механизмы формирования ценностных ориентаций. Определены основные понятия, дана характеристика выборки, представлены результаты констатирующего эксперимента, по которым выявлены особенности формирования ценностных ориентаций у старших подростков.

В работе дается описание структурным компонентам ценностных ориентаций, к которым относятся: когнитивный компонент, мотивационный компонент, поведенческий, прогностический.

Ключевые слова: подростки, ценностные ориентации, коммуникативная компетентность, механизмы ценностных ориентаций, компоненты ценностных ориентаций.

Беленко О.Г.¹, Оралканова И.А.²

^{1,2} Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті
Семей қ., Қазақстан

ҚАЗІРГІ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒЫТТЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада жеткіншектердің құндылық бағыттарын қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Авторлар жеткіншектердің құндылық бағыттарының мазмұнын анықтаудың негізгі әдістемелерін, қазіргі жеткіншектердің құндылық бағыттарын зерттеу нәтижелерін ұсынып және олардың қалыптасу механизмдері мен компоненттерін қарастырған. Негізгі ұғымдар анықталып, тандаудың мінездемесі беріліп, жеткіншектердің құндылық бағыттарын қалыптастырудағы ерекшеліктерін анықтаудағы эксперимент нәтижесі көрсетілген.

Жұмыста когнитивті, мотивациялық, іс-әрекеттік, бағдарламалық сияқты құндылық бағыттардың құрылымдық компоненттеріне сипаттама берілген.

Түйін сөздер: жеткіншектер, құндылық бағыттары, коммуникативті күзиреттілік, құндылық бағыттарының механизмдері, құндылық бағыттарының компоненттері.

Belenko O.G.¹, Oralkanova I.A.²

^{1,2}Shakarim State University of Semey
Semey, Kazakhstan

FORMATION OF VALUE ORIENTATIONS OF MODERN TEENAGERS

Annotation

The article is devoted to the problem of formation of value orientations in teenagers. The authors disclose the main approaches to determining the content of value orientations of teenagers, presents the results of the study of value orientations of modern teenagers; considered components, mechanisms for the formation of value orientations. The basic concepts have been determined, the characteristics of the sample have been given, the results of the ascertaining experiment have been presented, which have revealed the peculiarities of the formation of value orientations in older adolescents.

The paper describes the structural components of value orientations, which include: cognitive component, motivational component, behavioral, prognostic.

Key words: teenagers, value orientations, communicative competence, mechanisms of value orientations, components of value orientations.

Исследование системы ценностных ориентаций подростков представляется особенно актуальной проблемой в ситуации серьезных социальных изменений, когда многие ценности оказываются порушенными, исчезают социальные структуры норм.

В кризисные периоды состояния общества подростки оказываются самыми социально неустойчивыми, нравственно неподготовленными и незащищенными. Современные подростки испытывают острый кризис в процессе формирования их ценностных ориентаций. Прежде всего, он проявляется в отсутствии у большинства из них базовых ценностей (смысл жизни, понятие о жизни, духовность, патриотизм и многое другое).

Практически все психологи сходятся на том, что подростковый возраст является совершенно особым этапом развития личности. Именно в подростковом возрасте начинает устанавливаться определенный круг интересов, который постепенно приобретает известную устойчивость. Этот круг интересов является психологической базой ценностных ориентаций подростка. В этом возрасте наблюдается рост интереса к вопросам мировоззрения, религии, морали, эстетики. Развивается интерес к психологическим переживаниям других людей и к своим.

В основе ценностных ориентаций лежит определенная система ценностей, сформировавшаяся в ходе воспитания. Ценности делятся на ценности жизни (жизнь, здоровье, радости жизни, общение с себе подобными), ценности культуры (материальные и духовные) и социально-политические ценности (общественный порядок, мир, безопасность, свобода, справедливость, человечность и равенство). Человеку свойственно ценностное восприятие мира.

Как отмечают ученые, подростковый возраст является переходным главным образом в биологическом смысле, поскольку это возраст полового созревания, параллельно которому достигают в основном зрелости и другие биологические системы организма. В социальном плане подростковая фаза – это продолжение первичной социализации, при которой происходит «массированное влияние на детей стихийных отрицательных факторов, нередко аморальных, которые подключают такие неосознанные механизмы социализации, как идентификация, внушение, заражение, подражание, которым часто не могут противостоять целенаправленные воспитательные воздействия...» [1, с. 292].

- ❖ экспозиті – бұрын жұмсалмаған қуат-күштің бұрқ етіп шығуы.

Клиникалық бағыт. Психолог-клиниктер адамның ішкі қақтығыстарын (стресс, фрустрацияның шиеленісуі, т.с.с.) бағалайды және оларды шешуге тырысады. Қоршаған ортаның шындық болмысымен әсер ету. Криминолог У.Л.Глассер (1972) Вентурадағы (Калифорния, АҚШ) 14–21 жас аралығындағы 400 құқық бұзушы қыздар орналасқан, кәсіпке толғағандарға арналған түзеу мекемесінде алғаш рет өзінің «шындықпен әсер ету» әдісін қолданды.

Транзактілі талдау – әрбір дүниеге келген адам, үш эго-күйдің – «ата-ана», «ересек» және «бала» қосындысынан тұрады дейтін Э.Берннің (1961) тұжырымдамасына негізделеді.

Тренингтік үлгі. Тренингтің мақсаты – жеткіншектердің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру мен олардың қоршағандармен өзара әрекеттесулерінің альтернативті (әлеуметтік қолайлы) тәсілдерін іздеу.

Психокоррекция жасаудағы міндеттер: өзі туралы ойды түзету мен дамыту; басқа адамдарды тану, олармен адамгершілік қарым-қатынас құру; түзету мекемесінің қызметкерлеріне деген қалыптасқан көзқарасты түзету; психологиялық қорғаныс механизмдерін түзету; өз-өзіне деген сенімділігін арттыру мен өзін-өзі бағалауын дамыту; жазасын өтеп жүргендердің адами құндылықтарын түзету; өмірлік қиын жағдайларда батыл болуға үйрету; керекті адамдармен психологиялық қарым-қатынас орнатуға, жұмысқа тұру мәселелерін, отбасындағы дау-дамайларды шешуге үйрету [1, 58-61б.].

Бостандыққа даярлаудағы шараларды іске асыру мақсаты колонияның ерекшелігіне, айыпталушылардың типологиялық-психологиялық, этникалық айырмашылықтарына байланысты бағдарлама құрастыруды қажет етеді.

Психологиялық әсер ету үшін рөлдік ойындарды жүргізу ерекше нәтижелі болады. Оның мақсаты: топ мүшелерінің мінез-құлқын алдау және экстрималды жағдайларды модельдеу. Пенитенциарлы психологиядағы көмек келесі үш кезеңнен тұрады:

I.Бақылау.

II.Түзету.

III.Жаңадан қылмыстар жасаудың алдын алу (профилактика).

Жабық мекемедегі диагностикалық және түзету жұмыстарын ұйымдастыруда:

1. Пенитенциарлық жүйеге тәжірибелі мамандарды тарту;

2. Штат кестесінде аттестатталған психолог мамандардың санын арттыру;

3. Олардың әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ету;

4. Жасақ бастықтары арасынан психолог мамандарды дайындау;

5. Өзара ынтымақтастық арқылы, мекемелердегі басқа бөлім қызметкерлерімен тығыз байланыста жұмыс жүргізу, бір-біріне қолдау көрсету;

6. Жұмыстың жүйелілігі, түзеу мекемесінің табалдырығын аттамай тұрып және бас бостандығын алғаннан кейін де психологиялық жәрдемнің қажеттілігін ескеру [2, 540-541 бб.].

Түзету (коррекциялық) жаттығулары колонияға түскен күндерден бастап жүргізіледі. Тренингке адамдарды таңдағанда жазасын өтеп жүргендердің қаншалықты қылмысқа жақын екенін білу керек. Ол үшін келесі көрсеткіштер бойынша іріктеу қажет: жасаған қылмыстың саны мен жасалу аралығы, ерте кезден қылмыстың дамуы, қылмысқа деген қатынасы, түзету мекемесінің басшылығы мен психологқа деген көзқарасы, қылмыстық нормаларды игеру дәрежесі; әлеуметтік байланысы, өмірлік жоспарлары туралы ойлары, т.б. Тренингтік топқа таза қылмысқа бағытталған адамдарды көп қатыстыруға болмайды. Кері болған жағдайда тренинг психотүзету жұмысы емес, қылмыскерлердің тәжірибе алмасуы болып кетуі мүмкін. Ал өзіндік психологиялық ерекшеліктеріне келсек, онда әртүрлі болғаны дұрыс.

Сотталушыларға арналған тренингтік топтың жалпы саны – 12-15 адам. Адам саны аз болса тәжірибие алмасу мүмкіндігі төмендейді. Ал адам саны 15-тен асса, уақыт азаяды, яғни өз ойын қорғауға, «қиын» сотталушылардың іс-әрекетін бақылау мүмкін болмай қалады. Топтың даму фазасы коррекциялық жұмыс процесі кезіндегі тренинг барысында топ мүшелерінің динамикасын, өзгерістерін бақылаудың ең жақсы көрсеткіші болып табылады.

Тренингпен шұғылдану келесідей тапсырмаларды шешеді:

– өзін-өзі адекватты бағалау;

– өз қажеттілігін сезіну;

– жағымсыз эмоцияларына әсер ету және өзінің эмоционалдық жағдайын бақылауға үйрету;

– өз мақсатына қарай беттеуге, ішкі дүниесін бақылап және жағымсыз импульстарын ұстау тәсілдерін үйрету;

– жағымды моральдық жағдайын ұстанып, өмірін және болашағын ұтымды жоспарлауын құрастыру [3, 152-153].

Топтағы қарым-қатынас ережелері. Жүргізуші (жоба тобының мүшесі) өзін таныстырып, артынан топ мүшелеріне шеңберлене айналып өздерін таныстыруларын өтінеді. Бір-бірлеріне деген қатынас тілі айтылып өтіледі: яғни «сен» немесе «сіз», не болмаса атымен не фамилиясымен және т.б. Танысу рәсімін өзі туралы мағлұмат беру арқылы кеңейтуге болады: жасын, ата-анасын, қызығушылығын, т.б. айтумен. Топтық жұмыстың (шұғылданудың) құрылымы – жалпы ережелерді ұстанады, оның кейбір түрлері:

1.Сәлемдесу.

2.Аптаның негізгі жағдаяттарын әңгімелеу (тәрбиелеушілер өтініші бойынша).

3.Сергіту.

4. Жаттығу.

5. Топтық дискуссия.

6. Мағлұматтық бөлім.

7. Рефлексия (жауап алу)

Коррекциялық жұмыстың қысқаша суреттемесі:

Тренингтік жаттығуларды сезіну және уайым рефлексстеріне, өзін бақылауға және жауапкершілігін дамытуға, агрессивтілігінің, реніші мен күйзелісінің деңгейін төмендетуге, сапасын дамытуға және өмірлік мақсатына жету қабілетін арттыруға, айналасындағыларға сабырлық сақтауына, эмоционалды шаршауын басуға бағытталады. Тренингтік жаттығулар халықтық әдет-ғұрыпты есепке ала отырып, мекеменің өзгешелігіне негізделеді.

Рөлдік ойындар жекелей сапасының дамуына және қатысушылардың (қоршағандармен) өзара байланысуына арналған. «Рөлдік алмасу» техникасын пайдалану, тренингке қатысушылардың өз біліктіліктерін кеңінен жетілдіруде және тәртіптің басқа да түрлерімен танысуда аса маңызды. Нақты бір оқиғаны ойнау барысында өз тәртібін бағалап, басқа да қатысушылардың жақсы тәртіптерін байқау.

Топтық тренинг. Әлеуметтік-психологиялық тренинг (ӘПТ) арқылы өзіндік білімдерді меңгеру, яғни қарым-қатынасқа түсе білуінің және қабілеттілігінің артуы, сондай-ақ оларды коррекциялау түрлері, әлеуметтік біліктілікті дамытуға бағытталған және қарым-қатынас жасау біліктілігін арттыру мақсаты қойылған. Әлеуметтік-психологиялық тренингтің негізгі жүргізу әдістемесі:

- топтық дискуссия;
- нақты бір оқиғаның талдауы;
- рөлдік ойын;
- психодрама (социодрама);
- психотерапиялық жаттығулар және басқа да түрдегі жаттығулар [1, 224-236].

Тәрбиеленушілермен топтық жұмысты өткізу барысында оларды топтастыруына жеке тұлғаның не ойлайтынына, оған не әсер беретініне, не сезінетініне мән берген абзал. Бастысы – топты құрғанда сотталғандарға жағымды әрі түзелуге мүмкін болатындай ету. Топтық тренинг ретімен болған жөн. Қатысатын адамдар саны бір болып, өзгеріп отырмауы керек. Әр қатысушы адамға көңіл бөліп, бәрімен жұмыс істеу міндет. Онымен қоса тренингте «жылы атмосфера» болуы үшін ондағы қатысушылардың өздерінің қалап келгендері негізгі фактор болып саналады. Жабық мекемеде тренинг ұзақ уақыт алмауы қажет. Себебі, балалардың жасы мен мінез ерекшеліктеріне орай, олар ұзақ уақыт жүргізілетін жұмыстан шаршайды, кажиды. Тренинг – топтық психокоррекциялаудың тиімді әдісі.

Топтық дискуссия, аңыздар, әңгімелер кәметке толмағандардың өз тәртібіне ғана емес, сонымен қатар серіктестерінің де тәртібін талдауға үндейді. Сотталғандарды бостандыққа даярлау барысында өткізілетін оқиға тақырыбы келесідегідей: «Менің бостандыққа шыққандағы алғашқы күнім», «Жанжалдан шығу (өту)», «Менің бостандықтағы бос уақытым» және т. б.

Психологиялық жұмыс үрдісінде тарихтарды, ертегілерді пайдалану босансуға, жылылықтың пайда болуына және қарым-қатынасқа деген қарсылық жоғалып, сенімділіктің пайда болуына көмектеседі. Коррекциялық психологиялық жұмыстар эмоционалды, еркіндік, ұнамдылық және тәрбиелік шеңберін өзгертіп, ынталандыруға бағытталған.

Түзету мекемелеріндегі психологиялық қызметті, психологиялық коррекцияның жеке құрамының психологиялық тұрақтылығын жоғарылататын өзіндік диагностика мен профилактиканы жүзеге асырады. Жазасын өтеушілер жүйесіндегі психологтардың атқаратын көптеген түрлі тапсырмаларына қарамастан, оларға қызметкерлердің жекелей және топпен диагностикалық жұмыстар жүргізуіне болады [4, 88-160].

Жеке тұлғаның психодиагностикасының негізгі мақсаты – сотталғандардың индивидуалды-психологиялық және әлеуметтік ерекшелігін оның тәртібінің себебін анықтап, отряд басшысының қолына тапсырып және оған сотталушы туралы мінездеме беру болып табылады.

Нәтижесінде, психолог тәжірибешінің маңызды атқаратын функциясы – сотталғандармен коррекциялық жұмыс жүргізу. Бұрындары аутотренинг және психотерапиялық жүйемен емдеу әдістері қарастырылса, қазіргі кезде тәрбиелеу, тапсырма беру жүйесі кеңінен қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақажанова А.Т. Психология девиантного поведения несовершеннолетних: теория и практика. Монография. – Алматы, 2011. – 304 с. (Үлгі)
2. Дмитриев Ю.А., Казак Б.Б. Пенитенциарная психология. – Ростов н/Д., 2007. – 681 с.
3. Фурманов И.А. Основы групповой психотерапии. – М., 2004. – 256.
4. Жақыпов С.М., Сақтағанова Т.С. Психодиагностика: Оқу құралы. – Алматы, 2011. – 204 б.

Жигитбекова Б.Д.¹

¹ Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

ПСИХОТЕРАПИЯДАҒЫ СТРАТЕГИЯ ТҮСІНГІ

Аңдатпа

Психотерапевт өз жұмысында стратегия және тактика туралы білу керек. Стратегия мақсатқа қатынасы бар психотерапияның белгілі бір анықталған этапында қойылады. Тактика – мақсатқа жету барысында қолданылатын арнайы әдістер. Стратегия пациенттегі өзінің ойын еркін жеткізу, өзінің адаптивті емес мінез-құлқын санасынан өткізу, эмоционалдық әсер ету және ойлаудың жаңа тәсілдерін ашу сияқты мақсаттармен байланысты. Тактикаға психотерапевтің не істейтінін, не айтатынын, сұрақтарын, интерпретациялық ескертулерін, мимика, пантомимикасы жатады. Психотерапевт кез-келген этапта неге жететінін және қандай нәтиже алатынын алдын ала болжай білу керек. Стратегия тактикасыз – абстракциялық концепция. Тактика стратегиясыз – пациенттің психикасына жүйесіз әсер ету. Психотерапияның қорытындысы ұзақ жағдайда көрініс береді. Психотерапияның көптеген түрі симптомдарды жоюға емес, қызметтік өзгерістерге бағытталған. Психотерапияның эффектісі терапияның түріне байланысты емес. Кез-келген психотерапиялық мектеп аналогиялық өзгерістерге кей жағдайда симптомдардың жақсаруына қол жеткізеді. Психотерапияның қорытындысы психотерапиялық техникаға қарағанда пациент пен психотерапевтің тұлғасымен тәуелді факторлармен байланысты. Психотерапевт – пациент арасында сенімді қатынас позитивті тұлғалық өзгерістерге жетуде маңызды орын алады.

Түйін сөздер: стратегия, тактика, психотерапия, психотерапевт, абстракциялық концепция.

Жигитбекова Б.Д.¹

¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан

ПОНЯТИЕ СТРАТЕГИИ В ПСИХОТЕРАПИИ

Аннотация

Психотерапевт должен иметь представление о стратегии и тактике в своей работе. Стратегия имеет отношение к целям, которые ставятся на определенных этапах психотерапии. Тактика – это специфические методы использования для их достижения. Стратегия связана с такими целями, как развитие у пациента способности свободно выражать свои мысли, осознание истоков и характера своего неадаптивного поведения или открытия новых способов эмоционального реагирования и мышления. Тактика включает в себя все то, что делает и говорит психотерапевт: – вопросы; заверения; интерпретационные замечания; мимика, пантомима. Предполагается, что психотерапевт на любом этапе должен знать, чего именно он хочет добиться и каким образом. Стратегия без тактики – абстрактная концепция, а тактика без стратегии – это бессистемное воздействие на психику пациента, не обеспечивающее поступательного движения к более глубокому самопознанию. Результаты психотерапии как правило оказываются пролонгированными. Это объясняется тем, что многие виды психотерапии направлены на создание постоянно функционирующих изменений, а не исключительно на снятие симптомов. Эффекты психотерапии являются относительно независимыми от вида терапии, т.е. любая психотерапевтическая школа добивается аналогичных изменений, по крайней мере на уровне симптоматического улучшения. Можно лишь говорить о возможном преимуществе тех или иных методов для тех или иных типов пациентов. Результаты психотерапии зависят скорее от факторов, связанных с личностью психотерапевта и пациента, чем от психотерапевтических техник. Особую важность для достижения позитивного личностного изменения имеют доверительные взаимоотношения психотерапевт – пациент. Психотерапия – это не безобидная процедура, она может приносить и благо, и вред, и то, как психотерапевт проводит лечение, насколько часто он действует или бездействует ошибочно, тесно связано с вероятностью позитивного или негативного исхода. Практика свидетельствует о пользе тщательного подбора пары пациент – психотерапевт.

Ключевые слова: стратегия, тактика, психотерапия, психотерапевт, абстрактная концепция.

A CONCEPT OF STRATEGY IS IN PSYCHOTHERAPY

Abstract

A psychotherapist must know about strategy and tactics in the work. Strategy relates to the aims that is put on the certain stages of psychotherapy. Tactics are specific methods of the use for their achievement. Strategy is related to such aims, as development for the patient of ability freely to express the ideas, realization of sources and pattern of the non-adaptive behaviour or opening of new methods of the emotional reacting and thinking. Tactics plug in itself all that does and talks psychotherapist: are questions; assertions; interpretation remarks; mimicry, pantomime. It is assumed that a psychotherapist must know on any stage, what exactly he wants to obtain and how. Strategy without tactics is abstract conception, and tactics without strategy are this unsystematic affecting psyche of patient, unproviding forward motion to deeper self-knowledge.

The results of psychotherapy as a rule appear prolonged. It is explained by that many types of psychotherapy are sent to creation of constantly functioning changes, but not exceptionally on the removal of symptoms. Effects of psychotherapy are relatively independent of type of therapy, i.e. any psychotherapy school labours for analogical changes, at least at the level of symptomatic improvement. It is possible only to talk about possible advantage of one or another methods for one or another types of patients. The results of psychotherapy depend rather on the factors related to personality of psychotherapist and patient, what from psychotherapy techniques. The special importance for the achievement of positive personality change confidence mutual relations have a psychotherapist is a patient. Psychotherapy is not inoffensive procedure, she can bring and blessing, and harm, and that, how a psychotherapist treats, as far as often he operates or is inactive by mistake, it is closely related to probability positive.

Key words: strategy, tactics, psychotherapy, psychotherapist, abstract conception.

«Стратегия» сөзі психотерапияда негізінен құбылмалы түсінікте қолданылады. Үлкен энциклопедиялық сөздікте, стратегия сөзіне «мемлекеттің оның қарулы күштерінің соғыс жағдайына дайындығының теориясы мен практикасын қамтитын, соғыс заңдылықтарын зерттейтін әскери өнердің саласы» деген анықтама берілген. «Стратегия» сөзінің әскери тақырыпқа қатыстылығынан басқа анықтама таппадық. Дегенменде өмірде қандайда бір қиындыққа толы мәселе туындағанда бұл сөзді жиі қолданамыз. Қандай астарда қолданылады? «Стратегия» сөзі өзінің кеңейтілген мағынасында қандай түсінік береді? Қолданылатын түсініктерге міндетті түрде анықтама беру ұстанымына сүйене келе, бұл сөздің әмбебап анықтамасына талас тудырмайтын, түсініктерді талдауға болады. Сонымен, стратегия деген кезде, **белгілі бір мақсаттың жетістігіне бағытталған іс-әрекетті жүйелі жоспарлауды** айтуға болады.

Бұған сәйкес, жетістікке бағытталған психотерапиялық процесті жүйелі жоспарлауды психотерапиялық стратегия деп санауға болады. Сондай-ақ-ненің жетістігіне? деген сұрақ туындауы мүмкін. Психотерапиялық қолданыста біз «мақсат» түсінігін жиі қолдана алмаймыз. Өйткені әрбір нақты оқиғаның мақсаты не екендігін құрастыру көп жағдайда терапиялық процестің ең күрделі және ауқымды бөлшегіне айналады. Себебі клиент терапевтпен өзара әрекеттестік нәтижесінде нақты бір құрылымды сұраныс құрастыра алғанның өзінде мақсатын басқаша түсінеді. Терапевт басқа деңгейде және тіпті басқа тілде құрастыра отырып, сол мақсатты өзіндік көзқараста байқағанның өзінде өз мақсатын бір бейнелікте түсінетіндігі айқын. Мысалы, қандайда бір жеке жағдайларда «жоқ» сөзін айтып үйренген клиент, психотерапияны тоқтатуды қалауы мүмкін. Терапевт болса, сол мақсатты клиентке оның шекараларын нақты айқындауға көмек көрсету ретінде көздеуі мүмкін. Бас тарта білу қабілеттілігі әруақытта және барлығынан клиенттің өзінің қатынас бойынша әріптестеріне қарсы шығу ұмтылысына да негізделуі мүмкін. **Мұндай** жолмен бас тарту қабілеттілігіне қол жеткізу сондай қиын шаруа да емес қой...

Сондықтанда барлық психотерапевтер үшін де: **психотерапияның нәтижесіне психотерапевт жауап бере алмайды** - деген ұстанымды пайымдауды қалыптастырудың маңызды екендігі айқын болар. Оның жауапкершілігі психотерапия процесін білікті және мақсатты құрастырумен шектеледі. Мұндай пайымдау біреулер үшін қарсылық нышанында болуы мүмкін. Дегенменде бұл бір жағынан шынайлыққа, екінші жағынан клиенттің еркіндігіне деген құрметке негізделген. Клиент терапияның **нысаны** емес, өзіндік ерік-жігер мен қалауына ие еркін қатысушысы. Клиенттің алдына қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін, орын алған мәселелі жағдайға қолдау көрсетуге қажетті энергиядан артық энергия шығындалады.

Тіпті психотерапевтің кәсібилігіне қарамастан, ол мақсаттан бас тартуға құқылы. Клиенттің алдында кенеттен өзектілігі басым міндеттер туындайтын болса және басқа да көптеген жағдайларда оның терапияны тоқтатуға құқысы бар. Бұл психотерапевт жеткілікті дәрежеде кәсібилігін таныта алмады дегенді білдірмейді.

Психотерапевт клиенттің мақсаттарына қол жеткізу процесін жоспарлау мүмкіндігі де, құқығы да жоқ екендігін мойындау қажет. Бұл процесс толықтай клиенттің шексіз құқы болып саналады. Сондықтанда, **психотерапевтік стратегия – бұл психотерапевтпен алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған психотерапевтік процестерді жүйелі жоспарлау** екендігін мойындауға болады.

Дегенменде, ондай жағдайда психотерапевт түсінігіндегі психотерапияның мақсаты деп нені санауға болады? – деген сұрақ туады. Психотерапевтің мақсаты – «клиент болуы үшін былай істеу қажет» деген түрде қалыптаспауы қажет. Мұнай тұжырым тек нысанға қатысты, өзіндік еркі жоқ құбылыстар болуы мүмкін. Психотерапевтің мақсаты ол өзі қол жеткізе алатын мәселеге ғана қатысты болуы тиіс. Сондықтан **клиенттің өмірлік іс-әрекеттерінің нақты бұзылуларымен оқшауланған, базалық жекелік құрылымдарының бұрмалануын қайта қалпына келтіруге арналған жағдайды қалыптастыру кез-келген психотерапияның мақсаты болып табылады** – деп анықтама беруге тура келеді. Бұл жерде базалық жекелік құрылымдар адамның ішкі құрылымдары емес, оның жеке тұлғалығын құрайтын жеке бүтін қызметтері болады.

Психотерапиялық жұмыстың мақсаттары мен психологиялық ауытқуларының сәйкестігі.

Психотерапиялық жұмыстардың мақсатымен сәйкестенуі тиіс психологиялық ауытқулар жөнінде, көп жағдайда психологиялық бағыттарда аса мән берілмейтін, өте маңызды сұраққа назар аудару қажет сияқты. Себебі психотерапевт толығымен өзінің жұмысын базалық **психологиялық ауытқулар туралы ұғымының тұтастай жүйесіне негіздеуі** міндетті деп сануға болады. Жүйе жеке адамның базалық үлгілері туралы нақты түсініктен құралған болса біртұтас болып саналады. Бұл үлгінің жіктеуінен туындайтын базалық психологиялық ауытқулар мен механизмдердің әрқайсының пайда болуын елестетеді.

Қолданыстағы психотерапиялық бағыттар сараптамасы, көптеген бағыттарда мұндай жүйе әдістері мүлде кездеспейтіндігін бірден байқатады. Кейде жеке адамның тек үлгісі болады. Одан нақты психологиялық ауытқуларды байқау мүмкін емес. Кейде теориялық түсініктер тек мүмкін болатын ауытқуларды тізбектеумен шектеледі. Кейде үлгі және ауытқулардың шартты түрдегі нақты жіктеуі болады. Бірақ, олардың арасында ешқандай байланыс болмайды. Кейде автордың әр түрлі ой тұжырымдарының жиынтығы теория деп аталады. Ойлаудың жүйелілігіне, анықтылығы мен нақтылығына қатысты классиктердің айтқандары да шамалы. Белгілі психотерапиялық бағыттардың бірінен жеке адам құрылымына қатысты негізгі түсінік пен базалық ауытқулардың жүйелілігі арасында нақты байланысты анықтайтын механизмдерді іздестіре келе, тек гештальттерапияда мүмкін болатындығы анықталды. (49). Психотерапия ғылымында нақтылық пен айқындылық болмауы мүмкін емес деп ой түймеңіз! Біріншіден, психотерапия ғылым ретінде танылса, онда ол белгілі бір нақты өлшемдерге сәйкес болуы тиіс. Екіншіден, бұл жерде адамның құрылымы емес, адамның ақыл-ойының нәтижесі болатын жорамалы құрылымның **үлгісі** жөнінде сөз қозғалып отыр. Үлгінің біртұтас, саналы және бірізді болуына не кедергі тудырады?

Теорияның бұл күйінің практикалық психотерапиядағы салдары көңіл толтырмайды. Психотерапияның стратегиясы және тактикасы бойынша тәжірибесі бар мамандардың өзі қиындықтарға тап болады. Негізінен олар үшін өзіндік диагностикалық ілімдері мен түсініктерін түсіну мен жүйелеу қиындық тудырады. Ауытқулардың әрбір жеке түрі бойынша өте құнды ақпарат жетерлік. Алайда, базалық психологиялық ауытқулар туралы, олардың нақты түсініктілігі және пайда болу механизмдері туралы білімдердің қандайда бір **жүйесі** жоқ. Мұндай жағдайда, пәлсапалық таластарда «түсінікке сәйкестендіру» деп аталатын процедура негізінде диагностикалық болжам құрастыру қаупі туындайды. Басқа сөзбен айтқанда, клиентпен жекелей ұсынылатын диагностикалық көріністердің толық жүйесі болмаған жағдайда, ауытқулардың белгілері психологиялық ауытқулардың белгілі жиынтығымен сәйкестендіріледі. Оның негізінде диагностикалық болжам қалыптасады. Бірақ диагностиканың мұндай процедурасы барлық жағдайда өзін ақтай бермейді.

Кез-келген психикалық, бейімделгіштік немесе жекелік ауытқулардың пайда болуының ұстанымды механизмдері туралы жүйелі түсінікке негізделген диагностика тиімдірек болады. Галина Тимошенко(49) өздігінше психологиялық ауытқулар мен психотерапиялық жұмыстың мақсаттарының сәйкестігінің өзіндік жүйеленген кестесін құруды ұсынады. Оның құру технологиясына қысқаша

сипаттама берейік. Кесте болашақта терапиялық стратегиялардың диагностикасы мен құрауына жұмсайтын уақытты және жігеріңізді үнемдеуге ұйытқы болады. Сондай-ақ бойыңыздағы білімнің кез-келген жүйеленуі оны тереңдету мен кеңейтуге жетелейді.

Сонымен адамның жеке адамдық қалыптасуының белгілі ауытқуларының тізімін құрау қажет. Клиенттің **сұраныстарын** жіктеу емес, бойыннан кездесетін психикалық, бейімделгіштік және жекелік **ауытқуларының** жіктеуіне назар аудару қажет. Құрастырылатын кесте мүмкін болатын ауытқулардың толықтай ауқымын қамтуы тиіс.

Тізім құрылғаннан кейін, оны жүйелеу қажет. Сіздің тізіміңіздің әрбір тармағын қамтыған жүйе қажетті деңгейлердің қатарын құруы қажет. Бір деңгейге тиесілі мазмұн бір негіз бойынша айқындалуы керек. Сонымен бірге, жоғарыдан бастап төменге қарай бөлу кезінде бөлу жүзеге асырылған негізді құрастыру қажет.

Тізім жүйеленгеннен кейін **оның әрбір тарауына** атаулық бірліктің пайда болуын қамтамасыз ететін **психологиялық ауытқулардың мәнін** құрастыру керек. Бұл жерде аталмыш ауытқуға тиесілі нақты бір белгілер сипатталмайды. Психиатриялықтан бастап, мінез-құлықтылыққа дейінгі психологиялық себептер туралы айтылады. Психотерапевт өзінің мамандығының негізі бойынша клиентпен осы астарда жұмыс жүргізеді. Мысалы, сіз өзіңіздің қызметіңізде ұстанатын психологиялық тұжырым негізіне сүйенесіз. Жарақаттан кейінгі жүйкенің жұқаруы кезінде, немесе жеке адамның невротикалық жетілуінің әрбір түрі кезіндегі басты базалық психологиялық мәселе қандай екендігін шешу қажет болады. Негізінен ұсынылған жұмысты екінші бөлімнен бастауға, одан кейін біріншісіне қайта оралуға болады. Алдымен мүмкін болатын психологиялық ауытқулардың жіктеуі құралады. Кейін жекелік қалыптасуының барлық ауытқуларын белгіленген класы, түрі және т.б. бойынша тармақтауға болады.

Бұдан соң кестенің әрбір тарауы үшін, жүзеге асырылған жұмыс негізінде, нақты бір ауытқудың психотерапиясы нәтижесінде туындайтын басты мақсатты қалыптастыру қажет. Бұл мақсат зерттелінетін ауытқудың анықталған психологиялық себептерінің алдын алу үшін **нақты** шарттар құрастыруға негізделуі тиіс. Әрбір нақты жағдайда мақсат анық құрастырылуы тиіс.

Ары қарай, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі терапия барысында, шешілуі тиіс міндеттердің тізімінде, әрбір құрастырылған мақсат ашылады. Бұл міндеттердің негізінде тиімді психотерапиялық іс-әрекеттерге қажеттіні анықтау қиындық тудырмайды.

Әрбір практик психотерапевт мұндай кестені қандайда бір белгілі беделді теорияға сүйенбей-ақ, өздігінен құрастыру өте маңызды. Кестені құрастыру кезінде өзіндік жеке тәжірибенің және психотерапияда бар үлгілер мен жіктеулерді сыни түсінудің де маңызы зор. Қолданылатын үлгінің авторы психотерапевтің өзі болмауы да мүмкін. Психотерапевт сыни талдау кезінде анықталған жетіспеушіліктердің орнын мәні мен құрылымы бойынша, шұғыл толықтыру үшін терең игеруі қажет. Тіпті психотерапевтің «жаныда» жұмыс барысында қолданылатын жекелік үлгі мен одан туындайтындарға бейімделген болуы керек. Қандайда бір теориялық база диагностикалық және терапиялық көріністерді жүйелеу бойынша жұмысты жүзеге асыруға мүмкіндік бермесе, одан бас тартқан жөн болады.

Егерде сіз аталған жұмысты толықтай жүзеге асыра алсаңыз, қол жеткізген кесте кез-келген клиентпен жұмыс барысында көп мәліметтер береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пахальян В.Э. Групповой психологический тренинг. – СПб.: Питер, 2006. – 224 с.
2. Вачков И.В. Основы технологии группового тренинга. – М.: Ось, 2007. – 256 с.
3. Жигитбекова Б.Д., Канаева С. Топтық психологиялық тренингтегі психогимнастиканың орны және рөлі // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Психология» сериясы №4 (53) 2017ж. 61-66 б.
4. Жігітбекова Б.Д. Топтық психотерапия. – Алматы: Ұлағат, 2008. – 196 бет.

МРНТИ: 15.81.21

Егенисова А.К.¹, Ерубаетова А.Р.²

^{1,2} Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инженеринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

ПСИХОЛОГИЯ ПӘНІ ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ

Аңдатпа

Автор психология пәні оқытушысының жұмысындағы психологиялық ағарту жұмыстарын жан-жақты қарастырған. Бұл мақалада ғылыми-танымал дәрістер, әңгімелесулер, семинарлар, көрмелер, маман-психологтармен кездесу және ата аналармен, мұғалімдермен, оқушылармен психологиялық жұмыстардың түрлері, жүргізу әдіс-тәсілдері баяндалады.

Түйін сөздер: психологиялық ағарту, ғылыми-танымал дәріс, әңгімелесу, семинар, көрме, маман-психологтармен кездесу, лектория, практикум, диагностикалық сабақ, тренинг.

Егенисова А.К.¹, Ерубаетова А.Р.²

^{1,2} Каспийский государственный университет технологий и инженеринга имени Ш.Есенова,
г. Актау, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ПРОСВЕЩЕНИЕ В РАБОТЕ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ ПСИХОЛОГИИ

Аннотация

В этой статье описываются формы психологического образования в работе преподавателя психологии: научно популярные народные лекции, интервью, семинары, выставки, встречи со специалистами-психологами и методы психологической работы с родителями, учителями, учениками.

Ключевые слова: психологическое просвещение, научно-популярный лекция, собеседование, семинар, выставка, встречи со специалистами-психологами, лектория, практикум, диагностический урок, тренинг, факультатив, кружковые занятия, исследование, психологическая газета, конкурсы интонация.

Yegenisova A.K.¹, Yerubayeva A.R.²

^{1,2} Caspian state university of technology and engineering named after Sh. Yesenov,
Aktau, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL EDUCATION IN THE WORK OF THE TEACHER OF PSYCHOLOGY

Annotation

This article describes the forms of psychological education in the work of a psychology teacher: popular science lectures, interviews, seminars, exhibitions, meetings with psychologists and methods of psychological work with parents, teachers, and students.

Key words: emotion, intellect, emotional intelligence, social intelligence, leadership, emotional thinking, self-awareness, attitude, empathy, the ability to emotion, the ability to use emotions, the ability to control emotions, the ability to understand emotions, social perception, self-control, social sensitivity, relationship management.

Психологтың ең маңызды функциясының бірі – халыққа психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу болып табылады. Психологиялық ағартудың негізгі мақсаттары:

– халықты тұлға психологиясының негіздерімен, яғни қарым – қатынас, іс-әрекет, өзін-өзі тәрбиелеу және өзіне-өзі білім беру мәселелерімен таныстыру;

– жаңа психологиялық зерттеулермен, әсіресе оқыту және тәрбиелеу саласындағы нәтижелерді түсіндіру, тарату;

– психологиялық білімдерді және оларды өз өмірі мен қызметінде орнымен қолдана білу қажеттілігін қалыптастыру [1].

Психологиялық ағарту жұмысының формаларына: ғылыми-танымал дәрістер, әңгімелесулер, семинарлар, көрмелер, маман-психологтармен кездесу және т.б. жатады. Психологиялық білім беру жұмыстарын өткізу барысында кейбір ерекшеліктерді ескерген жөн:

1. Мейірімділік, яғни психолог өзінің білімін бере отырып шын тілектестігін білдіруі;

2. Аудиторияның кәсіптік және жас, даму деңгей ерекшеліктеріне жұмыс әдістері, формалары мен мазмұнының сәйкестігі;

3. Берілген ақпараттың мақсатқа сайлығы мен практикалық қажеттілігі;

Перспективалы жұмыстың қатарына оқушылармен, олардың ата-аналарымен, оқытушылармен, мекеме басшыларымен, сауда қызметкерлерімен, менеджер және т.б. мамандық иелерімен жүргізетін жұмыстары жатады. Біз, өз жұмысымызда ата-аналармен, оқушылармен, мұғалімдермен жүргізілетін жұмысқа тоқталамыз. Тұрғындардың бұл категориясы психологиялық білім беру жұмыстарын көбірек қажет етеді.

Ата-аналармен ағарту жұмысының мақсаты:

– балатұлғасын қалыптастыру және дамыту туралы психологиялық заңдылықтар туралы білім беріп және осы заңдылықтарды тәрбие процесінде есепке алып, пайдалану;

– баланың жанын түсінуді үйрету;

– балаларды оқытып-тәрбиелеуде оларға жиі көңіл бөлуді меңгерту;

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың ең тиімді формасы – психологиялық лекторияларды ұйымдастыру. Лектория бұл лекция циклі емес. Оның мазмұны 2 бөлімнен тұрады: теориялық және практикалық [2].

Теориялық бөлім ереже бойынша маман-психолог лекция оқитын ғылыми-танымал циклдан тұрады. Мұндай лекцияға қойылатын ең басты талап оның мазмұны тыңдаушылар үшін қажетті және қызықты болуы. Қызықсыз лекция ата-аналарды жалықтырып қана қоймай психологтың беделін түсіреді. Әртүрлі аудитория (ата-аналар, оқушылар, мұғалімдер үшін қандай лекция қызықты) бұларды мысалы, Н.В. Самоукинаның «Мектептегі практикалық психология: лекция, кеңес беру, тренингтер» деген еңбегінен қарауға болады.

Ата-аналар аудиториясы психологтарға белгілі бір қиыншылықтар туғызады. Ата-аналардың кейбір категориясы психологиялық білімдерді қажетті деп санамайды. Мұндай ата-аналар бәрін дұрыс жасаймын деп өздеріне сенімді болады. Сондықтан, бұл тәжірибе дұрыс дайындықты қажет етеді. Ал, ата-аналардың кейбір топтары қиындықтан қалай жол табуды білмейді. Олар баланы түсінбейді және қалай тәрбиелеу керек екенін де білмейді. Мұндай ата-аналарды сендіріп, үйретіп, көрсету қажет. Қиыншылықтар психологиялық заңдылықты қате түсінуінен де болуы мүмкін. Мысалы: темпераментті тәрбиелеуге болады, қабілет туғаннан ген арқылы беріледі, қаталдық дұрыс тәрбиелеуге мүмкіндік береді және т.б. Көпшілік ата-аналар балаларға жас ерекшелігіне сай қалай қарым – қатынас жасауды білмейді.

Лекторияның теориялық бөліміне лекция, әңгімелесу, семинар-пікірталас, «дөңгелек үстел» кіргізуге болады. Бұл тыңдаушылар мен лектор арасында қажетті қарым – қатынасты орнатып, қолайлы атмосфераны жасайды.

Лекторияның тақырыбын баланың жас ерекшеліктеріне сай жоспарлаған дұрыс. Тақырыптардың тізімі құрастырылып, ата-аналарға алдын-ала сұрақ анкета өткізген пайдалы. Бұл тізім ата-аналар жиналысында оларға беріліп, өздеріне қызықты тақырыпты белгілеуін өтінуге болады. Таңдалған тақырыптар лекторияның негізі болып табылады.

Практикалық бөлім. Практикалық бөлімсіз лектория формальды шара болып қалады. Көптеген ата-аналар лекториядан тыңдағандарын тереңірек түсіну үшін арнайы тренингтерді, нақтылауды, дәлелдеуді сұрайды.

Практикалық бөлімнің формаларына төмендегілерді жатқызуға болады [3]:

– *практикум*, яғни, ата-аналарды мазалайтын өмірлік ситуацияларды талдау (мысалы: баланың жеткіншектік кезеңдегі мінез-құлқы)

– *тренингтер*, қарым – қатынас тренингі кең танымал болып табылады.

Ата-аналарды үй жағдайындағы өзбетіндік жұмыстармен орындауға жетекшілік жасауды, зейінді, есті жаттықтыруды, эмоцияны басқаруды үйрету және т.б.

Диагностикалық сабақтар: ата-аналарға өздерінің балаларының қандай екенін білдірту қажет және олардағы аз ғана өзгерістің өзіне көңіл аударуға үйрету. Бұл мақсат үшін байқағыштық жаттығуларын ұйымдастыру (темпераментін, эмоциялық жағдайын анықтау т.б.).

Ата-аналар лекториясының құрамында *жеке кеңес беру* жұмысы болмаса, ол толыққанды болып есептелмейді. Баласының бойындағы қиыншылықтарды түсінбейтін ата-аналар да кездеседі. Мұндай ата-

аналарға кеңес міндетті түрде қажетті. Төменде кеңес беру кезінде сақтауға тиісті кейбір ережелерді атап өтеміз:

–кеңес жеке кабинетте, жекеше өткізіледі, ешкім бөгет жасауға болмайды. Ата-аналар қатаң белгіленген уақытта келгені дұрыс. Көп ата-аналарға кеңесті бірге белгілеменіз;

–қайырымдылық, мейірімділік, ең бастысы сенім мен байланыс орнату;

–шешімтек бірге қабылданады;

–әңгімелесуді жақсыға сеніммен аяқтау;

–келесі кездесуді жоспарлау (бәрі өзгеретіндігін білу керек).

Мұғалімдермен жұмыс: Психологиялық лектория психологиялық білім берудің бұл формасы мұғалімдер аудиториясына барынша жемісті болады [4]. Жаңа психологиялық әдебиеттерді оқып және терең талдауға мұғалімдердің бос уақыттарының жетіспеушілігінен мүмкіншілігі болмай қалады. Мұғалімдерге проблемалық лекторияларды өткізген дұрыс. Ол жарты жылға немесе бір жылға есептеліп, практикалық және теориялық сабақ ретінде кіргізіледі. Бастауыш мектеп және орта мектеп мұғалімдері үшін лекцияны мүмкіндігінше бөлек өткізген дұрыс. Лекторияның тақырыптарын төмендегідей етіп өткізуге болады:

–жеткіншектік кезеңдегі қиыншылықтар (нарколог мамандардың қатысуымен).

–кіші мектеп жасындағы проблемалар;

–мұғалімнің коммуникативтік мәдениетін жоғарылату және т.б.

Қазіргі уақытта әртүрлі тренингтер мен рөлдік ойындар кең танымал болып есептеледі. Мұғалімдерге тренингтер өткізу мен әдістемелік материалдарды дайындауды Н.В. Самоукина мен С.В. Кривцованың және т.б. жұмыстарынан табуға болады. Жаңа психологиялық әдебиеттерге, ғылыми-практикалық конференция мен семинарлардағы ғылыми мақалаларға мерзімдік басылымдарға шолу жасауға да болады [1].

Оқушыларға психологиялық білім беру жұмыстары: Оқушыларға жүргізілетін жұмыстың әр түрлі типтерін: факультатив, лекция, психологиялық тақырыптағы кеш, КТК (КВН), ғылыми-практикалық конференция, қабырға газеті және т.б. жатқызуға болады. Оқушыларға қызықты тақырыптағы лекция оқуға болады. Мысалы, «Түс көру және оны жору». «Адамның экстрасенсорлық қабілеті», «Адам өмірінде түстің маңызы», «Психологиялық символдар» және т.б.

Тақырыптық кештер. Мысалы: «Жұмбақ ес», «Таныс бейтаныс», «Түс кеші».

Сұрақ және жауап кеші. Мұндай кешті ұйымдастырар алдында алдын-ала сұрақтарды жазбаша түрде алған дұрыс. Сұрақтарға оқытушы жауап берген дұрыс, ал қарапайым сұрақтарға оқушылар жауап беруге болады.

Кездесу кеші. Мұнда кездесу кешіне тыңдаушыларға мамандықтың оң және теріс жақтарын айтуға практик-психологты шақыруға болады. Кездесу кештеріне режиссер, прокуратура қызметкерін, тергеушілерді, жазушы, оқытушы, дәрігер, журналист және т.б. шақыруға болады. Бұл мамандардан өз кәсіптеріне психологиялық білімнің қандай көмегі бар, сол жөнінде сұрауға болады. Мұндай кездесуге дұрыс дайындалу қажет. Оқушыларды қызықтыратын сұрақтарды алдын – ала ескеріп, тыңдаушылар мен сөйлеушілерді әңгімелесуге дайындау қажет.

Факультатив, үйірмелік сабақтарды ұйымдастыру: Ғылыми студенттік қоғамды өздерінің бағдарламасымен және ұйымдастырылған формасымен факультатив, үйірмелік сабақтарды ұйымдастыру. Жұмыстың мұндай формаларының бағдарламалары нормативтік психологиялық курстың бағдарламасын қайталамауы, қызықты және аз оқытылған тақырыптарды қамтуы тиіс. Егер мұндай сабақтар мектепте өткізілетін болса, онда тақырыпты таңдағанда тыңдаушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет.

Мысалы: Жоғары сыныптардың оқушылары үшін қызықты тақырып: «*Сенім, өзін - өзі сендіру және гипноз*», «*Тұлға және ақыл*» және т.б. Төменгі сынып оқушылары жануарлар психикасы, психиканың құпия құбылыстары және т.б. тақырыптағы әңгімелерді қызыға тыңдайды. Ал, жеткіншектерді өзара қарым – қатынас, тұлғаны қалыптастыру мәселелері, ерік, мінез және темперамент және т.б. туралы проблемалар қызықтырады.

Шағын эксперименттік зерттеулер: Мұнда лекция және практикалық сабақтар үшін студенттер күшімен жасалған экспериментті және тәжірибені демонстрациялауды жатқызуға болады. Бұл диагностикалық зерттеу мектепте мектеп психологына көмек болады. Жоғары сынып оқушыларына, студенттерге өзін-өзі бағалауды, танымдық процестерді өзара қарым – қатынасты және т.б. психологтың тікелей жетекшілігімен диагностикалауды тапсыруға болады. Психолог керекті әдебиеттер тізімін беріп, дайындаған жоспарларын қарап, кеңес беріп, алдын – ала дайындық жасатады [3].

Психологиялық газет: Бұл психологиялық факультативтің, үйірменің немесе ҒСҚ (ғылыми студенттік қоғамның) органы болып табылады. Газет қабырға газеті болуы мүмкін. Газеттің осы түрі ЖОО және мектепте кең қолданылады. Мұндай газетті безендіргенде оқу орындарының психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. Рубрикалар әр түрлі, көлемі шағын, мазмұны қысқаша, оқығанда қиындық келтірмеуі тиіс. Теориялық қағидалар мүмкіндігінше бір – бірінен бөлек орналасқан және иллюстрациялармен берілуі тиіс.

Психология апталығы: Соңғы жылдары, әсіресе мектепте пәндік апталықтар кең танымал болып отыр. Психология апталығы бұл ғылымның және психолог мамандығын танымал студенттік тиімді формасы болып табылады. Бұл апталық кезінде барлық топтарда, сыныптарда танымал лекциялар, әңгімелесулер, демонстрация, ғылыми конференция, кездесулер, кештер өткізіледі. Апталық аяғында психологиялық тақырыптағы қабырға газеттерінің конкурсы, ал қорытындысында КТК (КВН) немесе «Не, қайда, қашан?» сайысы өткізіледі.

КВН (КТК) – ны және тақырыптық кештерді дайындау: Кештер мен КВН (КТК) – ны өткізу үшін көптеген материалдар қажет. (тарихи фактілер, ғалымдардың өмірбаяны, олардың айтқандары, афоризмдер, тақпақ, конкурс, викториналық сұрақтар, әзілді тестілер, театрландырылған көрініс, ойын т.б.). Кеш сәтті өту үшін алдын – ала жоспар құрылуы қажет. Жоспарды құрастыру кезінде кештің барлық деталдары жөнінде ойлану керек.

Кештің басталуы. Кешті әдеттегідей психология пәнінің оқытушысы ашады. Өз сөзінде ол таңдалған тақырыптың тұлғаның қызметі, кәсібі, жанұясы және т.б. үшін мәні зор екенін атап өтеді.

Тарихи фактілер. Олар мүмкін көріністер немесе біреудің айтқандары (мысалы: Психея жөніндегі аңыз). Кештің бұл бөлімі тікелей таңдалған тақырыптарға байланысты. (Мысалы: «Психолог кәсібі жөнінде», «Біз бәріміз әр түрліміз», «Менің ішкі жан дүнием» т.б.). Ақпаратты баяндау формасы әр түрлі болады: баяндама, көрініс, арнайы сценарий т.б.

Көрермендер үшін соңында шағын сыйлығы бар конкурсты ұйымдастыру қажет. Төмендегідей конкурстар өткізуге болады:

—«Сіз білесіз бе?»

—«Егер мен сөйлей алмасам!» (вербальды емес қабілетке конкурс).

Тапсырма: «Көрермендер алдында сөйлемей вербальды емес құралдармен көрсету. Мысалы: ым, мимика, пантомимика» т.б. Көрермендер оқылған өлеңді немесе тақпақты айтуы тиіс.

Интонация конкурсы. Мысалы: «мында кел» фразасының интонациясын білу. 1) бұйрықпен; 2) өтінішпен; 3) қуанышпен; 4) қобалжушылықпен; Көрермендер сынға қатысушы дұрыс айтты ма, соны анықтайды.

Сен жақсы психологсың ба? (психология ғылымының негізгі ұғымдары туралы білімін анықтау тапсырмасы).

Біз жақсы көреміз бе? (плакаттағы әр түрлі бейнелерді айыру тапсырмасы. Бұл мүмкін әртүрлі бейнелердің иллюзиясы болуы мүмкін). Сыйлықты тек дұрыс айтқанға ғана емес, біз неге осылай көреміз мүмкіндігінше осыған жауап бергенде беруге болады[3].

Шақыру билеттерінің конкурсы. Билетті алдын – ала дайындау қажет. Мысалы: 1 билетте (тақ билет) символ, фраза, суреттің жартысы, басқа билетте (жұп билетте) басқа бөлігі бейнеленуі тиіс. Жігіттерге тақ номері, қыздарға жұп номері беріледі. Бір – бірін тапқандар ұтады, жеңеді. Бұл конкурсты кештің басында өткізген дұрыс.

Тақпақ, проза, афоризм, мақал және т.б. таңдау.

Музыканы ойлап шығару (қазіргі заманғы билейтін, мүмкіндігінше, келесі би әзілді атаумен немесе таңғажайыпты мәтінмен хабарланған тиімді). Осындай психологиялық ағарту жұмыстарының ата-аналарға, оқушыларға, мұғалімдерге көп көмегі болатыны сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Самоукина Н.В. *Практическая психология в школе: лекции, консультирование, тренинги.* - М., 1997. - С.78-80.

2. Егенисова А.Қ. *ЖОО психологиялық пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы, -А.: «Бастау», 2018. –Б. 254-255.*

3. Герасимова В.С. *Методика преподавания психологии. Курс лекции.* – М., 2004. – С.45-46.

4. Карандашев В.Н. *Методика преподавания психологии: Учебное пособие.-СПб.: «Питер», 2008. – С.149-150.*

5. Касен Г.А. *Теория и методика преподавания психологических дисциплин в вузе.* – А.: «Қазақ университеті», 2013. – С. 57-59.

МРНТИ: 15.21.45.

Егенисова А.К.¹, Серікбаева А.К.²

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ

Аңдатпа

Бұл мақалада эмоциялық интеллект түсінігіне сипаттама беріледі. Эмоциялық интеллект, әлеуметтік интеллект, көшбасшылықтың зерттелу проблемалары және осы саланы зерттеген шетелдік, отандық ғалымдардың еңбектері талданады. Эмоциялық интеллекттің келесі құрылымдық элементтері: өзіндік сана, өзін-өзі қадағалау, әлеуметтік сезгіштік, қатынастарды басқару т.б. ұғымдарға сипаттама берген.

Түйін сөздер: эмоция, интеллект, көшбасшылық, эмпатия, әлеуметтік перцепция, мінез-құлық икемділігі, өзін-өзі қадағалау, әлеуметтік сезгіштік, қатынастарды басқару.

Егенисова А.К.¹, Серікбаева А.К.²

^{1,2}Каспийский государственный университет технологий и инжиниринг имени Ш.Есенова

ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ЛИДЕРСТВО

Аннотация

В данной статье дается описание понятию «эмоциональный интеллект». Обсуждаются труды зарубежных, отечественных ученых по этой теме и проблемы исследования лидерство, социального и эмоционального интеллекта. А также даются характеристики следующим структурным элементам эмоционального интеллекта: самосознание, самоконтроль, социальная чувствительность, управление отношений и т.д.

Ключевые слова: эмоция, интеллект, лидерство, эмпатия, социальная перцепция, гибкость характера, самоконтроль, социальная чувствительность, управление отношениями.

Yegenisova A.K.¹, Serikbayeva A.K.²

^{1,2}Caspian state university of technology and engineering named after Sh.Yesenova
Aktau, Kazakhstan

EMOTIONAL INTELLIGENCE AND LEADERSHIP

Annotation

This article describes the concept of "emotional intelligence". The works of foreign, domestic scientists on this topic and the problems of leadership research, social and emotional intelligence are discussed. And also characteristics are given to the following structural elements of emotional intelligence: self-awareness, self-control, social sensitivity, relationship management, etc.

Key words: emotion, intelligence, leadership, empathy, ability to perceive emotion, ability to apply emotion, social perception, character flexibility, self-control, social sensitivity, relationship management.

Мектепте оқығанда нашар оқитын оқушылардың жақсы баға алғандары есіңізде ме? Университетте оқығанда нашар дайындалған студенттердің семестрдің соңында жақсы қорытылғанына куә болдыңыз ба? Мектепте үшке оқып, кейін бай болып кеткен адамды кездестірдіңіз бе? Мектепте беске оқып, кейін жұмыссыз жүргенін көрдіңіз бе? Немесе ақылды болсаңыз да әлі де жетістікке жете алмай жүрсіз бе? Егер осы сұрақтардың біреуіне "ия" деген жауап берсеңіз, онда біз бүгін сол туралы сөз етеміз.

Эмоционалды интеллект дегеніміз – эмоцияны қабылдау, бақылау және бағалау. Эмоционалды интеллект туа біткен қасиет пе, әлде оны дамытуға бола ма? Peter Salovey және John D.Mayer өздерінің бірлесіп жазған «Эмоционалды интеллект» деген еңбегінде эмоционалды интеллект деген ұғымға түсінік береді. Олардың анықтамасында эмоционалды интеллект – өзінің және басқалардың сезімі мен эмоциясын сүзгіден өткізе алу қабілеті, оларды ажырата алу және өз ойлауы мен іс-әрекетіне пайдалана алу мүмкіндігі. Peter Salovey және John D.Mayer анықтаған эмоционалды интеллект моделінде төрт түрлі

факторды көрсетеді: *эмоцияны қабылдау қабілеті, эмоцияны қолдану қабілеті, эмоцияны түсіну қабілеті және эмоцияны басқару қабілеті*[1].

Эмоциялық интеллект түсінігіне қоршаған ортадағы адамдардың эмоциясын түсіну және олардың эмоциялық күйіне икемделу арқылы тұлғаның тиімді қарым-қатынас құра білу қабілеттері жатады. EQ Эмоционалды интеллект деп қарапайым қазақи тілмен айтқанда адамның мінезі. Немесе адамның сезімдерін басқара алу қабілеті. Мінезі мен сезімін жақсы басқара алса, адам көркем мінезді болып саналады. Көркем мінез жайында дінімізде де, дәстүрімізде де, басқа ұлттық құндылықтарымызда да тікелей (жырау, ақындардың нақты мінезге қатысты өсиеттері) және жанама (ертегі, хикая, әңгімелерде басты кейіпкерлердің жағымды мінездері мен сол қасиеттері арқылы жақсылыққа немесе мұратына жетуі) түрде айтылып өтеді.

Ғылымға «эмоциялық интеллект» терминін американдық екі психолог Питер Сэловей мен Джон Мэйер 1990 жылдары енгізген болатын. Олар алғашқы болып эмоциялық интеллектінің бірінші үлгісін ұсынды. Аталған авторлар эмоциялық интеллект деп «өзінің және өзгенің сезімдері мен эмоцияларын байқай білу, оларды ажырату және осы ақпаратты ойлау мен іс-әрекетте қолдану» деп түсіндірді. П. Сэловей мен Дж. Мэйердің үлгісі негізінде Д. Гоулманның аса танымал үлгісі жасап шығарылды. Оның 1995 жылы шыққан «Эмоциялық интеллект» атты еңбегі кітап сатылымында бірінші орындарға шығып, аталған мәселенің ғылыми және көпшілікке арналған әдебиеттерде осы күнге дейін қызу талқылануына түрткі берді[2].

Сэловей мен Мэйер бөліп шығарған компоненттерге Гоулман ынталылық, табандылық және әлеуметтік дағдыларды қосты. Сонымен қатар, эмоциялық интеллектінің аса танымал үлгілеріне Р. Бар-Онның тұжырымдамасын жатқызуға болады. Оның тұжырымдамасына сәйкес эмоциялық интеллект қоршаған ортадағы адамдармен табысты қарым-қатынас құруды және өмірдің түрлі жағдайларында өзін-өзі ұстай білуді қамтамасыз ететін эмоциялық және әлеуметтік құзыреттілік, қабілеттер мен білімдердің бүкіл жиынтығы ретінде анықталады [2].

Бұл тақырып батыс елдерінде алдыңғы орынға шыққалы қаншама уақыт өтті. Олардың бізден айырмашылығы осы тақырыпты ғылыми түрде зерттеуі. Яғни, мінез шынымен де адамның өміріндегі алатын орнын, одан бұрын, зерттеушілердің сезімнің рухани ғана емес, материалды, көзге көрінетіндігіне зерттеу жүргізулері. Мысалы, адам қорыққанда қан адамның аяғына жиналады екен, демек қашуға дайын болуы. Ашуланғанда қан адамның алақанына жиналады екен, яғни адам шабуыл жасауға ниеттеніп тұрады екен. Ашуланған адамның қолында қару болса, ол сол қаруды қолдану қаупі артады. Осы сияқты басқа да эмоцияға қатысты көптеген зерттеулер жүргізген. Демек, сезімге берілгенде денемізде белгілі бір дәрежеде химиялық және биологиялық құбылыс болады екен.

Өзін-өзі ұстай білу және өзара әрекеттесудің сауатты үлгісін құру адамдармен тікелей қатынасқа байланысты қызмет салаларында аса маңызды болып жатады. Тұлғаның кәсіби жетістіктері, сөзсіз, оның білімімен, қабілеттерімен, дағдыларымен, жан-жақтылығымен және кеңінен ойлау білу қасиеттерімен, яғни оның жалпы интеллект деңгейімен байланысты болып келеді. Алайда көптеген жағдайларда интеллектінің жоғары деңгейіне ие болу жеткіліксіз. Эмоциялық интеллект идеясының пайда болуы әлеуметтік идея турасындағы түсініктердің дамуы нәтижесінде мүмкін болды. Тұлға табыстылығының жалпы интеллект деңгейі мен әлеуметтік ортамен тиімді өзара әрекеттесуі арасындағы сәйкессіздіктердің жиі орын алуының нәтижесінде әлеуметтік интеллектінің жекелеген дара қабілет немесе тұлға қасиеті ретінде бөлініп қарастырылуына түрткі берді.

Эмоциялық интеллект идеясы сондай-ақ, Ресейде де кеңінен қарастырылуда. Мәселен, Д.В. Люсин эмоциялық интеллектінің өз үлгісін ұсынып отыр. Оның үлгісі бойынша эмоциялық интеллект өзінің және өзгенің эмоцияларын түсіну және оларды басқара білу қабілеті ретінде түсіндіріледі. Эмоцияларды түсіну қабілеті дегеніміз адамның өзінің және өзгенің қандай да бір эмоциясын сезініп отырғандығын тани білуін, оны анықтап, атай білуін, осы эмоцияны тудырып отырған себептерді және оның салдарын түсінуін білдіреді. Эмоцияларды басқару қабілетіне адам эмоция қарқындылығы мен оның сыртқы көріністерін қадағалай алуы, сондай-ақ, өзінің бойында белгілі бір эмоцияларды ерікті түрде туындата білуі жатады. Түсіну мен басқару адамның өзінің және өзгелердің эмоциясына бағытталуы мүмкін болғандықтан, Люсин эмоциялық интеллектінің тұлға ішкілік және тұлға аралық екі құрамдас бөліктерін ажыратады. Аталған ұстаным шеңберінде эмоциялық интеллект құрылымында когнитивті қабілеттер мен тұлғалық сипаттамалар біріктірілген [3].

Ал, Қазақстанда А.А. Толегенова эмоциялық интеллектті психофизиология тұрғысынан қарастырған. Оның зерттеу еңбегінде эмоциялық интеллекттің психофизиологиялық параметрлері адамның эмоцияны реттеу кезіндегі индивидуалды ерекшеліктерінің негізі ретінде қарастырылған. Эмоциялық интеллекттің

адамның өнімді іс-әрекет, әлеуметтік бейімделу және стрестік жағдайлар үшін маңыздылығы көрсетілген [4].

Эмоциялық интеллект көшбасшылық тиімділігінің факторы ретінде 1990-жылдардың басталуымен ғылымда көшбасшылықта маңызды орынға ие тұлғалық факторларға зерттеу қызығушылығы арта түсті. Ғалымдарды қолданбалы, әлеуметтік және эмоциялық секілді интеллект түрлерінің көшбасшылық тиімділігіне әсері қызықтырды.

Сонымен қатар, Р. Риджио өзінің серіктес авторларымен бірге эмоциялық интеллект пен әлеуметтік интеллектті тиімді көшбасшыларды ерекшелендіретін тұлғалық қасиет ретінде қарастырып, оларға кез келген жағдайда тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді деп есептейді.

Д. Гоулмен эмоциялық интеллектті тиімді басқарудың міндетті шарты деп қарастырады. Өзінің «Эмоциялық көшбасшылық» кітабында ол көшбасшылық қабілет үлгісін эмоциялық интеллект құрылымына сәйкес келесі түрде сипаттайды [2]:

1. *Өзіндік сана*: өзіндік санасы жоғары дамыған көшбасшылар өз эмоциялары мен сезімдерінің әсерін саналауға қабілетті, бұл қасиет оларға күрделі жағдайларда мінез- құлықтың ең үздік тәсілін таңдауға көмектеседі.

2. *Өзін-өзі қадағалау*: эмоцияны қадағалау, ашықтық, бейімділік, жеңуге деген ерік- жігер, бастамашылық, оптимизм. Өзін-өзі қадағалауы жоғары дамыған көшбасшылар - стрестерге төзімді, дағдарыс уақытысында тыныштық пен байыптылық сақтай білетін, аумалы-төкпелі жағдайларға тез бейімделе алатын тұлғалар.

3. *Әлеуметтік сезгіштік*: эмпатия, іскери білімдарлық, елгезектік. Осындай қасиеттерге ие көшбасшылар қоршаған адамдарды тез түсініп, олардың орнына түсе алады; адамдардың қажеттіліктеріне өте сезімтал болып табылады.

4. *Қатынастарды басқару*: ынталандыру, ықпал ету, жетілуге көмектесу, өзгерістерге қолдау көрсету, шиеленістерді реттеу. Осындай сипаттарға ие көшбасшылар өзінің қоластындағы адамдардың үн қатысуына ықпал етіп, оларды алға қойылған міндеттерді жүзеге асыруға жігерлендіре алады. Мұндай тұлғалар ұжым шеңберінде ауызбіршілік пен бір-біріне сенімді қалыптастыра алады.

Эмоцияны түсінудегі бірінші қадам – оны қабылдау. Көптеген жағдайларда бұл адамдардың бетіндегі вербалды емес сигналдарды қабылдаумен байланысты болады. Келесі қадам – эмоцияны анықтау: нәрсеге көңіл бөлу және оған жауап беру, білдіру. Бұдан кейінгі қадам – эмоцияны түсіну. Егер біреу ашуланса, оның ашуына не себеп болды, ол нені білдіреді дегенді түсіну. Соңғы қадам эмоцияны меңгеру. Эмоцияны тиімді меңгеру қабілеті – эмоционалды интеллектінің ең маңызды қадамы болып есептеледі. Эмоцияны бағалау және басқа адамдардың эмоционалды әрекетіне дұрыс жауап беру – жоғары саналылық. Жоғарыдағы қойған сұрағымызға қайтып оралайық: көптеген зерттеушілер эмоционалды интеллектіні білім беру, кеңес беру арқылы және тәлімгерлік жолмен дамытуға болатындығын айтады. Эмоцияны бағалау күйзелісті азайтып, ұйымдастырушылық жұмысты күшейтеді.

С. Заккаро тұлғалық сипаттамаға жататын әлеуметтік интеллект ашық және динамикалық жүйелер ішінде көшбасшылықтың пайда болуының қажетті шарты болып табылады деп түсіндірді. Бұл ретте әлеуметтік интеллектінің келесі екі компонентті сипаты ажыратылады:

– әлеуметтік перцепция – өзге адамдар мен әлеуметтік топтарды барынша тез әрі дұрыс түсіну қабілеті;

– мінез-құлық икемділігі – жаңа міндеттер мен жағдайларға қатысты туындаған міндеттерді ескере отырып мінез-құлықты өзгерту қабілеті.

Ғалымдардың пікірінше, әлеуметтік интеллект деңгейі жоғары болып табылатын көшбасшылар барынша мұқият қалыптасқан перцептивті және мінез-құлық үлгілеріне ие. Олар топтың өзге мүшелеріне қарағанда қалыптасқан жағдайды тезірек ұғынып, сәйкесті шешімдерді дер кезінде қабылдап, оларды өмірде өзгелермен салыстырғанда тиімді түрде іске асыра алады. С. Заккароға сәйкес, әлеуметтік интеллектісі жоғары басшылар ұйымдастырушылық жағдайлардың талаптарын дәл қабылдап, дұрыс жауап бере алатын көрінеді. Ғалым пікірінше, бұл басшылар жоғарғы әлеуметтік құзыреттілікке ие болғандықтан, тұлға аралық стресі жоғары болып табылатын жағдайларға жиі ұшырай бермейді, ал белгілі бір стрестік жағдайларға түсіп қалған кезде оның әсерлеріне жеңіл төтеп бере алады [5].

Б.Басс пікірінше, әлеуметтік интеллект эмоциялық интеллект көшбасшының өз қоластындағыларын шабыттандыруы және олармен өзара әрекеттесуі кезінде аса маңызды рөлге ие. Р. Стернберг пікірінше, әлеуметтік интеллект ұғымына тығыз ұғым эмоционалды интеллект болып табылады [6]. Соңғы жылдары С. Вольф оның серіктес авторлары оның шағын топ ішінде бейресми көшбасшылықтың пайда болуы кезіндегі рөлін байқататын бірқатар мәліметтерді алған болатын. Алайда, эмоциялық интеллект пен

көшбасшылық арасындағы байланыс тікелей сипатқа ие емес, бірінші кезекте, аралық когнитивті процестер арқылы жанамаланған. Ал когнитивті процестер, өз кезегінде, топ міндетін шешу барысындағы жекелеген күштердің ықпалын үйлестіру әрекетіне ықпал етеді.

Бірінші кезекте, бұл эмоциялық интеллект түсінігін анықтауға қатысты болып табылады. Әртүрлі авторлардың осы мәселеге қатысты көзқарастары көп ретте сәйкес келе бермейді, көп ұғымдар нақтыланбаған және кей жағдайларда эмоциялық интеллект ұғымы тым кең мағынада түсіндіріледі. Ұйымдастыру психологиясында эмоционалды интеллект пен кәсіби табыстылық, тұлғалық және қабілет өнімділігі, оның оқыту барысындағы маңыздылығы және тағы да өзге сұрақтар арасындағы байланыс жөнінде ғылыми негіздемелер мен мәліметтер көптеп жинала қойған жоқ, алайда бұл тұста нақты ғылыми зерттеулер жүзеге асырылып келеді.

Көшбасшылық белгілі бір топтық міндеттерді шешумен тығыз байланысты болып табылғандықтан, топтық іс-әрекет түріне сәйкес инструменталды көшбасшы (the task leader) және экспрессивті немесе әлеуметтік-эмоционалды көшбасшы (the social-emotional leader) ажыратылады. Көшбасшылықтың бұл түрін өткен ғасырдың 50-жылдары Р. Бейлз бен Ф. Слейтер бөліп шығарып, осы құбылысқа «көшбасшылықтың рөлдік дифференциациясы» атауын берген болатын [7]. Инструменталды көшбасшылық мақсаты топтың нысаналы түпкі міндеттерін шешуі барысында топты басқару болып табылады, ал эмоционалды көшбасшының рөлі ұжымда ішкі жағымды ортаны қалыптастыру және оның тұрақтылығын қамтамасыз етумен байланысты болып табылады. Топтық мақсаттың орындалу тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған инструменталды көшбасшы жиі түрде топ мүшелерімен өзара қатынастың нашарлауына алып келетін тәсілдерді қолдануы мүмкін. Ал эмоциялық көшбасшы көп жағдайда топтағы өзара қарым-қатынасты жақсартуға бағытталуы нәтижесінде өзінің эмоциялық интеллект қасиеттерін іске қосады. Тек топтық міндетке ғана бағытталған көшбасшының эмоциялық интеллекттің төменгі деңгейін байқату мүмкіндігі айтылады. Кейбір зерттеулерде, шынымен де, жоғарғы эмоциялық интеллект пен қарым- қатынасқа бағытталған демократиялық басқару стилі арасындағы байланыстар анықталған. Бұл ретте коммуникативті қабілет деңгейі төмен әйел-басшылар директивті және енжар стильдерді таңдауға бейім екендігі анықталса, ерлер көп жағдайда тек енжар басқару стилін қолданатыны байқалған.

Д.Гулмен өзінің серіктес авторларымен бірге резонансты көшбасшылық терминін енгізеді. Аталған ұғым көшбасшы тұлға мен оның қарамағындағы адамдардың бір эмоционалды толқынға түсуін білдіреді. Резонансты көшбасшылық негізінде эмоциялық интеллект, саналау белсенділігі, оптимизм және эмпатия жатыр. Өздерінің зерттеулерінің нәтижесінде ғалымдар эмоциялық резонанс тудыратын төрт көшбасшылық стилді (идеалистік стиль, үйретуші стиль, жолдастық стиль, демократиялық стиль) және жағдайды ескерместен қолданған жағдайда эмоциялық диссонансқа әкелетін екі стильді (талапшыл стиль, авторитарлы стиль) бөліп шығарды [2].

Батыс елдерінде бұл тақырыпты не үшін өте маңызды көрген? Себебі, адамның жетістікке жетуі үшін өте ақылды болу жетпейтінін байқаған. Мысалы, 1940 жылдары Гарвард университетінде оқыған 95 студентті зерттеген. Оларды университеттерді бітіріп кеткеннен бірнеше жылдан кейін бақылап қараса, кезінде университет балдары мен IQ-ы (ақылы) жоғары болған студенттердің қаржылық, экономикалық және әлеуметтік статусы IQ-і мен университет балдары төмен болған студенттерге қарағанда төмен болған. Және өздеріне көңілі толмайтын, өздерін бақытты санамайтынын айтқан. Осы сияқты зерттеулерден кейін бірнеше ғалымдар терең ойлана бастайды. Солардың арасында эмоционалды интеллектінің негізін қалағандардың бірі Даниел Гулман болған. Даниел эмоционалды интеллектінің ақылдан бөлек нәрсе екенін көрсетіп кеткен.

Сонымен, қазіргі кезде барлық дерлік атақты бай адамдардың (жетістікке өз күшімен жеткендер) немесе CEO-лардың (үлкен компания директорлары) эмоционалды интеллектісі жоғары екенін зерттеу жұмыстары көрсетіп берген. Ақылдан бөлек адамның мінезі жетістікке жетуге тікелей қатысы бары дәлелденді. Сол себепті, егер ақылы орташа адамның бай болғанын көрсеңіз, таңғалмаңыз. Себебі, ол адамның эмоционалды интеллектісі жоғары болуы мүмкін. Енді, Эйл университетінің психологы Питр Саловейдің эмоционалды интеллектінің негізгі 5 қағидасына тоқталсақ:

Өзіміздің эмоциямызды тану. Бұл эмоционалды интеллектінің ядросы болып табылады. Қазақи мағынада айтсақ, Шәкәрім атамыз айтқандай, өз нәпсімізді тану.

1. *Өз сезімімізді сырттан қарап тұрғандай көре білу.* Ол дегеніміз белгілі бір сәттегі(ситуацияда) сезіміңізді көре біліңіз. Мысалы, ашуланып тұрсаңыз, өзіңіздің ашуланып тұрғаныңызды білу немесе қызғанып тұрсаңыз, қызғанғаңызды сезе білу. Осылай жасай білу өзімізді түсініп, тану үшін өте маңызды. Егер, олай жасай алмасақ, сезіміміз бізді билеп кетіп, өзіміздің не істегенімізді байқамай қаламыз. Өз

эмоциясын сырттай бақылығын адам ғана дұрыс шешім қабылдайды екен. Мысалы, мамандық немесе өмірлік жарын таңдау сияқты маңызда істерде дұрыс шешім қабылдай алады.

2. *Эмоциямызды (сезімді) бақылауда ұстау.* Яғни, эмоциямызды басқара білу. Мысалы, ашуланғанда сабыр ете білу. Ашудың арты өкінішке алып барар салдары болатынын сезе біліп, дер кезінде тоқтата білу. Мұндай қабілеті төмен адамдар өмірде үлкен қиыншылықтарға соқтығыуы мүмкін. Ал, өз эмоциясын уысында ұстайтын адамдар өмірдегі қиыншылықтар мен келеңсіз жайғдайлардан жол тауып, шыға біледі екен.

3. *Өзімізге мотивация беру.* Эмоциямызды өзіміздің нақты мақсатымыз үшін қолданып, бағыттай білсек, зейініміз де, шығармашылығымыз да, біліктілігіміз де артады екен. Мұндай қабілетке ие адамдар жұмысты өнімді атқарады. Сол үшін эмоциямызды дұрыс басқару мақсатқа жетудің жолы екенін есімізге түсіріп отыру қажет.

4. *Басқалардың эмоциясын байқай білу.* Басқаша айтсақ, эмпатия. Эмпатия дегеніміз – басқалардың сезіп тұрғанын сезе білу немесе сол адамның орнына өзін қоя білу қабілеттілігі. Эмпатиясы жоғары адам жанындағы адамдардың не қалап тұрғанын немесе нені қажет ететіндігін сезе біледі. Мұнда адамдар бизнесте, ұстаздықта, басқаруда үлкен жетістіктерге жетіп жатады.

5. *Жақсы қарым-қатынас құра білу.* Бұл дегеніміз қоғамда, ортамызда, бетпе-бет сөйлесуде адамдармен жағымды, оң қарым-қатынас құра білу қасиеті. Бұл қасиеттің өміріміздің әрбір сәтіндегі орнының ауадай маңыздылығына ешкімнің дауы жоқ деп ойлаймын. Соңғы айта кететін нәрсе, осы айтылған эмоциялық интеллектінің 5 негізі немесе қағидасы әр адамда әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, өз сезімін басқара алуы мүмкін, бірақ басқа адамға сезімін басқаруына көмек бере алмауы мүмкін деген сияқты. Демек, өмірдегі әлеуметтік, қаржылық, рухани жетістікке жету үшін осы айтылған 5 қағидалардың бәрінің де рөлі маңызды. Мінезді жақсартуға болады, өйткені адамның миы созылмалы, өзгеруге бейім.

Адамның жеке өмірінде және кәсіби ісінде алға жылжу үшін эмоционалды интеллект болып қалыптасуы маңызды. Эмоциясын меңгере алу қоғамда басқалармен достықта және іскерлік қарым-қатынаста өмір сүруге, карьерасын дамытуға, өзіне өзі көңіл толуына қол жеткізеді. Эмоционалды интеллект қоғамда табандылыққа ие: күйзеліске қарсы тұра алады, әртүрлі келеңсіз оқиғаларға төзімділікпен жауап бере алады. Эмоционалды интеллектілік қасиетке ие жандар өзі өмір сүріп отырған қоғамның артықшылықтарын байқайды, мемлекеттің табыстарымен жетістіктерін бағалайды. Мәңгілік Елдің өміршеңдігі осы жоғарыда айтылған бес ұстанымды дұрыс пайдаланып, осы ұстанымдар арқылы қалыптасатын мінез-құлықты болашақты құрушы ұрпақтың бойына сіңдіре алумен тығыз байланысты. Біртұтас ел болу мұраты жолында ой толғап, артына аталы сөз қалдырған мұраларды жүйелі түрде сатылы әрі сабақтастықта оқыта алуы жолға қою болмақ.

Сонымен, эмоциялық интеллект конструктісі қарым-қатынасқа негізделетін бірқатар кәсіптерді игеру және жүзеге асыру кезінде аса маңыздылыққа ие екендігі тұжырымдалып отыр. Сондықтан, осы бағытта ізденістерді жалғастыру аса қажетті әрі нәтижелі іс-шара болып табылары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Mayer J.D., Salovey P., Caruso D. Emotional intelligence: Theory, Findings, and Implications *Psychological Inquiry*, 2004. V. 15. N 3. - P. 197- 215.

2. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. – М.: АСТ Москва: Хранитель, 2008. – 478 с.

3. Люсин Д.В. Способность к пониманию эмоций: Психометрический и когнитивный аспекты // Г.А. Емельянов (ред.), Социальное познание в эпоху быстрых политических и экономических перемен. - М.: «Смысл», 2000. – С. 57-58.

4. Кустубаева А., Джакупов С.М., Толегенова А.А., Ракишев Р. Эмоциональный и когнитивный интеллект // Вестник НАПК. № 1-2. – Алматы, 2008. – С. 30-37.

5. Ушаков Д. В. Психология интеллекта и одаренности - М: ИП РАН, 2011. - 464 с.

6. Практический интеллект / Р.Дж.Стернберг, Дж. Б. Форсайт, Дж. Хедланд и др. - СПб.: Питер, 2002. - 272 с.

7. Андреева И.Н. Эмоциональный интеллект: исследования феномена // Вopr. психол. 2006. № 3. - С. 78-86.

МРНТИ: 15.21.45.

Егенисова А.Қ.¹, Бекенжан Ж.Б.²

^{1,2}Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕП ОҚУЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке психологиялық дайындау мәселелері қарастырылған. Психологиялық дайындықтың құрылымы: жеке дайындық, зияткерлік дайындық, әлеуметтік-психологиялық дайындық, физиологиялық дайындық және психодиагностикалық тестілерді қолданудың әдіс-тәсілдері баяндалады.

Түйін сөздер: жеке дайындық, зияткерлік дайындық, аналитикалық ойлау, логикалық, есте сақтау, әлеуметтік-психологиялық дайындық, физиологиялық дайындық, психодиагностика, тестілеу, даму, психологиялық, педагогикалық, диагностика

Егенисова А.Қ.¹, Бекенжан Ж.Б.²

^{1,2}Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова,
г. Актау, Казахстан

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА ДЕТЕЙ К ОБУЧЕНИЮ В ШКОЛЕ

Аннотация

В этой статье рассматривается психологическая подготовка дошкольников в школе. В структуру психологической подготовки входят личная подготовка, интеллектуальной подготовка, социально-психологической подготовки, физиологической подготовки и докладываются методы психодиагностических тестов.

Ключевые слова: личная подготовка, интеллектуальная подготовка, аналитическое мышление, логическое запоминание, социально-психологическая подготовка, физиологическая подготовка, психодиагностика, тестирование, развитие, психологическая диагностика, педагогическая диагностика.

Yegenisova A.K.¹, Bekenzhan Zh.B.²

^{1,2}Caspian state university of technology and engineering named after Sh. Yessenov
Aktau, Kazahzstan

PSYCHOLOGICAL TRAINING OF CHILDREN TO SCHOOL

Annotation

This article discusses the psychological preparation of preschoolers in school. The structure of psychological preparation includes personal training, intellectual preparation, socio-psychological preparation, physiological preparation, and methods of psychodiagnostic tests are reported.

Key words: personal training, intellectual training, analytical thinking, logical memorization, socio-psychological training, physiological training, psychodiagnostics, testing, development, psychological diagnostics, pedagogical diagnostics.

Қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген ертеңгі қоғам иегері боларлық азамат тәрбиелеп өсіру, отбасының, бала бақшаның, мектептің, барша жұртшылықтың ауқымды міндеті болып отыр. Баланың мектепке баруын қай кезде болмасын педагог және психолог қауымы бала өмірінің жаңа бастауы ретінде, оның әлеуметтік ортада жаңа орын алуы деп қараған. Баланың оқу әрекетіне дайындығын Л.И.Божович, оның әлеуметтік маңызы және әлеуметтік бағаланатын қажеттілігінің өсуімен байланыстырады [1].

Қазіргі кезде балалар психологиясы ғылымында, мектеп оқуына дайындықтың мазмұны тек бала білімімен, демек интеллектуалдық дайындығымен тұжырымдалмай, оның психикасының сапалы ерекшелігімен, яғни белгілі психикалық құрылымдардың қалыптасуымен негізделеді. Бұл көзқарастың негізін Л.С.Выготский, мектепке дейінгі балалардың психологиялық жаңа құрылымы ретінде «интеллектуализация аффекта» яғни «жан күйзелісі зияттылығы» – деген түсінікті енгізуімен қалаған.

Бұл жаңа құрылымның бір көрінісі ретінде баланың тәлім-тәртібінің қоғамда қолданған талапқа бағыну бағытымен өзгеру деп санайды [2].

Баланың мектеп оқуына дайындығы бірнеше компоненттен тұрады: интеллектуалды, жеке дайындығы, дене дайындығы. Интеллектуалдық дайындық – баланың аналитикалық қабілеттілігінің, әрекеттің жалпы принциптерін көре білу, әртүрлі ой операцияларын шеше білуін және қоршаған ақиқатқа танымдық көзқараспен қарай білуін болжайды. И.В.Дубровинаның айтуы бойынша, білімге балалардың көзқарасының әртүрлі болуы, білімді бәрі бірдей ойдағыдай қабылдамауы бірінші сынып оқушыларының әрекетінің нәтижесінде көрініс беріп отырады, ал көп жағдайда тіпті олардың оқу әрекетінің кейінгі кезеңдерінде де әсерін тигізеді [3]. Баланың оқу әрекетіне жеке басының дайындығын психологтар, оның өз психикалық процестерін басқара білуімен байланыстырады, демек бала импульсивтілік (жедел) эмоциясынан құтылып, әрекет барысында ерік-жігер қасиеттері орын ала бастап, бала жинақтылық, белсенділік, тәртіптілік және оқуға ынтасын көрсетеді. Балаларды мектеп өміріне ойдағыдай бейімдеу үшін қажетті оқу компоненттерін (оқу тапсырмаларын қабылдауы және оқуға ынтасы) қалыптастыру қажет. Балада оқу тапсырмасын орындау ынтасы оқу әрекетінде ғана қалыптасуға мүмкіндігі бар деген тезисті негіз ретінде қолдана отырып оқу әрекетінің қалыптасуы барысында баланың оқуға, үйренуге, жаттығуға ынтасы көтеріліп, мектеп өміріне мейлінше тез бейімделуге қажетті сапа – оқу, үйрену, жаттығу мүмкіндігін барынша қолдану қажеттілігі артады. Мектепке баратын балалардың оқу процесі жүйелі болуы үшін, баланың оқуға бейімділігі, қабылдайтын білімі, оқу міндетін орындауы, түзету жұмыстары, психологиялық тиімді жолға қойылса, онда білім өзінің мәні мен маңыздылығында көріне алады.

Балалардың мектептегі оқуға психологиялық бейімділік әрекетінің қалыптасу теориясын Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Л.И.Божович, Д.Б.Эльконин, П.Я.Гальперин және мектепке дейінгі кезеңде психологиялық таным процестерінің қалыптасуын А.В.Запорожец, А.П.Усова, И.В.Дубровина, С.Мухина, Г.Г. Кравцова т. б. қарастырған [4]

Балалардың мектептегі оқуға даярлығы жайындағы мәселені ең алғаш рет қойған К.Д.Ушинский болатын. Ол өзінің «Ана тілін» оқытудағы нұсқауларында «Оқытуды бастаудың мезгілі» деп аталатын арнайы тарау арнаған. Онда ата-аналар мен педагогтарға ескертіп былай дейді. «Баланың мүмкіншілік болмайынша методикалық оқытуды бастамаңдар». Сөздерді нашар айту, үзіп-созып және байланыстыра алмай сөйлеу, баяу игеруі, зейінінің нашарлығы т.б. баланың осындай ерекшеліктерін ол мезгілсіз оқытудың нышандары ретінде атап көрсетті.

Жеті жасар баланың дағдырысына байланысты Л.С.Выготский мектептегі оқуға даярлық мәселесіне жаңа көзқараспен келді. Оның пікірі бойынша, баланың мектептегі оқуға даярлығында негізі білім қорының мөлшері мен түсінігі емес, балалардың таным процесінің даму деңгейінен білінетін психологиялық әрекеттің жаңа сапасы, балалардың жаңадан пайда болған қатынастары мен байланыстарының өзгерілуін, талдап қорыту жүйесінде пайда болуын, психологиялық негізде қайта құруын мәлімдейді. Сезім өрісінде жеке басының эмоциялық әсерленушілігінен басқа да қылықтары мен бейімделігі біліне бастайды. Интеллектуалдық дамуы жағынан бұл өзгеріс, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың лайықты санаттарына талдау жасап, қорыту және бейімделу нәтижесінде көрінеді [2].

Бүгінгі күні баланың мектепке дайындығын анықтауды оның психологиялық және физиологиялық дамуы басты назарда болып отыр. Психологиялық дайындықтың құрылымы мынадай бөліктерге бөлінеді:

А. Жеке дайындық. Баланың жаңа қоғамдық ортаға дайындығының қалыптасуы бірнеше құқықтар мен міндеттерді қамтитын мектеп ережесінен тұрады. Мектепте оқуға дайын оқушы-мектепке қажетті оқу құралдарын (портфель, оқулық, дәптер және т.б.) түгелдеп ғана қоймай, сондай-ақ жаңа білім алу мүмкіндігі мен таным қабілеті жеткілікті дәрежеде дамыған бала болып табылады. Болашақ мектеп оқушысы қызығушылығының қалыптасу жүйесіне қарай өзінің мінез-құлқын, танымдық іс-әрекетін басқара алуы керек. Сонда ғана оның оқуға деген құлшынысы пайда болады.

Сонымен қатар, жеке дайындық баланың эмоциялық жай-күйінің даму деңгейін де көрсетеді. Мектепке барар алдында баланың көңіл күйінің көтеріңкі болғаны жөн.

Ә. Зияткерлік дайындық. Дайындықтың бұл түрі баланың нақты білімі мен ой-өрісінің ауқымын көрсетеді. Баланың танысып отырған материалына деген көзқарасы мен материалды жекелей әрі жоспарлы түрде қабылдау жүйесінің қалыптасуы маңызды. Сондай-ақ, жалпылай ойлау формасы мен негізгі логикалық операцияларды атқарып, есте сақтай алуы да міндетті.

Зияткерлік дайындық негізінен баланың бойындағы оқу іс-әрекетінің бастапқы пайымдарын қалыптастыруды көздейді. Осы дайындық түрі жалпы алғанда төмендегілерді қамтиды:

- саралап қабылдау;
- аналитикалық ойлау;

- нақтылыққа талпыныс;
- логикалық есте сақтау;
- білуге құштарлық;
- сөйлеу тілін игеру;
- қолдың қозғалысы мен көру-қозғалыс үйлесімділігі.

Б.Әлеуметтік-психологиялық дайындық. Дайындықтың бұл компоненті балада басқа балалармен, мұғаліммен қарым-қатынас жасай алатын сапаларды қалыптастыруды көздейді. Бала топ болып бірге жасап жатқан жұмыс үстінен түседі. Осы кезде балада өзін ортаға бейімдеу қабілеті өте қажет болады. Ол үшін балалармен араласып кетуге, олармен бірге әрекет етуге, олардың қызығушылығына ортақтасуынан, оқу процесіндегі түрлі жағдайларға икемделуіне ықпал ету керек.

Мектепке келу кезеңі: мінез-құлықтың жаңа сапалық деңгейге көтерілуі;

- әрекетке іштей талдау жасау;
- нақтылыққа жаңа танымдық қатынасының дамуы;
- қарым-қатынастың жаңа сапалық кезеңіне өту болып табылады.

В. Физиологиялық дайындық. Бұл дайындық бала ағзасының қызметі мен денсаулық жағдайының даму деңгейімен анықталады. Баланың мектепке дайындығын дәрігерлер арнайы өлшемдермен белгілейді. Баланың мектепте оқуға психологиялық және физиологиялық дайындығын анықтау кезінде денсаулық жағдайы басты назарда болуы шарт. Өйткені білімді игеруге, оқуға деген қызығушылығы басым болғандығымен, денсаулығы сәйкес келмеуі мүмкін. Ондай балалар жай, қатардағы мектептерде оқығаны жөн.

Баланың жүйке жүйесінің дамуында функционалдық және органикалық түрлі ауытқулар болуы мүмкін. Оны арнайы дәрігерлер анықтайды.

Оқу жылының басындағы оқу-тәрбие процесінде балаға ерекше салмақ түседі. Жүйелі оқу жұмысы, көлемді ақпарат, орындықта ұзақ отыру, күнделікті күн тәртібінің өзгеруі, мектеп ұжымының ортасы кішкентай мектеп оқушысын ақыл-ойы жағынан да, физиологиялық жағынан да шаршатады.

Әр баланың дамуы түрліше болатынын естен шығармау керек. Олардың жасы биологиялық дамуымен сәйкес келе бермейді. Бір бала 6 жаста өзінің дене дамуы жағынан жүйелі оқуға дайын, екінші балаға 7 жаста болса да, оған мектеп бағдарламасы ауыр тиеді.

1-сыныпқа келген балалардың барлығы арнайы медициналық тексеруден өтеді. Сөйтіп оның мектепке дайындығы жөнінде шешім шығарылады.

Баланың дене, физиологиялық дамуы мен денсаулығы жөніндегі мәліметтерді медициналық қызмет дайындайды: Олар тексеру қорытындысы бойынша балаларды топтарға бөледі. Балаларды мектептегі оқуға бейімдеп, жетілдіруде психологиялық-педагогикалық диагностикаға қатысты негізгі жағдайларды белгілі бір қисынға келтіруге болады:

–мектепке жетілдіру мен оқуға бейімдеу барысы деңгейінің критериялары, оқу бағдарламасындағы оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарымен байланысты болып табылады;

–балаларды мектептегі оқуға және жағдайларға бейімдеуде, педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық іс-әрекеттері, жалпы бүтіндей педагогикалық процестерге бағытталуы қажет және адамзат қоғамының жан-жақты дамыған азаматы ретінде оқытылуы мен тәрбиеленуінің құрамды бөлігі болуы тиіс;

–мектепке жетілдірудегі педагогтар мен психологтардың психодиагностикалық әрекеттерінің ең бірінші міндеті, балалардың мектептегі оқуға бейімделу деңгейі бала бала жетілуіне түрткі болатын педагогикалық шаралар жайлы нәтижелер жасауға болатынын сынып ұжымы немесе балалар жайлы психологиялық ақпаратты алу болып табылады деп, психолог қауымы көрсеткен.

Оқуға бейімделі әрекетін талдау психологиялық диагностиканың қолданылу бөлігін анықтайды. Оның қолданылуын қажет ететін төрт негізгі мынандай мәселелерді атап көрсетуге болады [5].

1. Психологиялық-педагогикалық процестегі диагностика негізінде мектепке даярлықты қалыптастыру. Тәрбиешілер мен мұғалімдер үнемі оқу процесін бағалп, орындап және жоспарлап отыруы тиіс. Ол бүтіндей топты немесе жеке баланы мектептегі оқуға бейімдеуде, оқытудың алғышартын өткізу барысы және нәтижелері жайында ақпараттарды қажет етуі тиіс. Оқытудың индивидуалды алғышарттарын және өткізу барысын білмей, педагогикалық процесті дифференциалды ұйымдастыру мүмкін емес. Бұл сұраныс балаларды мектептегі жағдайларға жетілдіріп, оқуға бейімдігін жоғарылататын шешуі шарт.

2. Мектептегі оқуға балаларды бейімдеуде, оқытудың алғы шарттары мен дамуының индивидуалды ерекшеліктерінің диагностикасы (балаларды бағалау). Тәрбиешілер мен мұғалімдер өз уақытында өздері балалардың даму деңгейін үнемі бағалап отыруы қажет. Мысалы, белгілі бір мезгілде ол балалардың вербальды бағасын беріп отыруы керек. Психодиагностикалық әдістердің қарастырылуы мен

қолданылуы дарынды балаларға арналған арнайы мектептерге қабылдануда өте қажет. Алайда, психодиагностика кең түрде көмек бере алады, өйткені ол баланың психикалық ерекшеліктері жайлы қажет мәліметтерді бере алады. Бірақ дәл шешімнің өзін анықтай алмайды.

3. *Дамудағы артта қалудың түрлі формаларының диагностикасы және оларды түзету жұмыстары.* Дамуда артта қалудың екі негізгі түрі ерекшеленеді: жүйке жүйесінің органикалық бұзылыстары мен байланыстары және клиникалық психологиялық немесе медициналық диагностиканы, терапияны қажет ететін, негізінде дені сау балалардың дамуындағы жағымсыз сыртқы немесе ішкі міндеттермен байланысты уақытша артта қалуы және жағымсыз мінез-құлықтарды түзету жұмыстарын қолдану арқылы қалыпқа келуге көмектесу және күшейту бағыты байқалған (сауықтыру шараға қарамастан) балаға қатысты шешімге келу мақсатында диагностикалау мен артта қалу профилактикасы мақсатында дамудың жағымсыз ішкі және сыртқы жағдайларды да өз уақытында анықтай білу.

4. *Оқуға бейімделу процесінің тиімділігін диагностика негізінде салыстыру.* Оқу процесіне бейімделу, оқу бағдарламасының өту барысының орындалу нәтижелері жалпы тиісті информацияларды қажет етеді. Осындай ақпарат оқу процесімен басшылық жасайтын, педагогтарға, консультанттарға (әдіскерлерге), балабақша меңгерушілері мен мектеп директорларына қажет. Олар балалардың оқуға бейімделуін, мектептегі жағдайға баланың қалыптасуын салыстырудың стандартты тәсілдерін, жасауға тиіс, ол өте маңызды міндет, оның шешімі жолында психологтар мен оқытушылар және әдіскерлер бірге жұмыс жасау қажет.

Психодиагностикалық әдістердің көпшілігі мектепке баратын балалардың түсінігіне байланысты, психологиясы мен физикалық жағынан сау балалардың, зерттелініп отырған қасиеттер дамуының орта деңгейін сипаттайды және осындай зерттеулердің нәтижелерінен ауытқуы бар балалардың да қасиеттерінің даму деңгейі де анықталады. Егер оның индивидуальды көрсеткіштері нормадан жоғары болса, онда осы бала өзінің дамуы жағынан құрдастарынан жоғары болады, ал керісінше, егер оның индивидуальды мәліметтері нормадан төмен болса онда құрдастарынан қалыс қалады.

Сонымен бірге, балалардың оқуға бейімделуінің қабілеттілігі және мектептегі жағдайға жетілдірудің перспективалары әрбір сауалнамада дамып отырады. Балалардың бейімделу қабілеттерін жақсарту үшін қойылатын сұрақтарда, оларды дамыту шарттарына көп назар аударылады. Кейбір кездерде балаларға қолданылған психологиялық тестердің қорытындысында ең төменгі көрсеткіштерді көрсеткенімен, дұрыс дамып, тәрбиеленуінің арқасында өзінің құрдастарына тез жетеді.

Мектепке баратын балаларды зерттеу үстінде ғылыми-зерттеу жұмыстарына барлық әдістерді қолдануға болады. Бірақ кейбіреулері өте күрделі және арнайы бір құралдарды қажет ететіндері де кездеседі. Сондықтан практикада салыстырмалы жеңіл тесттерді сұрақнамаларды, бақылауды, құжаттарды талдауды және психодиагностикалық эксперименттерді қолданады. Мәселен, сыналушыға стандартты тексерілетін шарттарда арнайы психодиагностикалық есептерді шешу.

Психодиагностиканың негізгі құралы – *тесттер*. Олардың көптігіне байланысты, мынандай негізгі бөліктерге бөлінеді: индивидуальды және топтық (ұжымдық), вербальды және вербальды емес, сапалылығы мен саны, альтернативті мен градуальды, жалпылама және арнайы тесттер. Индивидуальды тесттермен, психолог, әрбір сыналушылармен бөлек жұмыс өткізеді, ал, топтық (ұжымдық) тестте бірнеше сыналушылармен бірге жүргізіледі. Вербальды тесттерде сыналушының өзінің қатысуымен талдау жасалынады, ал вербальды емес тесттерді жалпылау үшін және сөйлеуден басқа белгілерді бөліп алу үшін қолданылады. Естің сапалығы, оған ашық сипаттама береді, ал тесттің сандылығы арқылы балалардың бойындағы зерттелініп отырған қасиеттер дамуының сандық көрсеткіштері көрсетіледі. Альтернативті тесттер тек «жоқ» немесе «ия» деп жауап беруге мүмкіндік береді, градуальды тесттер шкалалар арқылы сыналушының қасиеттерінің даму деңгейін санмен көрсетеді. Жалпы тесттер, балалардың жалпылама мінез-құлқын зерттеу үшін, мәселен, жалпы интеллектісін анықтайды. Арнайы тесттер басқа балалардан өзгеше болатын ерекше қасиеттерін зерттейді [6].

Н.Сорокин және Т.Ю.Вишневецкий өз зерттеулерінде көрсеткеніндей, Керн-Йерасектің «Мектепке қалыптасуын бағдарлаушы тесті» біршама нормативті көрсеткіштерге қызмет етеді. Керн-Йерасектің «мектепке қалыптасуын бағдарлаушы тестісі» балаларды алғашқы тексеруден өткізу кезінде қолданған тиімді. Біріншіден, оны жүргізуге көп уақыт кетпейді, екіншіден, жеке балаға да, топқа да қолдануға болады, сондай-ақ арнайы нормативті құжатты, құрал-жабдықты қажет етпейді [5].

Тест үш графикалық және бір ауызша тапсырмадан тұрады.

Бірінші тапсырма – ер адамның сыртқы пішінін салу, *екіншісі* – әріптердің жазба түрін көшіріп жазу, *үшіншісі* – нүтелер тобын көшіріп жазу.

Әр тапсырманың нәтижесі бес ұпайлық жүйемен бағаланады (1-жоғары, 5-төменгі ұпай). Содан кейін үш тапсырма бойынша жиынтық баға шығарылады: 3-6 ұпайға дейін ортадан жоғары, 7-11-ге дейін орта,

12-15 ұпай нормадан төмен. 12-15 ұпай алған балаларды тереңірек зерттеу қажет. Өйткені олардың ақыл-ой дамуы төмен болуы мүмкін.

Тестіні қолдану тәртібі

Балаға немесе балалар тобына тестінің қағазы беріледі. Оның бірінші бетіне бала жөнінде мәлімет жазылады. Қалған ашық жеріне ер адамның сыртқы пішіні суреттеледі. Ал екінші бетінің жоғарғы сол жағында әріптердің жазба үлгілері, ал осы беттің төменгі сол жағында нүктелер жиынтығы берілген. Беттің оң жақ бөлігі бала жұмыс жасау үшін ашық қалдырылады.

Қарындаш зерттелушінің екі қолының арасындағы бірдей қашықтықтағы ортаға қойылады (егер бала солақай болса, ол жағы ескерілуі керек).

№1 тапсырма:

«Қандай да бір ер адамның суретін сала алғаныңша сал» деп жазылған қағазды әр балаға көрсетеді. Бұдан басқа түсініктеме, көмек, түзету жұмыстары болмайды. Егер балалардың барлығы қалай салу жөнінде сұрап жатса, онда психолог «Шамаң келгенше суретін сал» деген жауаптан танбау керек. Егер бала бірден сурет салуға кірісіп кетсе, онда балаға жақындап: «Сен суретті әдемі салып жатырсың, сала ғой», - деп, мадақтап қою керек.

Кейде балалар: «Еркектің орнына әйелдің суретін салуға бола ма?» - деп сұрай бастайды. Мұндай жағдайда барлығының да ер адамның суретін салып жатқанын, сондықтан ол сол суретті сала бастаса, оны жалғастыруын қадағалау қажет. Одан кейін жанына ер адамның суретін салуды өтінген жөн.

Суреттерді салып болған соң, қағаздарының екінші бетін аударту керек.

№2 тапсырма

Экспериментатор-мұғалім былай дейді: «Мына нүктелерге қараңдар. Жанына осындай нүктелер салып көріңдер». Ол үшін балаға жазып көрсету керек. Тапсырманы орындау кезінде олардың әрекеттеріне бақылау жасай отырып, әрқайсысының ерекшеліктерін мұғалім өзіне жазып алып отырғаны жөн. Сонымен қатар, оның қозғалысы қалай? Бір орнында отырып жасай ма, әлде айналып, қозғалып отырып жасай ма? Қарындашын жиі түсіріп алып, іздеп отыра ма? Суретті қажетті жерге салып отыр ма, әлде қалаған сызықтарын жүргізіп отыр ма? Осындай қимыл-әрекетіне көңіл бөліп, қажет жағдайларын түртіп алып отыру қажет.

№1 тапсырманың (ер адамның сырт пішінін салу) қорытындысы

1 ұпай мынадай жағдайда қойылады: Салынған суретте адамның басы, денесі мен аяқтары көрсетілуі тиіс. Басы мен денесінің үлкен болмауы керек. Адамның басында шашы, құлақтары, бетінде - көзі, мұрны, аузы болады. Қолдары бес саусақтарымен анық көрсетіледі. Аяқтары төменге созылған. Киімі – ер адамдікі.

Балаға қарындашты көтермей, суретті үзбей салу үлгісін көрсеткен жөн. Бұл синтетикалық әдіс деп аталады.

2 ұпай мынадай жағдайда қойылады: 1 ұпайдағы талаптар сияқты, тек синтетикалық әдіс қолданылмаған. Үш деталь болмай қалуы мүмкін. Мәселен, көзі, саусақтары, шашы.

3 ұпайлық жағдайда фигураның басы, денесі, аяғы бар. Қолдары немесе аяқтары екі қатар сызықпен жүргізілген. Мойын, шашы, құлақ, киім, саусақтар салынбаса да болады.

4 ұпайлық жағдайда суретте басы мен денесі ғана бар. Аяқтары бір ғана сызықпен берілген.

5 ұпайлық жағдайда денесін анық көрсетпеген, аяқтары да солай.

Мынадай графикалық сызықтарға көңіл бөлу керек:

1) дене сызбасындағы детальдар саны. Суреттегі басы, шашы, құлақтары, көздері, қарашығы, кірпіктері, қастары, мұрны, аузы, иегі, қолдары, саусақтары, аяқтары;

2) денеге киім суретін сала отырып, бояуы: бас киім, бант, галстук, белдік, түйме, түрлі әшекейлер және т.б.

Егер баланың жасы 5 жастан жоғары болса, суретте кейбір детальдарды қалдырып кетуі мүмкін. Бұл оның қарым-қатынаста қиындық туғызатын жағдайларын көрсетеді. Суреттің детальдарын толық салған сайын баланың психикалық даму деңгейі жоғары болып есептеледі.

Мынадай заңдылық бар. Баланың жасы өскен сайын салған суреттерінде детальдар толық көрсетіле түседі. Егер 6 жастағы бала адам денесінің бір деталін ұмытып кетсе, оған көңіл аудару қажет.

Дегенмен, бұл диагностикамен ғана шектелуге болмайды. Қосымша тексерулерден өткізу керек.

№3 тапсырма бойынша нүктелер тобын көшіріп жазу.

Мұнда нүктелер қатарының сәл ауытқуы қате деп есептелмейді. Үлгіні кішірейтуге болады, сол сияқты екі еседен артық үлкейтуге болмайды.

Сурет үлгідегідей болуы тиіс.

2 ұпай жағдайында нүктелердің орны мен саны үлгіге сәйкес келеді. Ауытқу үш нүктеден артық болмауы тиіс.

3 ұпай туралы шешім сурет үлгіге толық сай болып, көлемі екі еседен артық болмағанда беріледі. Нүктелердің саны үлгіге сәйкес келмеуі мүмкін, ол сәйкессіздік 20-дан артық, 7-ден кем болмағаны дұрыс.

4 ұпай сурет үлгіге ұқсамай, бірақ нүктелерден құралғанда беріледі. Мұнда үлгінің көлемі мен нүктелердің саны есепке алынбайды.

5 ұпай тек мағынасыз шимақ салғанда беріледі.

Бұл тест бала дамуының сипатын көрсететіндіктен, мектептегі алғашқы таныстық кезінде қолданған ыңғайлы. Тестінің қорытындысымен танысқаннан кейін педагог-психолог кейбір балаларды жете зерттеу үшін жеке жұмыс істеуіне болады. Егер бала үш тапсырма бойынша 3-тен 6-ға дейін ұпай жинаса, ондай баламен жеке әңгіме өткізудің қажеті жоқ, 7-9 ұпай жинаған балалардың ой-өрісінің дамуы орта деңгейде болғандықтан, олармен де жеке әңгіме өткізбей-ақ қоюға болады. Егер бала 1-тапсырмадан 2 ұпай, 2-тапсырмадан 3 ұпай, 3-тапсырмадан 4 ұпай жинап, қорытындысында 9 ұпай алса, даму деңгейінің өзіндік ерешелігі туралы нақтырақ мәлімет алу үшін мұндай баламен жеке әңгіме өткізбеген абзал. 10-15 ұпай алған балалар қосымша зерттеуді қажет етеді.

Сонымен қатар, балалардың мектептегі оқуға дайындығын төменде берілген әдістермен де анықтауға болады.

Ойлау және сөйлеу» әдісі

1.Грамматикалық конструкциядағы түсінікті табу.

Бақылаушы сөйлемді айтады. Мысалы: «Самат кітап оқып болған соң киноға барды». Сөйлемді анық және баяу оқу керек. Дұрыстап екі рет қайталап оқып, жақсы түсінгеніне сенімді болу керек. Содан кейін барып бақылаушы сұрақ қояды. «Самат бірінші не істеді – кино көруге барды ма? әлде кітап оқыды ма?».

2.Тапсырманы ауызша орындауын тексеру. Үстелде ретсіз қарындаштар жатады. Бақылаушы балаларға айтады: «Қаламсапты жинап қорапқа сал, содан кейін қорапты сөреге қой». Балалар тапсырманы орындап болған соң бақылаушы сұрақ қоя отырып сұрайды: «қазір қаламсаптар қайда жатыр? Оны сен қайдан алдың?».

Егер де балалар тапсырманы дұрыс орындай алмаса, онда сұрақтады жеңілдету керек. Бақылаушы айтады: «Қаламсапты алып, оны жәшікке сал». Содан кейін жаңағы сұрақтар қайта қойылады.

3. Балалардың зат есімді өзгерту ептілігін анықтау. Бақылаушы балаға былай дейді: «Мен саған сөзбен бір затты айтамын, ал сен сол затты көп затқа айналдырып айт». Мысалы, егер мен «кітап» деп айтсам, ал сен «кітаптар» деп айтуың қажет. Әрі қарай бақылаушы жалғыз сөз түріндегі он бір зат есімді айтады. Мысалы, *қаламсап, кітап, орындық, перде, қала, көз, құлақ, аға, апа, жалау, бала*. Егер бала сөздерді көпше түріне өзгертуде нұсқауды жеткіліксіз, анық түсінбесе (мысалы, «дәптер», «көп дәптер» және т.б. жауап берсе) онда, қайтадан дұрыс жауаптың үлгісін көрсету қажет, мысалы, «кітап», «кітаптар» және т.б.

4. Оқиганың жүйелілігін анықтап, ептілікпен тауып орнату. Балалардың алдына, өздеріне таныс оқиғалар бейнеленген төрт суретті ретсіз қояды. Мысалы: бірінші суретте бала ұйқыдан ояңды, ал екінші біреуінде – жуынды, үшіншісінде – тамақтанды, төртіншісінде – мектепке бара жатыр. Бақылаушы суреттердің орнын ауыстырып қойып, балаларға суреттерді дұрыс қоюын және неге ол бастапқыдай емес, басқаша қойылғандығын түсіндіруін өтінеді.

Қорыта келе, психологиялық диагностика әдістерінің нәтижесін талдап қорытуда, бұл әдістерден алынған нәтижелер, біздің көзқарастарымыз бойынша, ересек мектепке деңгейлердің дайындығының және дамуының дәрежесін объективті бағалап, мектептегі оқу әрекеттеріндегі әдістерді және амалдарды дұрыс таңдап, түзетсе, бұл балаға мектепке қажетті функцияларды қолдануға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Божович Л.И. Подготовка детей к школе. – М., Знание. 1987. 78 с.
- 2.Орманова З.К. Мектеп оқуына дайындау психологиясы. – А.: «Дарын», 2005. –Б.118-120.
- 3.Дубровиной И.В. Научно-методические основы использования в школьной психологической службе конкретных психодиагностических методик. – М., 1988. –С 42-45.
- 4.Кравцов Г.Г., Кравцова Е.Е. Шестилетний ребенок. Психологическая готовность к школе. – М.: «Знание», 1997. –С. 76-78.
- 5.Нижегородцева Н.В., Шадриков В.Д. Оқушының оқуға психологиялық-педагогикалық дайындығы. – М.: «ВЛАДОС», 2011. – С.48-49.
- 6.Чейти Дж. Готовность к школе: Как родители могут подготовить детей успешному обучению в школе/Пер. с англ.-М.: «Педагогика», 2009. –С. 181-183.